

мен салыстырғанда 1,5 – 2 есеге азаяды. Сәулеленуге ұшырау ықтималдығы 2,3 есеге азаяды.

Егер тесіктерді бекітсе, онда жарық сәулесінен толық қорғануға болады, соққы толқынынан қорғану 2,5-3 есеге, өткіш радиациядан қорғану 200-300 есеге артады. Тесіктер мен жарықтарды бекіту, сонымен қатар, киімге радиоактивті заттардың жұғуынан, сондай-ақ қираған ғимараттардың сынықтарынан зақымданудан қорғайды.

РҚО мен қарапайым панаханаларға жасырынғанда жеке бастың қорғаныс заттарын қолдану қажет.

Қарапайым панахана белгілі бір жағдайда панахана мен РҚО сияқты халықты қорғаныс ғимараттарымен қамсыздандыруда аралық кезең болып табылады.

Бастапқыда тесік ашық болып салынады. Тереңдігі 180-200 см, жоғарыдағы ені 110-120 см және төмендегі ені – 80 см болып қазылады.

Қуыстың ұзындығы жасырынатандардың санымен анықталады және бір адамға 50-60 см есеппен жасалады. Қуыстардың қалыпты сыйымдылығы 10-15 адам, ал үлкен қуыста -50 адам.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Инженерлік-техникалық шара қашан жүргізіледі?
2. Қауіпті өндірістік объектідегі панахананы бейбіт уақытта басқа мақсатқа (қойма, жаттығу залдары түрінде және т.б.) пайдалануға бола ма?
3. Жеке тұрған панахананың жапсарлас тұрған панаханадан айырмасы неде?
4. Қарапайым баспана қандай аймақта салынады?
5. АҚ қорғаныс құрылыстарын тексеру қандай мақсатта жүзеге асырылады?

Мамандандырылған тоқсандық басылым

**2000 жылдан бастап
шығады**

Басшы кітапханасы

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

75668 – қазақ тілінде;
75669 – орыс тілінде

Құрылтайшы:

ҚР ИМ Төтенше жағдайлар Комитеті
Азаматтық қорғау республикалық
оқу-әдістемелік орталығы

Редакциялық кеңес:

Е. Н. Мельников
Б. К. Еңсебаев
Б. О. Бұлыбаева
З. А. Ашинова
А.Ө. Нүсіпжанова

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрлігінде 10.04.2012 жылы
№ 12678-Ж тіркелінген



НӨМІРДЕ:

- ♦ Дистанциялық оқыту ережесі...2
- ♦ Республика аумағында 2019 жылдың 6 айындағы болған табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ туралы шолу ақпарат3
- ♦ Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары9
- ♦ ТЖ туындауы және туындау қауіп-қатері кезінде жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын эвакуациялауды жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсыныстар43
- ♦ Заманауи соққы беру құралдарының зақымдаушы (қиратушы) факторларының ықпалынан аумақты қорғау жөніндегі Азаматтық қорғаныс шараларының кейбір аспектілері.....61
- ♦ «Балалардың қауіпсіздігі»69
- ♦ Біздің оқырмандарымыздың пікірлері.....74
- ♦ «Азаматтық қорғау бойынша оқу құралы», 1-кітап76

ДИСТАНЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ЕРЕЖЕСІ*Азаматтық қорғау саласында оқудан өткізі келетін тұлға:*

1. www.tg-oku.kz сайтына орналастырылған:
– оқу бағдарламасымен;
– оқу материалдарымен;
– оқуға тапсырыс беру формасымен;
– оқуға арналған шарт жобасымен танысады.
2. Оқу Орталығына дистанциялық оқуға: (kursy@bk.ru, gz_center@mail.ru) электронды поштаға тапсырыс жібереді.
3. Шартта көрсетілген шартпен келіседі және Мемлекеттік сатып алу порталында шарт жасасады.
4. Пошта арқылы Оқу орталығынан Азаматтық қорғау бойынша оқу құралдарын тест сынағы сұрақтарын, сондай-ақ бақылау жұмыстарын алады.
5. Оқу бағдарламасына сәйкес, оқу материалдарын өз бетімен оқып меңгереді. Қажет болған жағдайда оқып жатқан тақырыбы бойынша электронды пошта арқылы жазбаша түрде консультация алады.
6. Бақылау жұмыстары мен тест сынағын тапсыру үшін оқу бөлімімен келісе отырып, өзіне ыңғайлы уақытта онлайн режимінде жеке тест сынағын тапсырады.
7. Азаматтық қорғау саласындағы оның дайындық дәрежесі анықталғаннан кейін Мемлекеттік үлгідегі сертификатты алады (Ескерту: дайындық дәрежесін емтихан алатын комиссия бекітілген әдістеме бойынша анықтайды, бұл жерде қорытынды тест сынағы және бақылау жұмысынан алған бағасы ескеріледі). Жасасқан шарттың шарттарына сәйкес оқуға көрсетілген қызмет ақысы төленеді.

Байланыс телефондары: 8-(705)-301-73-01,
Оқу бөлімі: 8-(727)-394-56-36
Электронды пошта: < gz_center@mail.ru >
Сайт: < www.tg-oku.kz >

жануарларын әкелуге тиым салынады. Басқа да шектеу шаралары белгіленген.

Радиациядан қорғайтын орын (РҚО) – олар адамдарды радиоактивті зақымдау (ластану) жағдайында сәулеленуден қорғауды және үсті-үстіне келіп жатқан, екі тәулікке есептелінген жасырынушыларды қабылдауды қамтамасыз ету керек. РҚО шамалы қираған жерде орналасатын болса, оларды қоршаған құрылымдар, 20кПа (0,2 кгс/см².) тең шепте болған соққы толқынының қысымына төтеп беруге есептелінген болу керек. РҚО қатты бұзылуы мүмкін аймақтан алшақ орналасқан шаруашылықпен айналысатын объектілер жұмысшылары мен қызметкерлерін, сонымен қатар санатталмаған қалалар, ауылдар мен елді мекендердің халқын көшіру кезінде белгіленген қалалар мен ауылдардың және елді мекендердің халқын қорғауға арналған.

Адамдарды жасыру үшін қолданылатын тереңдетілген үй-жайлар жетіспеген жағдайда, арнайы РҚО салынады. Олардың құрылысына қолда бар құрылыс материалдары қолданылады.

РҚО-ның сыйымдылығы тәртіпке сәйкес 10-50 адам, жекелеген жағдайларда 100, не одан да көп адам.

РҚО-ның құрамында жасырынушыларды орналастыратын орындар, дәретханалар, желдеткіштерді орналастыруға және ластанған сыртқы киімдерді сақтауға арналған үй-жайлар қарастырылады.

Панаханадағы бір жасырынушыға арналған еденнің мөлшерлі ауданы панаханадағы норма сияқты. РҚО-ға кіретін есік екіден кем болмауы керек. РҚО-ны желдету үшін жүйелі желдеткіш жабдықталады.

Сыйымдылығы 50 адамға дейінгі панахананы желдету табиғи жолмен тартып алатын тораптармен, ал сыйымдылығы 50 адамнан көп болатын болса, желдету мәжбүрлеу жүйесімен желдетіледі. Панаханаларда азық-түлікті, ұжымдық медициналық кобдиша мен құрал-саймандарды сақтайтын орындар қарастырылады.

Қарапайым панахана

Панаханалар мен РҚО жетіспегенде, сондай-ақ уақыт тапшы болып және қаражат болмаған жағдайда, барлық еңбекке жарамды жұртшылық бірігіп, қарапайым панахана – құрылыстарын (ашық және жабық) салады.

Олар халықты ядролық жарылыстың соққы толқынынан, жарық сәулесінен және өткіш радиациядан қорғайды. Шығын ашық жер-

Панаханада әрбір жасырынушы үшін қарастырылған ауыз су қоры әрбір адам үшін тәулігіне 3 литрден болып қарастырылған.

Қорғаныс ғимаратының ішіндегі ауадағы кислородтың ең аз мөлшері – 14% және одан төмен болса, адам өміріне қауіпті.

Шағын көлемді бөлмеде, ереже бойынша, панаханадағы ауаның таралуы үшін электрлі қол желдеткіші орнатылады.

Орта және үлкен көлемді панаханаларда қорғалған дизелді-электростанциясын орнату қарастырылады.

Панаханаларда, ереже бойынша, шығу есігі екіден кем болмауы керек, олардың біреуі авариялық шығу болып қолданылуы мүмкін. Панаханалардағы сыртқы есік те ішкі есік те, ауа өтпейтіндей қорғалған.

Панаханаға үй жануарларын немесе тордағы құстарды әкелуге не болмаса әкелдіруге қатаң тиым салынады.

Жылдам тұрғызылатын панаханалар (ЖТП) – қарсыластың шабуыл жасау қаупі төнгенде, 15 тәуліктен 1 айға дейінгі қысқа мерзімде, қарапайым жабдықтармен салынатын қорғаныс ғимараты.

Оның сыйымдылығы, ережеге сәйкес, 50 және 100 адам.

Бейбіт уақытта қолданылған ғимаратты қорғаныс ғимаратының режиміне ауыстыру Азаматтық қорғаныс бастығының өкімімен 12 сағаттан аспайтын уақытта іске асырылады. Жасырынушыларды қабылдауға арналған қорғаныс ғимараттарының дайын болуын, қорғаныс ғимаратында қызмет ететін топтардың (звенолардың) жеке құрамы іске асырады. Топтардың (звенолардың) жеке құрамының саны қорғаныс ғимараттарының сыйымдылығы мен қолда бар инженерлік-техникалық жабдықтарға байланысты анықталады.

«Азаматтық қорғаныстың бейбіт және соғыс уақытында қорғаныс құрылыстарын пайдалану нұсқаулығында» қорғаныс ғимараттарын дайындыққа келтіру және пайдалану мен қызмет көрсету тәртібі анықталған.

Жасырынушылар қорғаныс ғимаратында болуы кезінде өзін-өзі ұстаудың белгіленген ережелерін, ішкі тәртіпті, техника қауіпсіздігін, қорғаныс ғимаратында қызмет көрсету жөніндегі топтың (звеноның) жеке құрамының барлық өкімдерін қадағалауы тиіс. Жасырынушыларға қорғаныс ғимаратына өзімен бірге үй



**РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫНДА 2019
ЖЫЛДЫҢ 6 АЙЫНДАҒЫ БОЛҒАН ТАБИҒИ
ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР
ТУРАЛЫ ШОЛУ АҚПАРАТ**

Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметі пультына халықтан **3 363 110** қоңырау келіп түсті. Ал «101» пультіне **1 355 635** қоңырау шалынды.

Табиғи және техногенді сипаттағы **6 810** (-1,3%) төтенше жағдай тіркелді, онда **1 437** адам (+4,7%) зардап шекті, соның ішінде **331** адам (-10,3%) қаза болды. Материалдық шығын **1 218,2** млн. теңгені (+19,1%) құрады.

Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдай жалпы ТЖ-ның 5,8%-ын құрады, ағымдағы жылдың алты айы ішінде **316** оқиға тіркелді (17%-ға артқан), **250** адам зардап шеккен (30%-ға азайған), соның ішінде 1 адам қаза болған (66,7%-ға азайған).

Өрт сөндіру қызметі жедел-құтқарушылармен және ТЖ-ның басқа да бөлімшелерімен бірге **33 665** рет дабылдарға шығып, **6 036** адамды құтқарды, ТЖ аймағынан **11 352** адамды эвакуациялады, **1 973** зардап шегушіге алғашқы медициналық көмек көрсетілді.



Бөлімшелер тұрғысынан:

• **Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі** дабыл бойынша 25 809 шақыртуға барды, оның ішінде: 6041- өрт, 2 494- авариялық-құтқару жұмыстары, 16277- өрт ретінде есепке алынбайтын жану, 83 - көрінеу жалған шақырту, расталмаған жану фактілері – 914.

• **«Апаттық медицина орталығы» ММ**

Жедел әрекет ету бригадасы 2 276 рет шұғыл шықты, соның ішінде ЖКО - 534 рет, өртке 735 рет, басқа да шақырылуларға – 1007 рет шықты (жалған шақырулар, жарылыс құрылғылары, шараларды медициналық қамтамасыз ету, үйренулер) зардап шеккен 1787 адамға шұғыл дәрігерлік көмек көрсетілді, (оның 164-і бала), ТЖ аймағынан 877 адам көшірілді (оның 109-ы бала).

Соның ішінде трасса медициналық-құтқару пункттері – 660 дабылға шықты, соның ішінде ЖКО – 460, зардап шеккен 1329 адамға шұғыл дәрігерлік көмек көрсетілді, (оның 114-і бала), емдеу мекемелеріне – 524 адам жатқызылды (оның 61 бала), ТЖ аймағынан 749 адам көшірілді (оның 91-і бала).

Халықтың өздігінен хабарласуы – 735 адам, соның ішінде 47 бала).

● **«Өртсөндіруші» АҚ** (өкіметтің белгілеген объектілеріндегі өртті сөндіру)

АҚ бөлімшелері 290 шақыруға шықты, соның ішінде: 125 өртті өшіруге, оның 20-ы күзетілетін объектілердегі, 20 АҚЖ жүргізу, 145 дабыл өртенген жерді өшіру, оның 27-сі күзетілетін объектілердегі өрттер.



● **«Қазавиақұтқару» АҚ**

Барлығы дабылға 831 рет ұшты. ТЖК желісі бойынша – 276 рет ұшты, әуе кемелерінің барлық ұшу уақыты 641 сағат 57 минутті құрады (іздігіру-құтқару жұмыстары, өртті сөндіруге қатысу, үйренулер мен жаттығуларға қатысу, жеке

құрамдарды тасымалдау, аэрошолу тергеулерін жүргізу және т.б.).

Санитарлық авиация желісі бойынша – 250 рет дабылға ұшты нәтижесінде 222 пациент тасымалданды, 26 консультация өткізілді және 17 шұғыл операция жасалынды.

● **«Қазселденқорғау» ММ**

Қызмет таудың және тау бөктеріндегі аумақтардың мониторингі үшін 57 жыл бойғы, 31 мерзімдік және 1 қосымша қадағалау бекеті пайдаланылады.

30 диспетчерлік бекет тәулік бойғы режим бойынша жұмыс істейді және мәліметтерді басты диспетчерлік бекеттерге беріп отырады (Алматы қ.). Ақпарат мерзім бойынша желілік маршруттармен толықтырылады (24 қар өлшеу маршруттары, 4 маршрут су объектілері бойынша).

● **Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша:**

Өрт қауіпсіздігі саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру аясында, 21 041 тексеру жүргізілді (+7%-ы, 2018 ж. – 19624), қорытындысы бойынша 79 369 өрт қауіпсіздігі талаптары бұзылған (+30%-ы, 2018ж. – 60820).

Бұзушылыққа жол бергендері үшін 12 709 заңды және жеке

Негізгі бөлмелерге:

- жасырынушыларға арналған бөлмелер;
- басқару пункттері;
- санитарлық орын (медпункт) жатады.

Қосалқы бөлмелерге:

- сүзгіжелдеткіш бөлмелер;
- санитарлық тораптар;
- қорғалған дизэлектрстанциялары;
- электрщиттері;
- азық-түлікті сақтауға арналған бөлме;
- айдау станциясы;
- балондық;
- тамбур-шлюз;
- тамбурлар.

Бір жасырынушы үшін негізгі бөлме едені алаңының нормасы екі қабатты нар кезінде 0,5м² және үш қабатты нар кезінде 0,4м² болуы керек. Бөлменің көлемі бір жасырынушыға – 1,5 текше/м.

Бөлменің биіктігі 2,15 – тен 3,5 м дейін болуы керек.

Есептелген жатуға арналған орынның саны: жатуға арналған орын нар екі қабатты болып орналасқанда, панаханада жалпы орынның 20%-ды, ал үш қабатты болып орналасқан кезде 30%-ды құруы тиіс.

Сүзгіш-желдеткіш жүйесі тәртіп бойынша 2 режимнен тұрады:

- таза желдеткіш – ауа радиоактивті шаңнан тазарады;
- сүзгіш-желдеткіш – ауа сүзгіде тазарады, сонымен қатар, улайтын және бактериалы заттардан тазартады.

Бір жасырынушыға шаққандағы ауа көлемі:

- таза желдету режимі бойынша – 13 шаршы м/сағ. дейін;
- сүзгіш-желдеткіш режимі бойынша – 3 шаршы м/сағ. дейін.

Қажетті ауа қоршаған ортаның температурасына байланысты және панаханаларды салған кезде ескеріледі.

Панаханалардағы санитарлық тораптар – екіден кем болмауы тиіс, бірі ер адамдарға, екіншісі әйел адамдарға деп бөлінеді.

Панаханалардағы жылыту панахананың іші паналаушыларға толғаннан кейін тоқтатылады.

Ғимараттың ішіндегі ең жоғарғы температура +34°С және одан жоғары болса (адам өміріне қауіпті).

- панахана;
- радиациядан қорғайтын орындар (РҚО);
- қарапайым жасырыну орындары.

2. Мақсатына қарай:

- халықты қорғауға арналған;
- басқару органдарын орналастыруға арналған (басқару пункттері).

3. Орналасуына қарай:

- жапсарлас салынған;
- жеке салынған.

4. Құрылыс мерзімі бойынша:

- бейбіт уақытта алдын ала салынған;
- жылдам тұрғызылған (шабуыл қауіпі болғанда тұрғызылады).

Панахана ядролық жарылыстың зақымдану факторларынан тікелей түсуін есепке алмай, бактериалы (биологиялық) құралдар (БҚ), улағыш заттардан (УЗ), сондай-ақ қажет болғанда қатты әсер ететін улағыш заттардан (ҚӘУЗ), ядролық энергоқондырғының бұзылуынан болған радиобелсенді заттардан, жоғары температурамен өрт шыққанда жанатын заттардың ықпалынан қорғауды қамтамасыз етеді.

Барлық панаханаларда жасырынатындарды ядролық жарылыс соққысы толқынының майданында артық қысымның ықпалынан – 100кПа(1кгс/кв.см) қорғауы және 1000-ға тең иондаушы сәулеленудің радиациялық дозасын әлсірету дәрежесі болуы тиіс.

Панаханадағы тіршілік жүйесі жасырынатындардың есептік санының

үздіксіз келіп- кетуін екі тәулік бойы қамсыздандыруы тиіс.

Панахана сыйымдылығы бойынша мыналарға бөлінеді:

- шағын сыйымдылығы – 300 адамға дейін;
- орташа сыйымдылығы – 300-600 адам;
- кең сыйымдылығы – 600 –ден астам.

Панаханаларда негізгі және қосалқы бөлмелер бар.



тұлғалар әкімшілік жауапқа тартылды (-12%-ы, 2018 ж. – 14452), салынған айыппұлдың сомасы 116 млн. 971 мың теңгеден артықты құрады (-19%-ы, 2018 ж. – 144 млн. 218 мың теңге).

Кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің ТЖ-ға уақтылы ден қоюы және алдын ала қабылданған алдын алу шараларының арқасында 2018 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда оқиға саны 2,7%-ға (153 оқиғаға), зардап шеккендердің саны 0,9%-ға (11 адамға), қаза болғандар 9,6% (33 адамға) азайғаны, материалдық нұқсан 29,1%-ға (212 млн.теңгеге) көбейгені байқалады.

ТЖ алдын алу саласындағы жұмыстар туралы:

Өрт қауіпі бар кезеңдер:

Табиғи өрттердің шығуына жол бермеу және оның туындауын азайту мақсатында орталық және жергілікті атқару органдары кешенді алдын алу шаралары жүргізіледі.

Өрт шығатын негізгі объектілерге жататындар: тұрғын үй секторы -64,5%, көлік құралдары - 18,6%, басқа да ашық аумақтар - 4,7%, сауда кәсіпорындары - 3,1%, өндірістік ұйғарылымдардағы ғимараттар мен құрылыстар - 1,7%, әкімшілік-қоғамдық ғимараттар - 1,6%, орман - 2,5%.

Өрт шығудың кең тараған түріне жататындар: отты абайламай пайдалану – 37,2%, электр жабдықтарын жөндеу мен техникалық эксплуатациялау ережесінің бұзылуы – 29,8%, пешті жасап орнату және эксплуатациялау ережесінің бұзылуы – 16,1%, өрт қою - 6,4%, тұрмыстық



электр аспаптарын эксплуатациялау кезінде өрт қауіпсіздігі ережесінің бұзылуы – 3,9%, балалардың отпен ойнауы - 1,8%.

Зілзала тәуекелдерін азайту және өрт кезеңінде еліміздің аумағындағы орман және дала өрттерін жою мақсатында 2019 жылы ведомствоаралық жоспар бекітілген

(ІД және АШМ біріккен бұйрықтары).

Күштер мен құралдардың өңірлік топтамалары анықталды, олардың саны бүгінгі таңда 33 мың адамды құрайды (ІМ – 5024 адам, АІМ – 3526, ҚМ – 233, ІІДМ – 1554, әкімдіктер – 23358) және 6 мың техника бірлігі, соның ішінде 633 автоцистерналар, 10 тікұшақ су құйылатын құрылғысымен, 46 өрт поездары, 700 өрт мотопомпасы бар.

Ормандар мен далалардың өрт шығу ошақтарын дер кезінде анықтау мақсатында авиациялық патрульдер жұмыс істейді (АІМ және әкімшіліктер, соның ішінде Қазақстан тікұшақтарында).

Орманды дала массивтері мен демалыс орындарында 2883



бірлескен рейділер жүргізілді (бұл үшін 2 708 адам санымен 447 мобильді топтар құрылды), рұқсат етілмеген өртеулер үшін, ауыл шаруашылығы алқаптарында құрғақ шөптердің бақыланбайтын құлауы үшін, әкімшілік жауапкершілікке 526 тұлға тартылды (2,5 млн. теңгеден артық сомаға айыппұл салынды).

ТЖК бөлімшелері аталған тақырыптар бойынша БАҚ-нан 3 мың сөз сөйледі (ТВ – 275, радио – 2258, баспасөз – 749), 4 170 нұсқама (қамтыды – 29636), 1 502 жиналыс (қамтыды – 17528), 231 үйрену-жаттығу (жергілікті масштабта).

Өзара әрекеттестік мәселелерін әзірлеу үшін шекараға жақын аймақтарда Ресей ТЖМ-мен бөлімшелерімен бірлескен 6 тактикалық үйрену-жаттығуын белгілі бір өңірлерде өткізу жоспарланған (Челябинск, Омбы, Орынбор, Волгоград, Түмен, Қорған облыстары мен Алтай өлкесі, Ақтөбенің, Шығыс Қазақстанның, Батыс Қазақстанның, Солтүстік Қазақстанның, Қостанай және Павлодар облыстары шекаралары).

3 422 елді мекенге (3 729 талап етілгеннен немесе 91%), құраған өсімдіктер мен жылдам тұтанатын қоқыстарға тазарту жүргізілді, 13 919 км минералды жолақтар (22823 талап етілгеннен немесе 60%).

Өрт шығу қауіпі бар кезеңдерге елді мекендердің дайын болмағандығы үшін жергілікті атқару органдарына 188 ескерту жасалды.

Орман-дала өрттерінің алдын алу және өшіру мәселелері осы жылғы 16 мамырда Ведомствоаралық комиссия жиналыстарында қарастырылды.

тыныс алу органдарын радиоактивті шаңдардан және бактериалық аэрозолдардан қорғау үшін қолданылады. Уландырғыш заттардан қорғануға тыныс алу органдарын қорғайтын қарапайым құралдар жарамайды, мұндай жағдайларда арнайы сүзгілік және оқшаулағыш газқағарлар, респираторлар пайдаланылады.

Жеке басын қорғау заттарын қолдану – халықты қорғаудағы басты шаралардың бірі.

Халықты қорғау республикамыздағы АҚ-ның басты міндеттерінің бірі болып табылады, себебі адамдар – ең жоғарғы құндылық болып табылады, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – бейбіт және соғыс уақытындағы ТЖ-ның алдын-алу мен әрекеттер бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жүйесінің барлық шараларының басты мақсаты.

Инженерлік қорғау: «АҚ инженерлік-техникалық шараларын ұстап тұру және көлемі» 24.10.2014ж. № 732 бұйрығы

Халықты инженерлік қорғау бойынша шаралар келесідей болып жоспарлануы және жүзеге асырылуы тиіс:

- бүкіл республика аумағында алдын ала;

- экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларының кешенінде жоспарланады және жүзеге асырылады; дифференциялау (панаканалар АҚ бойынша топтарға жататын қалалар мен аса маңызды объектілерде, радиациядан қорғайтын орындар қаланың сыртындағы (қауіпсіз) аймақта салынады) жүргізілуі тиіс; халық қорғаныс ғимаратын дұрыс пайдалануға дағдылануы қажет;

- халыққа хабарлау жүйесі ТЖ туындау қауіпі мен туындауы кезінде АҚ дабылдары мен ақпараттарды беруге тұрақты даярлықта болуы тиіс.

Қорғаныс ғимараттары – бұл инженерлік ғимарат, ол халықтың радиоактивтік, химиялық, бактериалы және жарылғыш заттардан зақымдануын барынша азайтуға арналған.

Қорғаныс ғимараттарын топтастыру:

1. Қорғаушы белгісіне қарай:



Халықты бейбіт уақыттағы ТЖ-дан және қазіргі заманғы заманауи соққы беру құралдарынан қорғау, үш негізгі қорғау тәсілі кіретін, кешенді шараларды өткізумен іске асырылады:

- қорғаныс ғимаратына адамдарды жасыру;
- тұрғындарды көшіру және орналастыру;
- халықты жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету.

Адамдарды қорғаныс ғимаратына жасыру халықты соғыс кезінде заманауи соққы беру құралдарынан қорғаудың негізгі тәсілі болып табылады. Қорғаныс ғимараттары – бұл панаханалар, радиацияға қарсы жасырыну (РҚО) және қарапайым панаханалар.

Қорғаныс ғимараттарына жасыру жолымен халықты қорғауды қамтамасыз етудің ең маңызды шарттарының бірі, панаханалар мен РҚО-ны тұрақты дайындықта ұстау, сондай-ақ АҚ дабылы болғанда халықты оларға тезірек кіруге үйрету.

Сонымен қатар, ТЖ туындағанда панаханалар мен РҚО басқару пункті ретінде қолданылады.

Халықты көшіру, әсіресе бейбіт уақытта болған ТЖ-ға, сондай-ақ соғыс уақытында қала тұрғындарын осы заманғы соққы беру құралдарынан қорғауға тән.



Халықты жеке басын қорғау үшін қолданылатын құралдармен қамтамасыз ету.

Жеке қорғаныс құралдары, радиоактивтік, улағыш, қатты әсер ететін улы заттармен және бактериялы құралдардың организмнің ішіне, теріге және киімге түсуінен, жұғуынан қорғауға арналған. Көмір негізінде алғашқы сүзгілік газқағарды ойлап тапқан орыс академигі Д.Н.Зелинский.

Олар келесілерге бөлінеді:

- дем алу органдарын қорғау тәсілдері (ауаны сүзетін және ауаны кіргізбейтін газқағарлар, респираторлар, шаңнан қорғайтын мата маскасы, (АКШ -1) және мақта-дәке таңғышы);
- теріні қорғау тәсілі (арнайы оқшаулап қорғайтын киім, тұрғындарды қорғайтын сүзгі және бейімделген киімі).

Тыныс алу органдарын қорғайтын қарапайым құралға мақта-дәкі таңғышы және шаңға қарсы мата маскалары (АКШ -1) жатады. Олар

Су айдындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Судағы адамдардың өмірін қамтамасыз ету мақсатында, ТЖК жергілікті атқару органдарымен және ЖП бірігіп ұйымдастырушылық және тәжірибелік шаралар кешенін өткізеді.

Суға түсу маусымына дайындалу аясында суға түсу және дем алу үшін пайдаланатын 1 мыңнан артық су айдындарына (1574) түгендеу жұмыстары жүргізілді.

965 акваториялар нақты иелеріне бекітіліп берілді.

Ел бойынша (1 шілдеге) суға түсу мен дем алуға 607 ресми орын белгіленді (107 коммуналдық және 500 жеке жағажайлар).

ТЖК бөлімшелері 27 коммуналдық жағажай акваториясын бақылауға алды, сондай-ақ 53 ұтқыр құтқару бекеттерін (1 жүзетін құралдарға 2-3 құтқарушыдан) қою жолымен, 113 қауіпті (зілзала жағалаулары) су айдындары бөлімшелері бақылауға алынды.

Қоғамдық құтқарушы жасақтар есебінен жеке жағажайларға кезекшілік үшін ТЖК бөлімшелерінде арнайы дайындықтан өткен 277 объектілі құтқарушы бекеттер (813 құтқарушы) құрылды.



Сонымен қатар, ресми дем алу орындарын толық қамту үшін суда тағы да 303 объектілі бекеттер құрылуы қажет.

2018 жылы 374 объектілі құтқару бекеттері (1444 қоғамдық құтқарушылар) құрылды.

Суға түсуге тиым салыныатын 3 мың орын анықталды, ол жерлерге қайтыс болған адамдар туралы деректерді, олардың себептерін және оқиғаның орын алуына себепші болатын жағдайлар көрсетілген 3 304 ескерту белгілері және 896 көрнекі қабырға тақталар орнатылды.

Ағымдағы жылдың 1 мамыры мен 30 маусымы аралығында патрульдеудің 5935 рейділері жүргізілді, әкімшілік жауапкершілікке 580 адам тартылды, ӘҚ Код. 440 бабы бойынша «қоғамдық орындарда болу ережесін бұзғандығы» үшін 3 303 845 теңге сомасында айыппұл салынды.

Құтқарушылар 58 жағажай акваторияларының түбін тексерді

(барлығы 113) балалар лагерлерінің (жүзу құралдары бар ұйымдар 48 лагерді тексеріп шықты, ағымдағы жылдың 28 маусымындағы жағдайда - 7 лагерь тексерілмей қалып отыр), 164 ақпараттық тақтайшалар қойылды, лагерлердің 358 әдіскерлерімен және инструкторларымен тексерулер жүргізілді.

Сонымен қатар, қолданылып отырған шараларға қарамастан суға түсу маусымының, басында еліміздің су айдындарында 74 адам суға батты (2018ж. – 60 адам), олардың 30-ы бала (2018ж. – 25 бала).

Адамдардың қайтыс болуының негізгі себептері суға түсу кезінде өз күштерін бағалай алмауы 51 адам (олардың 20-ы бала, балаларды ересектердің қарауынсыз қалдыру 9 (балалар су айдындарына, арықтарға, каналдарға құлауы нәтижесінде қаза болды), 13 адам мас күйінде суға түсуі кезінде батып кетті және 1 адам жүзе білмегендіктен суға кетті.

Жыл басынан бастып су айдындарында 152 адам қаза болды (2018ж. – 84 адам) олардың 61 бала (2018ж. – 34).

Судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ТЖК ерекше бақылауында болады.

Сел қауіпі бар кезең

Республика аумағында 695 сел жүру қауіпі бар орын бар, онда 11 мыңнан астам объектілер және 60 мыңнан артық тұрғындар әсер ету аймағына түседі.

«Қазселденқорғау» ММ «2019 жылғы сел қауіпті кезеңге дайындық жасау және өткізу» туралы бұйрығы бекітілген (30.04.2019ж. № 180) және Іле Алатауының таулы аудандарында топырақ сырғымасы қауіпі, сел қауіпі бар аймақтарына аэрошолу Жоспарын жүргізуді тексеру.

2019 жылдың 1-ші жартыжылдығында ТЖК бөлімшелері жергілікті атқару органдарымен бірігіп су айдындары мен өзендерге 11 аэрошолу және 600 жер үсті тексерулерін өткізді.

Өзендердің қауіпті арналары бөлімдерінде және автожолдарға 100 ақпараттық щиттер және сақтандыру белгілері қойылды.

паналар, азаматтық қорғаныс мүліктерін сақтауға арналған қоймалық ғимараттар.

Азаматтық қорғаныс мүліктеріне жататындар: жеке қорғаныс құралдары, радиациялық аспаптар, химиялық барлау және дозиметриялық барлау, жеке дәрігерлік қорғау құралдары, хабарландыру және байланыс құралдары мен басқа да материалдық-техникалық құралдар.

Азаматтық қорғаудың басқару органдарында азаматтық қорғаныс шараларын қамтамасыз ету үшін азаматтық қорғаныстың запастағы мүлкі құрылады.

Азаматтық қорғаныстың мемлекеттік меншік болып табылатын және азаматтық қорғаныс шараларын қамтамасыз етуге және мобилизациялық тапсырмаларды орындауға арналған объектілері мен мүліктерін алуға болмайды.

Азаматтық қорғау күштері мен құралдарын жедел басқару үшін запастағы (қалалық, қаладан тыс) қосалқы және жылжымалы басқару пункттері құрылады.

Мемлекеттік органдардың азаматтық қорғанысының қорғану құрылыстары бюджеттік қаражат есебінен ұсталынады.

Азаматтық қорғаныстың жұмылдыру тапсырысына ие, азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жататын, ұйымдардың аумақтарына орналасқан қорғану құрылыстары ұйымдардың қаражаты есебінен ұсталынады. Азаматтық қорғаныстың қорғану құрылыстары орасан үлкен жұмыс істеу ауысымына есептелуі тиіс және азаматтық қорғау мақсатында пайдаланылады.

Азаматтық қорғаныстың мүлкі және объектілері бар заңды тұлғалар жойылған немесе қайта құрылған жағдайларда, азаматтық қорғаныстың мүлкін және объектілерін дайындықта ұстап тұру және мақсатқа пайдалану, олар құрылған және жиналған ғимараттар азаматтық қорғаныстың мүлкі мен объектілерінің жаңа иесіне өтеді.

Бейбіт және соғыс уақытында біздің республикамызда іске асырылатын төтенше жағдайдың ең маңыздысы халықты қорғауды қамтамасыз ету шаралары болып табылады.



8. ЖКП, ОП, ТП-ны орналастырып, көшіру көлігін дайындау, көшіру шараларын жүргізу үшін есепті анықтау.

9. Халықты көшіруді, малды айдауды және шекара маңындағы аумақтан барлық материалдық құндылықтарды көшіруді жүзеге асыру.

10. Қолданып жүрген және мұрағаттағы құжаттарды алып шығу.

11. Ірі су қоймаларынан суды төгу жұмыстарын жүргізу (ҚР Үкметінің өкімі бойынша).

12. Ауылдық жерде медициналық мекемені және қауіпсіз аймақтарға төсек-орын желісін орналастыру.

13. Азаматтық қорғаныс жөнінде топтарға жататын қалалардан медициналық мекемелерді көшіруге дайындау.



БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Қазақстан Республикасы аумағындағы немесе оның жекелеген жерлеріндегі Азаматтық қорғаныс шараларын жүргізуді кім және қандай басшы құжат негізінде бастайды?

2. Азаматтық қорғауды бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауыстыру тәртібін қандай орган анықтайды?

3. Азаматтық қорғаныстың дайындық дәрежесінің белгіленген шараларын орындау үшін Азаматтық қорғау жүйесін бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауыстыру негізін ескере отырып жүзеге асырылады?

4. Азаматтық қорғаныстың қанша дайындық дәрежесі белгіленген?

5. Азаматтық қорғаныстың жоғары дайындығы немен қамтамасыз етіледі?

Тақырып: ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА ХАЛЫҚТЫ ҚОРҒАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ ТӘСІЛДЕРІ. ИНЖЕНЕРЛІК ҚОРҒАУ

ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сәйкес, азаматтық қорғаныс объектісіне жататындар: басқару пункттері, жаңадан тұрған және іштен салынған панаханалар, радиацияға қарсы бас-

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің «Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 190 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 9 сәуірдегі № 283 бұйрығы.

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімдемесінде №10716 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 21 сәуірде жарияланған) өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.Р. Беккер) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына мемлекеттік және орыс тілдерінде оның баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін бір данада жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Ю.В. Ильинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Министр
полиция генерал-полковнигі**

Қ. Қасымов

Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 6 наурыздағы
№ 190 бұйрығымен бекітілген
(Жаңа редакциясы)

Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 №283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және азаматтық қорғаудың аумақтық-салалық қағидаттарына сәйкес азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

2. Азаматтық қорғанысты жүргізуге дайындық «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабында айқындалған азаматтық қорғаныс іс-шараларын алдын ала орындау болып табылады.

3. Қазақстан Республикасында азаматтық қорғаныс жөніндегі іс-шаралар мына деңгейлер бойынша:

республикалық – еліміздің барлық аумағында;
аумақтық – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде;
объектілік – азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдарда ұйымдастырылады және жүргізіледі.

Салалық кіші жүйсінде азаматтық қорғаныс жөніндегі іс-шаралар тиісті орталық атқарушы органдарымен ұйымдастырылады және өткізіледі.

4. Азаматтық қорғаныс іс-шараларының ұйымдастырылуына және жүргізілуіне әдістемелік басшылық ету азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосына (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомствосы) жүктеледі.

5. Облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қалалардың орталық және жергілікті атқарушы органдары жыл

18. Азаматтық қорғаныс бойынша санатталған қалалардан қауіпсіз аймақтарға медициналық мүлік, азық-түлік, өнеркәсіп тауарларын, ЖММ, өте сирек құндылықтарды дайындап, алып шығу.

19. Қауіпсіз аймақтарға көшіру шаралары мен топтарды құру үшін қорғаныс ісі бойынша қауіпсіз аймақтарда көлік пен коммуникацияны қолдану тәртібін анықтау.

20. Маңызды объектілер мен қоғамдық тәртіпті қорғауды күшейту.

21. Азаматтық қорғаныстың арнайы бағдарламасы бойынша халықты жедел дайындау.

22. Кәсіпорындар мен құрылыс индустриясында және зауыттарда құрылымдарды және панаханаларға арналған жабдыртарды шығару жөнінде дайындық шараларын жүргізуді жүзеге асыру.



«Азаматтық қорғаныстың жалпы дайындығы»

Азаматтық қорғаныстың «Жалпы» дайындығы енгізілгеннен кейін және соғыс уақытына арналған Азаматтық қорғаныс жоспарын енгізу туралы өкім алғаннан кейін мынандай шаралар қолданылады.

1. Тұрақты орналастыру орындан азаматтық қорғау құрылымдарын дайындыққа келтіру.

2. Жеткіліксіз (НРС толық жабылғанға дейін) ҚИ (күшті қираулар болуы ықтимал аймақтарда қарапайым жабдықталған панаханаларды), сонымен қатар жедел тұрғызылатын РҚО-ны басқа аймақта салу.

3. Барлық тұрғындарға ЖҚҚ тарату.

4. Барлық жерде қарапайым панаханаларды салу.

5. Шаруашылықпен айналысатын объектілерді, елді мекендерді, қалаларды жарықпен бүркемелеуді қамтамасыз ету шараларын жүргізу.

6. Шаруашылықпен айналысатын объектілерде қалыпты жұмыс жүргізу, қордағы материалдық заттарды, сумен жабдықтау көздерін, ауыл шаруашылық жануарлары мен өсімдіктерді қорғау бойынша толық көлемде шаралар жүргізу.

7. Техниканы және мүлікті, сонымен қатар қордағы материалдық заттарды қауіпсіз аймақтарға жеткізуді іске асыру.

астында жасалған үй-жайларды дайындап, панаханаларда қызмет көрсететін топтардың тәулік бойы күзет жүргізуін ұйымдастыру.

4. Тұрақты орналасу орындарындағы барлық құрылымдарды (өнеркәсіптің жұмысын тоқтатпастан) дайындыққа келтіру.

5. Панаханаларға азық-түлік пен медициналық дәрі-дәрмектерді алын ала жеткізу.

6. АҚ топтарына жататын қалаларда ЖҚҚ мен РХБ құралдарын тарату.

7. Халықтың арасында иммунизациялар жүргізу.

8. Шаруашылықпен айналысатын объектілерде қалыпты қызмет ету мен авариясыз тоқтату жөнінде «Баршаңыздың назарыңызға!» дабылы бойынша шұғыл шараларды жүргізу.

9. Санатталған қалалар мен шаруашылықпен айналысатын объектілерде 33 мен өртке қауіпті заттардың қорын төмендету.

10. Шаруашылықпен айналысатын объектілерде өртке қарсы шараларды жүргізу.

11. Қауіпті аймақта орналасқан халыққа және АЭС, радиациялық-химиялық объектілердің персоналдарына медициналық қорғаныс және ДҚ-ны (дозиметриялық бақылау) құралдарын таратып беру.

12. РХБ күзет орындарын, ЭСЖ мекемелерін тәулік бойы жұмыс істеу режиміне ауыстыру.

13. Радиациялық әуе барлау ұшақтарын (тікұшақ) дайындыққа келтіру.

14. Соғыс уақытында жұмысын жалғастыра беретін шаруашылықпен айналысатын объектілерде медициналық пункттерді орналастыру.

15. Қауіпсіз аймаққа медициналық базаларды орналастыруды дайындау.

16. Резервтен медициналық мүлікті қауіпсіз аймақтағы емдеу мекемелеріне тарату.

17. Өнеркәсіптен қабылданатын медициналық мүлік пен медтехниканы қауіпсіз аймаққа жеткізу.



сайын тиісті жылғы 10 - 20 қараша аралығында уәкілетті органның ведомствосына ағымдағы жылғы азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуы туралы есептерді (бұдан әрі – есеп) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардың, қаладағы аудандардың жергілікті атқарушы органдары, облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қалалардың азаматтық қорғау қызметтері, орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелері жыл сайын тиісті жылғы 1 - 10 қараша аралығында уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне есептерді осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-1. Облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардың, қалалардың, қаладағы аудандардың азаматтық қорғау қызметтері, азаматтық қорғаныс санаттарына жатқызылатын ұйымдар жыл сайын тиісті жылғы 1 - 10 қараша аралығында уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшелерінің аудандық және қалалық Төтенше жағдайлар басқармалары (бөлімдері) есептерді осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.

Ескерту. Қағида 6-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2017 № 209 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрықтарымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-тарау. Азаматтық қорғанысқа басшылық ету және басқару

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Азаматтық қорғанысқа басшылық етуді Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі – Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс бастығы жүзеге асырады.

8. Лауазымы бойынша уәкілетті органның басшысы Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғанысы бастығының орынбасары болып табылады және бейбіт уақытта азаматтық қорғанысты басқарады.

9. Орталық атқарушы органдарда және ұйымдарда азаматтық қорғанысқа басшылық етуді лауазымы бойынша азаматтық қорғаныстың тиісті бастықтары болып табылатын, олардың бірінші басшылары жүзеге асырады.

10. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктерінде азаматтық қорғанысқа басшылық етуді лауазымы бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерінің азаматтық қорғаныс бастықтары болып табылатын әкімдер жүзеге асырады.

11. Уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшелерінің басшылары лауазымы бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктерінің тиісті азаматтық қорғаныс бастықтарының орынбасарлары болып табылады.

12. Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуын қамтамасыз ету мыналарға:

1) уәкілетті органның ведомствосына және оның аумақтық бөлімшелеріне;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орталық және жергілікті атқарушы органдарында азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелерге;

3) тікелей бірінші басшыға бағынатын азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдардағы азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелерге немесе жекелеген жұмыскерлерге жүктеледі.

13. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдар азаматтық қорғанысты ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі бөлімшелердің (қызметкерлердің) жасақталуын (тағайындалуын) жүзеге асырады, олардың функционалдық міндеттері мен штаттық кестесін әзірлейді және бекітеді.

Алғашқы кезектегі шаралар**1-топ (АҚШ – 1)**

1. Басшы құрамды жинау, жағдайды түсіндіру, тапсырмалар беру.

2. Басшы құрамға үзіліссіз орналастыру пунктерінде тәулік бойы кезекшілік жүргізуді енгізу.

3. Хабарландыру мен байланыстың дайындығын тексеру.

4. Соғыс уақытындағы азаматтық қорғау жоспарын анықтау.

5. Соғыс уақытында да жұмысын тоқтатпаған шаруашылықпен айналысатын объектілерде ҚИ-ді дайындыққа келтіру.

6. Ағымдағы жылдың жоспарына сәйкес, салынып жатқан ҚИ-ді жеделдетіп пайдалануға беру.

7. АҚ бойынша топтарға жататын қалалардағы шаруашылықпен айналысатын объектілерде ҚӘУЗ-дің қорын ең төменгі мөлшерге дейін түсіру.

8. Шаруашылықпен айналысатын объектілерде 33 және өртке қауіпті заттардың қорын азайтуға дайындық.

9. ЖҚҚ-ны (газқағар-ларды, респираторларды, АИ-2, ЖХҚП, ТМП), РХБ құралдарын (НЗ қоймасынан алып шығу) беруге дайындық.

10. Мал шаруашылық үй-жайларын дайындау, жем және су қорының бетін жабу.

11. Өртке қарсы қорғану және жарықпен бүркемелеу режимін енгізу бойынша дайындық шараларын өткізу.

12. Жол-көпір құрылыстарының, байланыс кәсіпорындарының, гидротехникалық құрылыстар мен басқа да маңызды нысандардың күзетін күшейту.

13. ХДЛ-ды, АҚ штабтарын дайындыққа келтіруді іске асырады.

«Алғашқы кезектегі шаралар**2-топ (АҚШ – 2)»**

1. Объектінің басқарушы құрамын тәулік бойы жұмыс істеу режиміне ауыстыру (кезекпен).

2. Басқару жүйесін, байланыс және ҚА-ға шұғыл топты жіберуді дайындыққа келтіру.

3. РҚО-ға келтіріп қоймай тұрып, жертөлелер мен басқа да жер

Азаматтық қорғаныстың жоғарғы дайындығы:

- штабтар мен құрылымдарды ж/к, техникамен, мүлікпен штатқа сәйкес толығымен толымдауды;

- қажетті материалдық заттарды қолда ұстауды;
- азаматтық қорғау байланысы мен хабарламасының тұрақты жүйесін құруды;

- штабтардың ж/к мен құрылымдарды жоғарғы дәрежеде оқытуын;
- жеке құрамды қорғауды қамтамасыз етеді.

Азаматтық қорғауды бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына ауыстырғанда мынандай міндеттер шешіледі:

- басқару жүйесін толық дайындыққа келтіру және құрылымдар мен штаб басшыларын уақытында хабарландыруды қамтамасыз ету;
- халықты қорғауды қамтамасыз ету;
- соғыс уақытында шаруашылықпен айналысатын объектілерді жоғарғы тұрақтылық жағдайымен қамтамасыз ету;

- құрылымдарды толық дайындыққа келтіру және оларды құтқару мен басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге дайындаумен қамтамасыз ету;

- құрылымды толық дайындыққа келтіру және оларды АҚ ж ШЖ жүргізуге дайындауды қамтамасыз етеді.

Азаматтық қорғау жүйелерін бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауыстыру жұмылдыру тапсырмаларын ескере отырып, Азаматтық қорғаныстың дайындық дәрежесін белгіленген шаралармен орындау жолымен жүзеге асырылады.

АҚ дайындығының барлығы төрт дәрежесі белгіленген: күнделікті;

I топтың бірінші кезекті шаралары;

II топтың бірінші кезекті шаралары;

АҚ жалпы дайындығы.

Дайындық дәрежесінен шараларды өткізу мерзімі бір тәуліктен артық емес.



3-тарау. Азаматтық қорғаныс жоспары

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Азаматтық қорғаныс жоспары бейбіт және соғыс уақытындағы азаматтық қорғаныс іс-шараларының көлемін, ұйымдастырылуын, орындау тәртібін, мерзімдерін айқындайды.

15. Азаматтық қорғаныс жоспарының құрылымын уәкілетті орган айқындайды.

16. Азаматтық қорғаныс жоспары:

- республикалық деңгейде – уәкілетті органның ведомствосы;

- салалық кіші жүйеде – орталық атқарушы органның азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі тиісті құрылымдық бөлімшесі мен аумақтық деңгейде оның аумақтық бөлімшелері;

- аумақтық деңгейде – уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі жергілікті атқарушы органдармен, сондай-ақ жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын және соғыс уақытында жұмысты жалғастыратын атқарушы органдармен бірлесіп;

- объектілік деңгейде – азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдар әзірлейді.

17. Орталық атқарушы органның азаматтық қорғаныс жоспарына жетекшілік ететін салада жүргізілетін азаматтық қорғаныс іс-шаралары кіреді.

18. Оның базасында азаматтық қорғау қызметі құрылған ұйым азаматтық қорғаныс жоспарында азаматтық қорғаудың арнайы іс-шараларын орындау бойынша іс-қимылдарды да көрсетеді.

19. Азаматтық қорғаныс жоспарлары тиісті азаматтық қорғаныс бастықтарымен бекітіледі және жоспарланатын жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жыл сайын түзетіледі.

20. Азаматтық қорғаныс жоспарларын қайта жасау тиісті азаматтық қорғаныс бастықтарының жеке өкімі бойынша жүзеге асырылады.

21. Азаматтық қорғаныс жоспарларына құпиялық белгі:

- орталық атқарушы органдар үшін – құпия;

- азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған облыстар, қалалар үшін – құпия;

- азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылмаған қалалық

және ауылдық аудандар, қалалар үшін – «қызмет бабында пайдалану үшін»;

-азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдар үшін – мемлекеттік құпиялар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйым басшысының шешімі бойынша құпиялық белгісі белгіленеді.

4-тарау. Азаматтық қорғау қызметтері және күштері

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22. Азаматтық қорғау қызметтері бейбіт және соғыс уақытында азаматтық қорғаудың арнайы іс-шараларын орындауға, халықты төтенше жағдайлар зардаптарынан, қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау факторларынан қорғауды қамтамасыз етуге арналған.

23. Қорғау қызметтері республикалық, облыстық, аудандық, қалалық деңгейлерде құрылады.

Жергілікті атқарушы орган тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесімен бірлесіп, азаматтық қорғаудың облыстық, аудандық, қалалық қызметтерін құратын ұйымдарды айқындайды. Қызметтер құрамына бірнеше ұйым кіре алады.

24. «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесі:

-республикалық деңгейде – Қазақстан Республикасының Үкіметі;
-аумақтық деңгейде – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімі айқындайды.

25. Азаматтық қорғау қызметтерінің бастықтары:

-республикалық қызметтерде – базасында қызметтер құрылған министрліктер мен ведомстволардың бірінші басшылары;

-облыстық, аудандық, қалалық қызметтерде – қолданыстағы басқару құрылымынан шыға отырып, базасында қызметтер құрылған ұйымдардың бірінші басшылары болып табылады.

26. Азаматтық қорғау қызметтері тиісті азаматтық қорғаныстың бастықтарына тікелей бағынады.

- бейбіт және соғыс уақытында салалардың тұрақты қалыптасуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдайды;

- қызметкерлерді және олардың отбасыларын көшіруді ұйымдастыру мен дайындық жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

- МТЖ, азық-түлік, дәрігерлік керек-жарак және басқалардың қосалқы қорын жасайды, ведомствоға қарасты ұйымдарда олардың жинақталуына және сақталуына бақылауды жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдар:

- бейбіт және соғыс уақытында АҚ жоспарын әзірлейді, олардың ведомствоға қатысты аумақтарда жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

- ұйымдардың басшылары мен халықтың қазіргі заманғы соққы беру құралдарынан қорғану тәсілдерін оқып-үйренуді ұйымдастырады;

- бейбіт және соғыс уақытында ұйымдарда қалыпты қызмет туралы шараларды ұйымдастырады;

- ведомствоға қарасты аумақтағы АҚ-ның жағдайына жауап береді.

Ұйымдар:

- бейбіт және соғыс уақытына АҚ жоспарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

- ШО–де жұмыс жасайтындарды қазіргі заманғы соққы беру құралдарынан қорғау туралы шараларды іске асырады;

- соғыс уақытында азаматтық қорғау міндеттерін орындау үшін көлік, материалдық заттар, қондырғылар мен құралдар - белгіленген заңнама тәртібімен ұсынылады.

Соғыс жағдайы – бұл республикада немесе оның бөлек аудандарында халықты қорғау мен оның қауіпсіздігі үшін жарияланған оның ерекше құқықтық уәжі. Әскери жағдайды енгізу тәртібі мен режимі заңмен анықталады.



Республикасының аумағына немесе оның жекелеген жергілікті жерлеріне соғыс жағдайын енгізу Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің жарлығы бойынша жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

-азаматтық қорғауды бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына ауыстыруға;

-АҚ жоспарларын әрекетке енгізуге;

-халықты эвакуациялауға Жарлық береді.

-Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган:

- азаматтық қорғауды бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауыстыру тәртібін анықтайды;

- соғыс уақытындағы ҚР азаматтық қорғаныс жоспарын әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады.

- көшіру шараларын өткізу және халықты бөліп жайғастыру тәртібін анықтайды;

- ҚР АҚ әскери бөлімдерін жауынгерлік және жұмылдыру дайындығымен қамтамасыз етуге шешім қабылдайды.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

- уәкілетті органды хабарландырады (азаматтық қорғау саласында), ТЖ жөніндегі ҚР Орталық атқарушы органға, ал Қорғаныс министрлігі құрылымы арқылы әскери дайындықты қажетті дәрежеде енгізу жөніндегі облыстық, қалалық ТЖ басқармаларына хабарлайды, сонымен қатар жұмылдыру туралы хабарландырады;

-халықты және аймақты қазіргі заманғы соққы беруші құралдарынан қорғау жөнінде азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен бірлесе іс-әрекет жасайды.

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы:

- азаматтық қорғау жоспарларын әзірлейді, салаларда азаматтық қорғау басшылығын жүргізеді;

- азаматтық қорғау күші мен құралдарын, басқару жүйелерін, хабарлау мен байланыс құралдарын құрады және үнемі дайындықта ұстайды;

- бейбіт және соғыс уақытында салалардың тұрақты қалыптасуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдайды;



27. Облыстық, аудандық, қалалық қызметтер туралы ережені азаматтық қорғаудың тиісті бастықтары бекітеді.

28. Азаматтық қорғау қызметінің құрылымын олардың басшылары айқындайды.

29. Азаматтық қорғау қызметтері өздерінің қызметінде Азаматтық қорғаныстың тиісті деңгейлердегі жоспарларын басшылыққа алады.

30. Азаматтық қорғау қызметтерінің негізгі міндеттері:

-халықты қорғау және төтенше жағдайлар салдарының, қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау факторларының залалын азайту жөніндегі азаматтық қорғау іс-шараларын жоспарлау және қамтамасыз ету;

-авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ету, зардап шеккен халыққа көмек көрсету;

-азаматтық қорғау құрылымдарын құру және даярлау, мақсаты бойынша жұмыстарды жүргізу үшін оларды әзірлікте ұстау;

-бағыныстағы органдар мен күштерді басқаруды ұйымдастыру, оларды қажетті материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету;

-азаматтық қорғаудың басқару, халықты төтенше жағдайлар қауіпі және оның туындауы туралы, қазіргі заманғы зақымдаушы құралдарды қолдану туралы құлақтандыру және хабарлау жүйелерін құруды және әзірлікте ұстауды қамтамасыз ету;

-радиоактивті, химиялық және бактериологиялық (биологиялық) залалдануды (ластануды) тұрақты қадағалауды және бақылауды ұйымдастыру;

-тиісті басқару органдарымен және әскери қолбасшылықтың, ішкі істер органдарының күштерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру және қолдау;

-бағынысты ұйымдардың эвакуациялау іс-шараларына басшылық ету, қауіпсіз аймақта орналастыру аудандарын алдын ала дайындау бойынша шаралар қабылдау;

-азаматтық қорғаныс жоспарларын және төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарларын әзірлеу, ведомстволық бағынысты буындардағы жоспарлауға басшылық ету;

-авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге шешімдер қабылдау үшін тиісті азаматтық қорғаныс бастықтарына ұсыныстар дайындау;

-тиісті азаматтық қорғаныс бастықтары алға қойған міндеттерді

орындау кезінде бағынысты қызметтердің күштері мен құралдарына басшылық ету;

-төтенше жағдайлардың туындау қауіпін азайту, салалар мен ұйымдар жұмысының тұрақтылығын арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға басшылық ету;

-қызметтердің құзыреті шегінде азаматтық қорғаныс іс-шараларының барлық кешеніне тікелей басшылық етуді жүзеге асыру болып табылады.

31. Азаматтық қорғау күштері азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінен, авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарынан, өртке қарсы қызметтің мемлекеттік және мемлекеттік емес бөлімшелерінен, азаматтық қорғау құрылымдарынан, уәкілетті орган авиациясынан, жағдайды қадағалау, бақылау және болжау қызметтерінен тұрады.

32. Азаматтық қорғау құрылымдары бейбіт және соғыс уақытында авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге арналған.

33. Әзірлікке келтірудің барынша ықтимал уақыты: құтқару, инженерлік құрылымдар және азаматтық қорғау қызметтері құрылымдары, оның ішінде шұғыл ден қою жасағының құрамына кіретін құрылымдар үшін – 4 сағаттан аспайды, қалған барлық құрылымдар үшін – 6 сағаттан аспайды.

34. Жағдайды қадағалау, бақылау және болжау қызметтерінде бейбіт және соғыс уақытында ауыз судың, тағамдық және жем-шөп шикізатының, азық-түліктің, қоршаған ортаның (ауаның, топырақтың, судың, өсімдіктің) радиоактивті, химиялық, биологиялық зақымдануын (ластануын) уақтылы табуға және индикациялауға арналған азаматтық қорғанысты қадағалау және зертханалық бақылау желісі құрылады.

35. Азаматтық қорғанысты қадағалау және зертханалық бақылау желісіне жалпы басшылық етуді және іс-қимылды үйлестіруді уәкілетті органның ведомствосы жүзеге асырады.

36. Азаматтық қорғанысты қадағалау және зертханалық бақылау желісі құрамына кіретін ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдарға тікелей басшылық етуді салалық министрліктер мен ведомстволар жүзеге асырады.

37. Күштер топтамалары белгілі бір жүйеге жинақталған және тиісті түрде өрістетілген (орналастырылған) азаматтық қорғау

Әскери ұйымды дамытуда Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі бағыттары:

1) Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды жауынгерлік әзірлікте ұстау;

2) мемлекетті жұмылдыру әзірлігінде ұстау;

3) Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуын кеңейту болып табылады.



БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Қазақстан Республикасында Әскери доктринаны кім және қандай нормативтік-құқықтық құжаттармен бекітеді?

2. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасының сипаты қандай?

3. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасының Ережелері неге негізделеді?

4. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын әзірлеу неге негізделген?

5. Әскери доктринаның нормативтік және құқықтық негіздерін не құрайды?

Тақырып: АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУДЫ БЕЙБІТ УАҚЫТТАН СОҒЫС ЖАҒДАЙЫНА АУЫСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ



Азаматтық қорғауды бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауыстыру кезіндегі азаматтық қорғау саласындағы орталық, жергілікті, өкілетті және атқарушы органдардың, ұйымдардың құзіреті.

Қазақстан Республикасының аумағына немесе оның жеке-леген жергілікті жерлеріне Азаматтық қорғанысты енгізу ерекше жағдайларда әскери шиеленістің басында немесе Қазақстан

- 4) мемлекеттік және әскери объектілерді күзету;
- 5) төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою;
- 6) диверсиялар мен террористік актілерді болдырмау және жолын кесу;
- 7) Мемлекеттік шекарадағы шекаралық инциденттерді оқшаулау және жолын кесу;
- 8) қарулы жанжалдарды оқшаулау және шешу;
- 9) мемлекетаралық және мемлекетішілік қайшылықтарды шешуде агрессиядан және әскери күшті, «гибридті» күрес әдістерін қолданудан стратегиялық тұрғыдан тартыну;
- 10) Қарулы Күштердің стратегиялық өрістетілуге әзірлігін қамтамасыз ету;
- 11) мемлекетті қарулы қорғау үшін стратегиялық іс-қимылдар жүргізу;
- 12) бітімгершілік және гуманитарлық



операцияларға қатысу, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес басқа да міндеттер мен іс-шараларды орындау болып табылады.

Қазақстан Республикасының әскери-экономикалық саладағы қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) мемлекеттің қаржы-экономикалық жүйесін жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмыс істеуге дайындау;
- 2) мемлекеттік әскери-техникалық саясатты жетілдіру;
- 3) қорғаныс өнеркәсібі кешенін дамыту болып табылады.

Жұмылдыру дайындығы жөніндегі Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) мемлекеттің жұмылдыру дайындығы және жұмылдыруды басқару жүйесін дамыту;
- 2) мемлекеттік органдар және жұмылдыру тапсырмалары мен тапсырыстары бар ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;
- 3) мемлекеттік материалдық резерв жүйесін жетілдіру болып табылады.

күштерін, сондай-ақ төтенше жағдайлар және қазіргі заманғы зақымдаушы құралдарды қолдану аймақтарында авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу үшін, сондай-ақ азаматтық қорғаудың басқа да міндеттерін шешу үшін тартылған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарын көрсетеді.

38. Күштер топтары бейбіт уақытта құрылады, оларды толық өрістетуге азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесін бейбіт уақыттан соғыс уақытына ауыстыру кезеңінде аяқталады. Күштер топтарын құру азаматтық қорғаныс жоспарларында көзделеді.

39. Облыстар, қалалар, аудандар азаматтық қорғау күштері топтарының құрамы қазіргі заманғы зақымдаушы құралдарды пайдалану арқылы соғыс қақтығыстарын жүргізу жағдайларында алдағы авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар мен басқа да шешілетін міндеттер тізбесін және көлімін есепке ала отырып, тиісті азаматтық қорғаныс бастықтарының қарамағындағы бар күштер мен құралдарға сүйене отырып айқындалады.

40. Азаматтық қорғау күштерінің топтамалары бірінші, екінші эшелон мен резервтен тұрады. Ахуал жағдайлары бойынша немесе күштер топтамаларының күштері аз болған кезде бір эшелоннан тұрады.

41. Күштер топтарының бірінші эшелоны қарсылас шабуыл жасаған сәтте қаладағы өндірістік қызметті жалғастырып жатқан объектілерде, сондай-ақ адамдар болуы мүмкін басқа да орындарда авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды өрістетуге және жүргізуге арналған. Бірінші эшелон құрамына азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері, Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қалалардың және өндірістік қызметті жалғастырып жатқан объектілердің авариялық-құтқару құрылымдары кіреді. Жағдайға байланысты бірінші эшелонға, сондай-ақ Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қалалардың маңында орналасқан аудандардың азаматтық қорғау күштері де кіреді.

42. Екінші эшелон күшті ұлғайтуға және авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстар шебін кеңейтуге, сондай-ақ бірінші эшелонның ауыстыруды талап ететін азаматтық қорғау бөлімдері (бөлімшелері) мен күштеріне арналған. Оның құрамына азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері мен әскери қолбасшылық бөлген әскери бөлімдер, бірінші эшелон құрамына кірмеген азаматтық қорғау

күштері, оның ішінде азаматтық қорғау күштерін тарта отырып, азаматтық қорғаныс топтарына жататын қалалардың маңында орналасқан аудандардың (ауылдық), кейіннен шалғай аудандардың (ауылдық) азаматтық қорғаныс күштері енгізіледі.

43. Сол немесе басқа эшелон құрамына кіретін азаматтық қорғаныс күштері жұмыстар аймағында қалыптасқан жағдайды (оның ішінде радиациялық) есепке ала отырып, олардың ұйымдастырушылық құрылымының тұтастығын сақтаумен ауысымдар бойынша бөлінеді. Ауысымдар құрамына өз мақсаттары бойынша авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстардың барлық кешенін жүргізуге қабілетті әр түрлі күштер мен құралдар енгізілуі тиіс.

44. Резерв кенеттен туындаған міндеттерді шешуге және бірінші және екінші эшелонның азаматтық қорғау күштерін ауыстыруға арналған.

Резерв құрамына эшелондар құрамына кірмеген азаматтық қорғау құрылымдары, шалғай аудандардың (ауылдық) азаматтық қорғаныс күштері, сондай-ақ қойылған міндеттерді орындағаннан кейін зақымдау ошақтарынан шығарылған күштер мен құралдар енгізіледі.

5-тарау. Эвакуациялық іс-шаралар

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

45. Азаматтық қорғаныс бастықтары Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс бастығының өкімі бойынша ведомстволық бағынысты аумақта эвакуациялау іс-шараларын жүргізеді.

46. Халықты таратуды және эвакуациялауды жоспарлау мен жүргізуді тікелей жүзеге асыру үшін эвакуациялық органдар құрылады:

эвакуациялық комиссиялар (орталық және жергілікті атқарушы органдарда, азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдарда);

эвакуациялық қабылдау комиссиялары (эвакуацияланатын және таратылатын халықты қабылдау мен орналастыруды жүзеге асыратын ауылдық аудандарда, қалаларда);

4) мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жүргізілетін шаралар бағыттылығының Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне сәйкес келуі, әскери-стратегиялық мақсаттар мен міндеттердің Қазақстан Республикасының әскери-саяси мақсаттарына бағыныстылығын қамтамасыз ету;

5) мемлекеттің әскери ұйымын дамытудағы сандық және сапалық тәсілдердің үйлесуі болып табылады.

Қорғаныс және әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасы қызметтерінің бағыттары.

Әскери-саяси салада Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі:

1) басқа мемлекеттермен ынтымақтастықты және тату көршілік қатынастарды дамытуға бағытталған саясатты жүргізу;

2) теңдікті сақтау және басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау;

3) халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу;

4) басқа мемлекеттермен, халықтармен, әлеуметтік топтармен қайшылықтарда әскери күшті бірінші болып қолданудан бас тарту;

5) мемлекеттің әскери ұйымын нығайту;

Қазақстан Республикасына төнетін әскери қатерлерден сақтандыру және олардың жолын кесу үшін тиімді шараларды пайдалану арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Әскери-стратегиялық саладағы Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі бағыттары:

1) Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз ету үшін Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жауынгерлік әзірлікте және мемлекетті жұмылдыру әзірлігінде ұстау;

2) әуе кеңістігін күзету және Мемлекеттік шекараны бүркемелеу;

3) аумақтық суларда (теңізде) және Каспий теңізінің континенттік қайраңының қазақстандық бөлігінде мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау;



2) өңірде халықаралық террористік және экстремистік ұйымдар іс-қимылдары белсенділігінің күшеюі, Қазақстан Республикасындағы ішкі жағдайды тұрақсыздандыру мақсатында эмиссарларды, сондай-ақ террористік және экстремистік ұйымдар құрамына кіретін Қазақстан азаматтарын пайдалану;



3) өңірді милитаризациялау және Қазақстан Республикасын «қару-жарак бәсекесіне» тарту;

4) құрылымды бұзатын күштердің жаппай қырып-жоятын қаруға, кәдімгі қару-жарақтарға, оқ-дәрілерге, жарылғыш және басқа да зақымдау құралдарына, оларды шығару технологияларына немесе жаңа физикалық

қағидаттар негізінде жасалған жаппай ықпал ететін қаруға қол жеткізуі;

5) Қазақстан Республикасының әскери және әскери-экономикалық әлеуетін төмендету мүдделерінде мемлекеттің әскери ұйымының ақпараттық жүйелеріне, елдің тіршілік әрекетін қамтамасыз ету жүйелеріне бағдарламалық-техникалық ықпал етудің (кибершабуылдардың) жүзеге асырылуы.

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсаты мен қағидалары

Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметтің мақсаты Қазақстан Республикасына төнетін әскери қатерлерге барабар ден қою үшін мемлекеттің әскери әлеуетін арттыру болып табылады.

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезіндегі негізгі қағидаттар:

1) мемлекеттің әскери қуатының Қазақстан Республикасына төнетін әскери қатерлер сипатына сәйкес келуі;

2) Қазақстан Республикасының әскери қуатына сүйене отырып, мемлекетаралық және мемлекетішілік қайшылықтарды шешуде әскери күшке қарағанда әскери емес құралдардың айқындалушы мәні;

3) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жауынгерлік әзірлігін және мемлекеттің жұмылдыру әзірлігін мемлекеттің әскери қауіпсіздігін және қорғанысын кепілді қамтамасыз ететін деңгейде ұстау;

эвакуациялық жинау пункттері;
эвакуациялаудың аралық пункттері;
эвакуациялық қабылдау пункттері;
зардап шеккен халықты қабылдау пункттері (баспанасыз қалған, санитариялық шығындар, қайтарылмайтын шығындар).

47. Эвакуациялау (эвакуациялау қабылдау) комиссияларының құрамы мен ережесін тиісті азаматтық қорғаныс бастығы бекітеді.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің эвакуациялау (эвакуациялау қабылдау) комиссиясының құрамын азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі жергілікті атқарушы органның, орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің және ұйымдардың келісімі бойынша айқындайды.

Эвакуациялау комиссияларының төрағалары болып орталық (жергілікті) атқарушы орган, азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатқызылған ұйым басшысы орынбасарларының бірі, ал эвакуациялық қабылдау комиссияларының төрағалары – жергілікті атқарушы органдар басшыларының орынбасарлары тағайындалады.

Эвакуациялық комиссия әкімшілігінің үлгі құрылымы осы Қағидаларға 1-1-қосымшада айқындалған.

Эвакуациялық қабылдау комиссиясы әкімшілігінің үлгі құрылымы осы Қағидаларға 1-2-қосымшада айқындалған.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

48. Эвакуациялық жинау пункттері эвакуацияланатындарды жинауға және тіркеуге және оларды отырғызу пункттері мен қозғалыстың бастапқы пункттеріне жіберуге арналған. Эвакуациялық жинау пункттерінің әкімшілігі алдын ала жергілікті атқарушы органдардың қаулыларымен, ұйымдар бойынша бұйрықтармен тағайындалады. Эвакуациялық жинау пункттері өз қызметінде эвакуациялық комиссияларға бағынады.

Әр жинау пунктіне реттік нөмір беріледі. Барлық эвакуациялық жинау пункттері міндетті түрде тиісті эвакуациялық комиссиялармен, жаяу эвакуациялау бағыттарының бастапқы пункттерімен, отырғызу пункттерімен және эвакуацияланатындарды тасымалдауды жүзеге асыратын көлік органдарымен тікелей байланыспен қамтамасыз етіледі. Қажет болған жағдайда эвакуациялық жинау пункттерінде халыққа газқағарларды беру пункттері құрылады.

Эвакуациялық жинау пунктінде мына құжаттар:

- 1) эвакуациялық жинау пункті лауазымдық тұлғаларының міндеттері;
- 2) эвакуациялық жинау пункті жеке құрамының тізімі, құлақтандыру тәртібі (мекен-жайы, телефон нөмірлері);
- 3) эвакуациялық жинау пунктін ұйымдастыру және жеке құрамды тағайындау туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімінен үзінді;
- 4) эвакуациялық жинау пунктінен жіберілетін ұйымдар, эвакуациялық комиссиялар (қалалық, аудандық), көлікке отырғызу пункттері телефондарының тізімі;
- 5) эвакуациялық жинау пункті аумағындағы ұйымдар тізімі және оларды жіберу мерзімдері;
- 6) эвакуациялық жинау пункті аумағының және олардың мақсаты бойынша үй-жайлар схемасы (жоспары);
- 7) эвакуациялық жинау пунктіне бекітілген жақын арадағы қорғау құрылыстарының тізбесі;
- 8) эвакуациялық жинау пунктіне қызмет көрсететін автоколонналардың келу және оларды жіберу кестесі;
- 9) тасымалдауға өтінім үлгісі;
- 10) эвакуациялау куәлігінің үлгісі мен оны беру туралы ақпарат әзірленеді.

Эвакуациялық жинау пункттері әкімшілігінің үлгі құрылымы осы Қағидаларға 1-3-қосымшада айқындалған.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

49. Егер тұрақты орналасу аудандары бір тәуліктен астам уақыт көшетін жерде, ықтимал қираулардан тыс аймақтарда, жол қатынастарының жанында орналасса, онда аралық эвакуациялау пункттері ашылады. Олар эвакуацияланатын халықтың қысқа уақытқа орналасуына (демалуына), оларды қайта тіркеуге, қажет болған кезде дозиметриялық, химияға қарсы бақылауға, адамдарды санитариялық өңдеуге және оларды қауіпсіз аймақта орналастыру орындарына жіберуге арналған.

Эвакуациялаудың аралық пункттері әкімшілігінің үлгі құрылымы осы Қағидаларға 1-4-қосымшада айқындалған.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің

Қазақстан Республикасына төнетін әскери қатерлерге әкеп соқтыруы мүмкін негізгі жағдайлар:

1) қазіргі әлемдік тәртіпті өзгертуге және әлемде немесе жекелеген өңірлерде ықпал ету салаларын кеңейтуге ұмтылыста әлемдік және өңірлік «державалар» арасындағы қайшылықтардың күшеюі;

2) мемлекетаралық қатынастарда әскери күш қолдануға жол бермеуде және оның жолын кесуде халықаралық құқық тиімділігінің және



халықаралық қауіпсіздік ұйымдары мүмкіндіктерінің төмендеуі;

3) әлемде және өңірлерде стратегиялық шабуылдау қару-жарақтарына тиым салу, оларды шектеу және қысқарту мәселелеріндегі уағдаластықтардың бұзылуы;

4) әлемде жаппай қырып-жоятын қару ауқымының өрістеуі, сондай-ақ жаңа физикалық қағидалар негізінде (психотроптық, электр магниттік, акустикалық және басқа да) жасалған жаппай әсер ететін қарудың жасалуы;

5) терроризм мен экстремизмнің жаһандануы, олардың әрекет ету географиясының және қызмет салаларының кеңеюі;

6) сепаратизм белсенділігінің өсу қарқынының сақталуы, басқа мемлекеттер аумағындағы мүдделерге қол жеткізу үшін сыртқы күштердің сепаратистік қозғалыстарды пайдалануы;

7) құрылымды бұзатын күштердің жаппай қырып-жоятын қаруға, кәдімгі қару-жарақтарға, оқ-дәрілерге, жарылғыш және басқа да құралдарға, оларды шығару технологияларына қолжетімділігін шектеу бойынша жүргізілетін шаралар тиімділігінің төмендеуі болып табылады.

Қалыптасатын жағдайларда Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігіне мынадай факторлар ықпал етуі мүмкін:

1) мемлекеттердің немесе әскери-саяси одақтардың Қазақстан Республикасында, оның стратегиялық ресурстарына және көлік инфрақұрылымына бақылау орнату үшін ықпал ету салаларын кеңейтуге ұмтылуы;



та және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау үшін дипломатиялық, саяси, құқықтық, экономикалық және басқа да әскери емес құралдарды басым пайдалануға бейілдігін білдіреді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттің әскери қауіпсіздігін әскери емес құралдармен қамтамасыз ету мүмкіндіктері таусылған кезде әскери күш қолдануды көздейді.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілері және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар Әскери доктринаның нормативтік және құқықтық негізін құрайды.

4. Әскери доктринаны әзірлеу қазіргі заманғы жағдайлар мен факторлардың ықпалын ескере отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттің әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз ету саласындағы қызметінің негізгі бағыттарын айқындау қажеттілігіне негізделген.

Әскери доктринаның ережелері әлемдегі әскери-саяси жағдайдың



дамуын бағалау мен болжау нәтижелеріне, әскери жанжалдар сипатындағы және қарулы күрестің мазмұнындағы өзгерістерге негізделеді.

Әскери доктринаны әзірлеу қазіргі заманғы жағдайлар мен факторлардың ықпалын ескере отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттің әскери қауіпсіздігін және қорғанысын қамтамасыз

ету саласындағы қызметінің негізгі бағыттарын айқындау қажеттілігіне негізделген.

Әскери доктринаның ережелері әлемдегі әскери-саяси жағдайдың дамуын бағалау мен болжау нәтижелеріне, әскери жанжалдар сипатындағы және қарулы күрестің мазмұнындағы өзгерістерге негізделеді.

09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

50. Эвакуациялық қабылдау пункттері түсіру пункттерінде өрістетіледі және эвакуацияланатындарды қабылдау және оларды орналастыру орындарына жіберу үшін арналған.

Эвакуациялық қабылдау пункттері әкімшілігінің үлгі құрылымы осы Қағидаларға 1-5-қосымшада айқындалған.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

50-1. Зардап шеккен халықты қабылдау пункттері төтенше жағдайлар түріне қарай төтенше жағдайлар салдарларын жою кезеңінде зардап шеккен халықты тікелей қоныстандыруды ұйымдастыруға арналған.

Зардап шеккен халықты қабылдау әкімшілігі пункттерінің үлгі құрылымы осы Қағидаларға 1-6-қосымшада айқындалған.

Ескерту. 5-тарау 50-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

50-2. Эвакуациялық жинау пункттерінің, эвакуациялаудың аралық пункттерінің, эвакуациялық қабылдау пункттерінің, зардап шеккен халықты қабылдау пункттерінің құрылымын және санын эвакуацияланатын (келіп жатқан) халықтың санын және оны қамтамасыз етумен байланысты іс-шаралардың көлемін есепке ала отырып, эвакуациялық (эвакуациялық қабылдау) комиссиялардың басшылары анықтайды.

Ескерту. 5-тарау 50-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

50-3. Эвакуацияланатын халықты қабылдау, орналастыру үшін қосарланған мақсаттағы объектілер пайдаланылады.

Қосарланған мақсаттағы объектілерге эвакуациялық жинау пункттері, эвакуациялаудың аралық пункттері, эвакуациялық қабылдау пункттері ретінде пайдаланылатын әлеуметтік саладағы, адамдар жаппай болатын объектілер жатады.

Қосарланған мақсаттағы объектілер тізбесін эвакуациялық

(эвакуациялық қабылдау) комиссиялары анықтайды және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен бекітіледі.

Ескерту. 5-тарау 50-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

51. Жоспарлау үшін негізгі бастапқы деректер:

1) қалаларда және қауіпсіз аймақта тұратын халық, жұмылдыру ұйғарымы бар әскери қызметшілер және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне шақырылуға жататын адамдар саны;

2) жұмысшылар мен қызметшілердің жалпы санын, сондай-ақ ең көп жұмыс істейтін ауысым санын және ауысым жұмысының уақытын көрсете отырып, соғыс уақытында азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қалаларда өз қызметін жалғастырып жатқан ұйымдар тізбесі;

3) жұмысшылардың, қызметшілер мен олардың отбасылары мүшелерінің санын көрсете отырып, соғыс уақытында өз қызметін қауіпсіз аймаққа көшіретін ұйымдар тізбесі;

4) білім алушылар, сондай-ақ оқытушылық құрам мен қызмет көрсететін персонал санын көрсете отырып, оқу орындарының, мектепке дейінгі мекемелердің саны;

5) азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жатқызылған қалалардың айналасындағы ықтимал қатты қираулар аймақтары, осы аймақтарда тұрып жатқан халық саны;

6) таратылатын және эвакуацияланатын халықты орналастыруға тиым салынған аудандар мен пункттер;

7) таратылатын және эвакуацияланатын халықты орналастыру бойынша аудандар мен қалалардың мүмкіндіктері;

8) халықты орналастыру аудандарында қорғау құрылыстарының (паналайтын жерлердің, радиацияға қарсы жасырын паналардың, тау-кен қазбаларының, қарапайым жасырын паналардың), сондай-ақ сумен жабдықтау көздерінің болуы;

9) эвакуациялық тасымалдауға тартылатын көлік мүмкіндігі;

10) жол желісі, оның жай-күйі және өткізу қабілеті;

11) жаяу тәртіппен халықты эвакуациялауға арналған бағдарлардың болуы және практикалық пайдалану мүмкіндігі;

12) тарату мен эвакуациялау туралы халықты құлақтандыруға,

жағдайларды жою жөніндегі әрекеттер Жоспары және азаматтық қорғаныс Жоспары жоспарланған жылдың 1-қаңтарындағы жағдайға сәйкес түзетіледі, сондай-ақ оларды қайта дайындау қызметтердің тиісті бастықтарының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. АҚ қызметі қандай мақсатта құрылады?

2. АҚ Жоспары құрылымы қандай нормативтік актіде бекітілген?

3. Төтенше жағдайларды жою жөніндегі әрекеттер Жоспары және азаматтық қорғаныс Жоспары қандай мерзімде түзетіледі?

4. Азаматтық қорғау қызметі азаматтық қорғаныс Жоспарын кім бекітеді?

5. Төтенше жағдайларды жою жөніндегі әрекеттер Жоспарын не анықтайды?

Тақырып: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘСКЕРИ ДОКТРИНАСЫ

Қазақстан Республикасының әскери доктринасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі №554 Жарлығымен бекітілген.

1. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз етуге қатысты мемлекетте ресми қабылданған көзқарастар жүйесі болып табылады.

Әскери доктринада Қазақстан Республикасына төнетін ықтимал әскери қатерлерді ескере отырып, мемлекеттік қызметтің әскери-саяси, әскери-стратегиялық және әскери-экономикалық саладағы, мемлекеттің жұмылдыру дайындығы жөніндегі негізгі бағыттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әскери ұйымын дамыту жөніндегі негізгі шаралар айқындалған.

2. Әскери доктрина қорғаныстық сипат-





Азаматтық қорғаудың көлік қызметі

Азаматтық қорғаудың көлік қызметі бейбіт және соғыс уақытында азаматтық қорғаудың арнайы шараларын көлікпен қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Азаматтық қорғаудың ұлттық гидрометеорологиялық қызметі

Азаматтық қорғаудың ұлттық гидрометеорологиялық қызметі қоршаған орта жағдайына мониторинг енгізу, бейбіт және соғыс уақытында метеорологиялық және гидрологиялық мониторинг енгізу мақсатында құрылады.

Жоспарлар—бұл экономика объектілерін және аумақтарды, халықты қорғау және заманауи зақымдау құралдарының әсеріне, сондай-ақ табиғи және техногенді төтенше жағдайларда тұрақтылықты арттыру жөніндегі негізгі шаралардың алдын ала әзірленген тізімі.

Күштердің әрекет ету тәртібі мен сипаты, жұмыстың мазмұны мен көлемі, орындау мерзімі және атқарушылар, бейбіт және соғыс уақытында географиялық ерекшеліктерді, әрбір объектілердің, әкімшілік-аумақтық бірлік қызметінің экономикалық және басқа аспектілерін заманауи зақымдау қаруларының және төтенше жағдайлардың ықпалынан қорғау шараларын жүргізудің жүйелілігі Жоспармен анықталады.

Қазақстан Республикасы «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 21-бабының 1-тармағына және 13-бабының 1-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы орталық атқару органдары және олардың салалық шағын жүйелерінде өз құзіреттері шегінде Төтенше жағдайларды жою жөніндегі әрекеттер Жоспары және республиканың, облыстардың, қалалардың және аудандардың азаматтық қорғаныс Жоспары.

Барлық деңгейдегі азаматтық қорғау қызметтерінде әзірленген, төтенше жағдайларды жою жөніндегі әрекеттер Жоспары және азаматтық қорғаныс Жоспарының құрылысы 2018 жылғы 2 мамырда ҚР ПМ № 335 бұйрығымен бекітілген.

2017 жылғы 18 наурыздағы ҚР ПМ №209 бұйрығына сәйкес Төтенше

сондай-ақ эвакуациялау іс-шараларына басшылық етуге арналған байланыс құралдары мен жүйелері;

13) халықты тарату мен эвакуациялауды жүргізуге әсер ететін жергілікті жағдайлар мен маусымдық климаттық ерекшеліктер;

14) көрші облыстардан келетін халық саны және олардың келу мерзімдері болып табылады.

52. Халық есебі мына негізгі топтар бойынша жүргізіледі:

1) бірінші топ – соғыс уақытында қалада (азаматтық қорғаныс бойынша топқа жатқызылған) жұмыс істеуді жалғастыратын, сондай-ақ оның тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың жұмысшылары мен қызметшілері;

2) екінші топ – соғыс уақытында өз қызметін қауіпсіз аймаққа көшірген ұйымдардың жұмысшылары мен қызметшілері, министрліктер мен агенттіктер орталық аппараттарының қызметкерлері;

3) үшінші топ – педагогикалық қызметкерлер, мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының студенттер мен оқушылары, оларға қызмет көрсететін персонал; мүгедектер мен қарттар үйлерінде тұратын зейнеткерлер, оларға қызмет көрсететін персонал;

4) төртінші топ – 1 және 3-топтарға жатпайтын барлық халық.

53. Азаматтық қорғаныс жоспарына қосымша болып табылатын эвакуациялау және тарату жоспарында:

1) санатталған қалалардан және төтенше жағдайлар аймақтарынан таратылатын және эвакуацияланатын халық саны;

2) қауіпсіз аймақта халықты орналастыру аудандары;

3) тарату және эвакуациялау мерзімдері (басталуы және аяқталуы);

4) көлікпен халықты әкетуді ұйымдастыру;

5) жаяу тәртіппен халықты шығаруды ұйымдастыру;

6) қауіпсіз аймақта халықты қабылдау және орналастыру жөніндегі іс-шаралар;

7) жасырын паналарды дайындау, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету тәртібі мен мерзімі және қауіпсіз аймақта таратылатын және эвакуацияланатын халықты қамтамасыз ету жөніндегі қорғау іс-шаралары;

8) төтенше жағдайлар аймақтарынан халықты эвакуациялау тәртібі мен мерзімдері;

9) санитариялық-эпидемияға қарсы және емдеу-эвакуациялау іс-шаралары;

10) тарату мен эвакуациялауды басқаруды ұйымдастыру, құлақтандыру тәртібі көрсетіледі.

54. Азаматтық қорғаныс бойынша топқа жатқызылған қаланың (қалалық ауданның) азаматтық қорғаныс жоспарына қосымша болып табылатын эвакуациялау және тарату жоспарында:

1) әр қалалық аудан, ұйым, пәтер иелерінің кооперативі бойынша тарату мен эвакуациялауға жататын халық саны;

2) қауіпсіз аймақта халықты орналастыру аудандары мен пункттері;

3) тарату мен эвакуациялау мерзімдері (басталуы және аяқталуы);

4) тарату мен эвакуациялаудың басталуы және мерзімдері туралы жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың басшыларын, сондай-ақ жұмысшыларды, қызметшілерді және қалған халықты құлақтандыру тәртібі;

5) эвакуациялық органдар құрамы және оларды әзірлікке келтіру мерзімдері;

6) жаяу тәртіппен шығарылатын және көліктің барлық түрлерімен апарылатын халық саны;

7) халықты шығару және әкету бағыттары; бастапқы пункттері, аялдайтын орындар, реттеу пункттері, жаяу тәртіппен эвакуациялаудың әр бағдарындағы аралық эвакуациялау пункттері;

8) халықты көлікпен әкету және жаяу тәртіппен шығару кезектілігі;

9) эвакуациялық жинау пункттері;

10) халықты көлікке отырғызу пункттері;

11) оны қауіпсіз аймақта түсіру пункттері;

12) халықты қауіпсіз аймақта қабылдауды және орналастыруды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар;

13) жасырын паналарды дайындау, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету тәртібі мен мерзімі және қауіпсіз аймақта таратылатын және эвакуацияланатын халықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;

14) аралық эвакуациялау пункттерінен және түсіру пункттерінен оны орналастыру орнына дейін халықты тасымалдау үшін аудандар көліктерін пайдалану;

15) эвакуациялық іс-шараларды өткізу кезінде қадағалауды, басқару мен байланысты ұйымдастыру;

16) қауіпсіз аймақтағы орналастыру аудандарынан қалаға және

зілзалалардың, өрттердің, авариялардың салдарларын жою және басқа да төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті қорғауды ұйымдастыру мақсатында құрылады.

Азаматтық қорғаудың радиациялық қорғау қызметі

Азаматтық қорғаудың радиациялық қорғау қызметі бейбіт және соғыс уақытында халықты, аумақтар мен объектілерді иондаушы сәулеленудің әсерін азайту және болдырмау, сондай-ақ оларды радиоактивті заттардан қорғау мақсатында құрылады.

Азаматтық қорғаудың химиялық қорғау қызметі

Азаматтық қорғаудың химиялық қорғау қызметі бейбіт және соғыс уақытында халықты, аумақты және ұйымдарды химиялық зақымданудан, дегазациялық жұмыстар жүргізуден, қатты әсер ететін улы заттардың зақымдау ошақтарын жою мақсатында құрылады.

Азаматтық қорғаудың сауда қызметі

Азаматтық қорғаудың сауда қызметі бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайларды және олардың салдарларын жою кезінде сауда қызметін үйлестіру мақсатында құрылады.

Азаматтық қорғаудың энергетика қызметі

Азаматтық қорғаудың энергетика қызметі аумақтық және ғаламдық масштабтағы азаматтық қорғаудың арнайы шараларын орындау, заманауи соққы беру құралдарын қолдану үшін қажетті мемлекеттің энергетикалық және жылу ресурстарындағы құрылымның қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында құрылады.

Азаматтық қорғаудың жол және көпір қызметі

Азаматтық қорғаудың жол және көпір қызметі бейбіт және соғыс уақытында, жол және көпірмен қамтамасыз етуді жоспарлауға және ұйымдастыруды қамтамасыз етуге, төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, заманауи соққы беру құралдарын қолдануда азаматтық қорғау шараларын өткізу кезінде жол және көпірлерді жөндеу мен қалпына келтіруге арналған.



мен ауруларға дер кезінде көмек көрсету, оларды көшіру, емдеу және қатарға қайта оралту, жұқпалы аурулардың жылдам таралуы мен туындауының алдын алу мақсатында құрылады.

Азаматтық қорғаудың өртке қарсы қызметі

Азаматтық қорғаудың өртке қарсы қызметі бейбіт және соғыс



уақытында азаматтық қорғау шараларының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Азаматтық қорғаудың жанар-жағар май материалдары қызметі

Азаматтық қорғау қызметінің жанар-жағар май материалдары қызметі аумақтық және ғаламдық масштабтағы

азаматтық қорғаудың арнайы шараларын орындау, заманауи соққы беру құралдарын қолдану үшін қажетті мемлекеттің мұнай өнімдеріне деген қажеттілігінің белгіленген көлемі мен номенклатурасына сәйкес, мұқтаждықты қанағаттандыру мақсатында құрылады.

Азаматтық қорғаудың жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қызметі

Азаматтық қорғаудың жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қызметі ауыл шаруашылығы өнімдері мен мал шаруашылығын, су көздерін және жануарлар мен өсімдіктерді қорғау, азаматтық қорғау шараларын орындау мақсатында құрылады.

Азаматтық қорғаудың ақпараттық қызметі

Азаматтық қорғаудың ақпараттық қызметі азаматтық қорғау міндеттерін орындау мүддесінде халықты және басқару органдарын дер кезінде және нақты деректермен ақпараттандыру мақсатында құрылады.

Азаматтық қорғаудың байланыс қызметі

Азаматтық қорғаудың байланыс қызметі байланыс саласында қызмет көрсететін тұлғаның қызметін үйлестіру және реттеуді қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Азаматтық қорғаудың қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі

Азаматтық қорғаудың қоғамдық тәртіпті қорғау қызметі бейбіт және соғыс уақытында табиғи және техногендік сипаттағы дүлей

кері объектілерге жұмысшылар ауысымын тасымалдау тәртібі көрсетіледі.

55. Эвакуациялық комиссия таратылатын және эвакуацияланатын халықты қауіпсіз аймаққа орналастыру карталарын (схемаларын), тарату және эвакуациялау бойынша деректері бар қалалар жоспарларын, халықты әкету және оны жаяу тәртіппен шығару есептерін, қауіпсіз аймақта халықты қамтамасыз ету бойынша есептерді әзірлейді.

56. Жаяу тәртіпте марш ұйымдастыру үшін қозғалыс бағыттары белгіленеді. Қозғалыс бағыттары әскери тасымалдаулардан бос жолдар бойынша өтеді. Әр қала үшін бағыттар саны жергілікті жағдайларға, жолдардың болуына, сондай-ақ таратылатын және эвакуацияланатын халықтың санына байланысты болады.

57. Жаяу қозғалыс бағыттарында реттеу пункттері, аялдайтын орын аудандары мен аралық эвакуациялау пункттері белгіленеді, ол жерлерде медициналық пункттер, жылыну мен тамақтандыру пункттері құрылады.

Аялдайтын орын аудандары мүмкіндігінше халықтың демалуы мен тіршілігін қамтамасыз етуге арналған орындардың болуын есепке ала отырып, таңдалуы тиіс. Соғыс уақытына аялдайтын орындарда халықты паналату үшін аялдайтын орындарда қарапайым жасырын паналар әзірленеді, жарықтық бүркеніш және демалу бойынша іс-шаралар қамтамасыз етіледі.

Егер тұрақты орналастыру аудандары тәуліктен артық жүретін қашықтықта болса, эвакуациялау пункттері құрылады. Олар келетін халықты өмір сүру үшін ең аз қажетті жағдайлармен (тамақтандыру, сумен жабдықтау, медициналық қызмет көрсету) қамтамасыз етуі тиіс.

58. Таратылатын және эвакуацияланатын халықтың жаяу тәртіптегі қозғалысы кезінде ұйымшылдықты және тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында жаяу лектердің, ал автомобиль көлігімен тасымалдау кезінде автомобиль лектерінің бастықтары тағайындалады.

59. Жаяу лектердің қозғалысын ұйымдастыру үшін жаяу эвакуациялау бағыттарының бастықтары тағайындалады.

60. Жаяу эвакуациялау бағыттары бастықтарының жанында қажетті байланыс және құлақтандыру құралдары бар басқару топтары құрылады. Бағыттар бастықтарына азаматтық қорғау күштерінің топтары құрамынан қоғамдық тәртіпті сақтау және барлау жүргізу үшін күштер мен құралдар беріледі.

61. Жаяу лектер саны 500-ден 1000 адамға дейін құрылады.

Лектер қозғалысының жылдамдығы сағатына 4-5 шақырым, лектер арасындағы арақашықтық – 500 метрге дейін жоспарланады.

Тәуліктік өту шамасы – 30-40 шақырым.

Демалуға арналған аялдау ұзақтығы: аз – 30-45 минут, көп – 2-4 сағат болып белгіленеді. Аз аялдау әрбір 2-2,5 сағат қозғалыс арасында, көп аялдау – тәуліктік өтудің екінші жартысының басында болды.

62. Эвакуациялау бағыттары үшін мыналар:

- 1) лектер тізбесі, олардың құрамы мен нөмірленуі;
- 2) қозғалыс бағыты;
- 3) лектердің бастапқы пункті, реттеу пункті және олардың өту уақыты, аялдайтын орын аудандары мен ұзақтығы;
- 4) аралық эвакуациялау пункті немесе халықты орналастыру аудандары және оларға лектердің келу уақыты;
- 5) қосып берілген көлігі бар медициналық пункт және жылыну пункттері;

6) қадағалау бекеті;

7) бағытта және жоғары тұрған бастықпен байланысты ұстау тәртібі;

8) соғыс уақытында бағытта, аялдайтын орындарда және аралық эвакуациялау пункттерінде халықты паналату үшін пайдаланылатын жасырын паналар мен жер қатпарлары;

9) басқару және құлақтандыру сигналдары көрсетіле отырып, схема әзірленеді.

63. Лектер бастықтарына марш схемаларынан үзінділер беріледі, онда:

- 1) лектің нөмірі мен құрамы;
- 2) қозғалыс бағыты;
- 3) бастапқы пункт, реттеу пункттері және оларды өту уақыты;
- 4) аялдайтын орын аудандары мен ұзақтығы;
- 5) аралық эвакуациялау пункті немесе халықты орналастыру ауданы және лектің оларға келу уақыты;

6) соғыс уақытында бағытта, аялдайтын орындарда және аралық эвакуациялау пункттерінде халықты паналату үшін пайдаланылатын жасырын паналар мен жер қатпарлары;

7) медициналық пункттер және жылыну пункттері;

8) қадағалау бекеттері;

9) бағыт бастығымен байланысты ұстау тәртібі;

10) басқару және құлақтандыру сигналдары көрсетіледі.

64. Таратылатын және эвакуацияланатын халықты қауіпсіз аймаққа қабылдауды, орналастыру мен қамтамасыз етуді ауылдық аудандардың

-ведомствоға жататын ұйымдардың эвакуациялық шараларына басшылық жасау, қауіпсіз аймақтағы орналастыру аудандарды алдын ала дайындау жөніндегі шараларды қабылдау;

-азаматтық қорғау, азаматтық қорғау қызметтері жоспарларын әзірлеу, ведомствоға жататын звенолардағы жоспарлауға басшылық жасау;

-авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге шешім қабылдау үшін азаматтық қорғаудың тиісті бастықтарына ұсыныстар дайындау;

-азаматтық қорғаудың тиісті бастықтары берген тапсырмаларды орындау кезінде, қызметтің бағынышты күштері мен құралдарына басшылық жасау;

-төтенше жағдайлардың туындау қауіпін азайту, ұйымдар мен салалардың жұмыстарының тұрақтылығын арттыру бойынша шараларды әзірлеу және жүзеге асыру бойынша басшылық жасау;

-белгіленген тәртіпте қызметтер өткізетін азаматтық қорғау шараларын шараларын қаржылық және материалдық-техникалық жабдықтауды қамтамасыз ету, олардың резервтерін қосу, төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша шаралар қолдану, авариялық-құтқару және басқа шұғыл жұмыстарды қамтамасыз ету, зардап шеккендерге көмек көрсету;

-қызмет құзыреті шегінде азаматтық қорғау шараларының барлық кешендеріне тікелей басшылықты жүзеге асыру.

Азаматтық қорғаудың негізгі республикалық қызметі және олардың міндеттері

Азаматтық қорғаудың инженерлік қызметі

Азаматтық қорғаудың инженерлік қызметі азаматтық қорғау шараларын инженерлік қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Азаматтық қорғаудың медициналық қызметі

Жеке құрамның жұмыс қабілеті мен денсаулығын, азаматтық қорғау күштерін сақтау, зардап шегушілер



туындау нәтижесінде, сондай-ақ заманауи зақымдаушы құралдардың дамуында болжалған жағдайларды ескере отырып, алдын ала күнделікті қызметте жүргізіледі.

Қызметтің негізгі міндеттері болып табылатындар:

-халықты қорғау және заманауи зақымдаушы құралдарды қолданудан туындаған төтенше жағдайлардың салдарларынан болған шығындарды азаматтық қорғау шаралары кешенін қамтамасыз етуді жоспарлау және жүзеге асыру;

-ұйымдарды қамтамасыз ету мен авариялық құтқару және басқа кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу, зардап шеккен халыққа көмек көрсету;

-мамандандырылған құрылымдарды құру және дайындау, ұйғарым бойынша жұмыс жүргізуге арналған олардың дайындықтарын ұстап тұру;

-оларды қажетті материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ететін, бағынышты органдардың басқармаларын құру;

-басшы құрамдарды дайындау, халықты қорғау тәсілдеріне және төтенше жағдайлардағы әрекеттерге, заманауи соққы беру қаруларын оқытуға үйрету;

-азаматтық қорғауды басқару жүйелерінің жоғары дайындық дәрежелерін ұстап тұру және құруды қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың туындау қауіпі және туындауы туралы, заманауи соққы беру құралдарын қолдану туралы халықты ақпараттандыру және хабарлау;

-бактериологиялық (биологиялық) және химиялық, радиоактивті зақымдануды (ластануды) тұрақты бақылап және қадағалап отыруды ұйымдастыру;

-тиісті басқару органдарымен және әскери командования күштерімен, ішкі істер органдарымен өзара әрекеттестікті қолдап отыру және ұйымдастыру;



эвакуациялық қабылдау комиссиялары бір адамға 2,5 шаршы метр есебімен жоспарлайды.

65. Ауылдық ауданның азаматтық қорғаныс жоспарына қосымша болып табылатын эвакуацияланатын халықты қабылдау және орналастыру жоспарында:

1) келетін ұйымдардың саны мен атауы және жұмысшылар, қызметшілер және олардың отбасы мүшелерін көрсете отырып, оларды елді мекендерге (қалалар көшелеріне) бөлу;

2) өз қызметтерін қаладан қауіпсіз аймаққа ауыстырған ұйымдарды орналастыру үшін жоспарланған өндірістік, қызметтік, әкімшілік, мәдени-тұрмыстық және басқа да ғимараттар мен құрылыстар;

3) таратылатын және эвакуацияланатын халықты түсіру пункттері;

4) эвакуациялық қабылдау пункттері, оларды орналастыру және әкімшілік құрамы, оларды әзірлікке келтіру мерзімдері мен тәртібі;

5) эвакуациялық қабылдау пункттеріне келіп жатқан халықты жеке-жеке орналастыру орындарына жеткізу тәртібі мен мерзімдері; тасымалдауға арналған көлік құралдары (кім және қанша бөлген, бөлу уақыты);

6) таратылатын және эвакуацияланатын халыққа орындар дайындау, оларды тамақ өнімдерімен және бірінші кезектегі қажетті заттармен қамтамасыз ету, медициналық қызмет көрсетуді және келіп жатқан халықты қамтамасыз ету бойынша басқа да іс-шараларды ұйымдастыру тәртібі мен мерзімдері;

7) жергілікті атқарушы органдар, эвакуациялау органдары басшыларын, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер басшыларын эвакуациялау іс-шараларының басталуы, түсіру пункттеріне адамдардың келу уақыты туралы құлақтандыру тәртібі;

8) радиациялық және химиялық қадағалауды ұйымдастыру, таратылатын және эвакуацияланатын халықты аумақтарға (азаматтық қорғаныс тобына жатпайтын қаланың) қабылдау және орналастыру кезеңіндегі басқару және ақпарат көрсетіледі.

6-тарау. Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шаралары

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

66. Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шаралары: Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын, аумақтық дамудың өңіраралық схемаларын, аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын жасаған кезде; елді мекендердің бас жоспарларын жасаған кезде; аумақтарды, елді мекендерді, өнеркәсіптік аймақтарды аудандық жоспарлау және салу схемалары мен жобаларын жасаған кезде; ұйымдарды салу, кеңейту, реконструкциялау және техникалық қайта жарақтандыру жобаларында; кәсіпорындарды, ғимараттарды және құрылыстарды салуға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, келісу, бекіту кезінде әзірленеді.

67. Бөлімді әзірлеуге арналған бастапқы деректер мен техникалық талаптарды жобалау ұйымының қатысуымен жобаға тапсырыс беруші әзірлейді.

Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері жобаның жоспарланған ауданының жай-күйі туралы бастапқы деректер, сондай-ақ бөлім мазмұны бойынша ұсыныстар береді.

7-тарау. Азаматтық қорғаныс объектілері мен мүлкі

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

68. Азаматтық қорғаныс объектілеріне: басқару пункттері, жеке тұрған және қосып салынған паналайтын жерлер, радиацияға қарсы жасырын паналар, азаматтық қорғаныс мүлкін сақтауға арналған қойма үй-жайлары жатады.

Азаматтық қорғаныс мүлкіне: жеке қорғану құралдары, радиациялық, химиялық барлау және дозиметрлік бақылау аспаптары, жеке медициналық қорғану құралдары, байланыс және құлақтандыру құралдары және басқа да материалдық-техникалық құралдар жатады.

69. Азаматтық қорғаныс іс-шараларын қамтамасыз ету үшін азаматтық қорғаудың басқару органдарында азаматтық қорғаныс мүлкінің запастары құрылады.

70. Мемлекеттік меншік болып табылатын және азаматтық қорғаныс іс-шараларын қамтамасыз ету мен жұмылдыру тапсырма-

3. Ұйымдарда азаматтық қорғау объектілі құрылымдарының талап ету есептемесін кім әзірлейді және кім бекітеді?

4. Бағыныштылығы және ұйғарылымы бойынша азаматтық қорғау құрылымдары қалай бөлінеді?

5. Ғаламдық және аумақтық төтенше жағдайларды жою жөніндегі күштер мен құралдардың топ құрамына енгізілген, төтенше жағдайлар аудандарында және зақымдау ошақтарында авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін азаматтық қорғау құрылымдары қандай режимде болуы тиіс.

Тақырып: БЕЙБІТ ЖӘНЕ СОҒЫС УАҚЫТЫНДА ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫН ЖОСПАРЛАУЫ

«Азаматтық қорғау туралы» Заң. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 303 бұйрығы. Ол Республикалық азаматтық қорғау қызметінің (*бұдан әрі – қызмет*) өкілеттігі мен мәртебесін анықтайды.

Қызмет азаматтық қорғаудың бейбіт және соғыс уақытында арнайы шараларының орындалуын қамтамасыз етуге, халықты төтенше жағдайлардан, заманауи соққы беру құралдарынан қорғауды қамтамасыз етуге арналған.

Қызмет республикалық, облыстық, аудандық, қалалық деңгейлерде құрылады, сондай-ақ ұйымдарда да құрылады.

Азаматтық қорғау республикалық қызметтерінің тізімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы «Азаматтық қорғау республикалық қызметтерінің тізімін бекіту туралы» №1210 қаулысымен бекітілген.

Қызмет өзіне жүктелген міндеттерді басқа азаматтық қорғау Республикалық қызметтерімен, Қарулы Күштердің бөлімдерімен және бөлімшелерімен, басқа да әскерлермен және әскери құрылымдармен, Қазақстан Республикасы аумағындағы азаматтық қорғау құрылымдарымен өзара тығыз байланыста шешеді.

Қызмет күштері мен құралдарын дайындау төтенше жағдайлар

ошақтарында автономды режимде алғашқы он төрт тәулік ішінде дайын болуы тиіс.

Азаматтық қорғау құрылымдарын дайындауды ұйымдастыруды құрылымдардың командирлері жүзеге асырады.

Азаматтық қорғау құрылымдарын дайындау оқу қалаларында, жергілікті жерлер бөлімшелерінде немесе ұйымдардың аумақтарында жүзеге асырылады.



Азаматтық қорғау құрылымдары жаттығуларына және үйрнулеріне қажетті мөлшерде арнайы техникалар, жабдықтар, құрал-саймандар, керек жарақтар және материалдар толық құрамда шығарылады.

Авариялық-құтқару қызметін және құрылымын тіркеу

Авариялық-құтқару қызметі және құрылымы авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу құқығына ие куәлік негізінде міндетті тіркеуге жатады.

Авариялық-құтқару қызметін және құрылымын, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті үйлестіруді ҚР ІІМ ТЖК жүзеге асырады.

Авариялық-құтқару қызметін және құрылымын, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметті үйлестіру Қазақстан Республикасы аумағында мына мақсаттарда:

1) төтенше жағдайларды жою үшін қажетті құралдар мен күштерді жедел тарту;

2) авариялық-құтқару қызметі және құрылымы, сондай-ақ мемлекеттік емес өртке қарсы қызметі арасындағы өзара әрекеттестікті орнату мақсатында жүзеге асырылады.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Азаматтық қорғау қызметі не үшін құрылады?
2. Азаматтық қорғау құрылымдарын не үшін және кім құрады?

ларын орындауға арналған азаматтық қорғаныс объектілері мен мүлкі иеліктен шығаруға жатпайды.

71. Мемлекеттік органдардың азаматтық қорғанысының қорғаныш құрылыстары мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен күтіп-ұсталады.

Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған, жұмылдыру тапсырысы бар ұйымдардың аумағында орналасқан, азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары ұйымдардың қаражаты есебінен күтіп-ұсталады. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары неғұрлым көп жұмыс істейтін ауысымға есептелуге және азаматтық қорғау мақсатында пайдаланылуға тиіс.

Азаматтық қорғаныстың объектілері мен мүлкі бар заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда, азаматтық қорғаныстың объектілері мен мүлкін әзірлікте ұстап тұру және нысаналы пайдалану жөніндегі міндеттер, сондай-ақ оларды құру мен жинақтау жөніндегі тапсырмалар азаматтық қорғаныс объектілер мен мүлкінің жаңа меншік иелеріне өтеді.

72. Азаматтық қорғаныстың объектілерін құру және пайдалану тәртібі «Азаматтық қорғаныс объектілерін құру және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 1357 қаулысымен айқындалған.

73. Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдар жыл сайын азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген әдістемелік ұсынымдарға сәйкес азаматтық қорғаныс объектілеріне кешенді тексеру жүргізеді.

74. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын тексеру кезінде мынадай құжаттаманың:

- осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша паналайтын жерлер (радиацияға қарсы жасырын паналар) паспорты;
- осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысын тексеру журналы;
- осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша паналайтын жердегі (радиацияға қарсы жасырын панадағы) микроклиматтың және ауадағы газ құрамының көрсеткіштерін тіркеу журналы;
- азаматтық қорғаныс қорғаныш құрылысының жоспары;
- объектіні әзірлікке келтіру жоспары;
- жабдықтар, құрал-саймандар мен мүлік тізбесі;
- басқару органдары телефондарының тізімі;
- қорғаныш құрылысына қызмет көрсету жөніндегі топтың жеке құрамының тізімі;

-тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін пайдалану схемасы (желдету, сумен жабдықтау мен кәріз, қорғаныш құрылысын электрмен жабдықтау);

-дизельді электр станциясына, сүзу-желдету жабдыктарына қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық (болған жағдайда) болуы қажет.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2017 № 209 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

75. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарын кешенді тексерудің нәтижелері азаматтық қорғаныс объектісін тексеру журналына енгізіледі және азаматтық қорғау саласындағы аумақтық органға жіберіледі.

жұмылдыру ұйғарымы барлардан басқа еңбекке жарамды еркектер мен әйелдер кіреді.

Бейбіт уақытта табиғи және техногенді жағдайлардағы төтенше жағдайларды жою үшін құрылымға әскери міндетті және жұмылдыру ұйғарымы барлар енгізіледі. Соғыс кезінде жұмылдыру ұйғарымы барлар азаматтық қорғау құрылымдары құрамынан шығарылады



(мұндай жағдайда олардың орнын ауыстыратындар – дублерлер алдын ала дайындалады).

Азаматтық қорғау құрылымдары жұмылдыруды жариялаған кезде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне басқа әскерлер мен әскери құрылымдар жеткізуге ұйғарылмаған автомобилдер-

мен (арнайы) және басқа техникалармен толықтырылады.

Азаматтық қорғау құрылымдарын техникалармен, жабдықтармен, жарақтармен, құрал-саймандармен және материалдармен материалдық-техникалық қамтамасыз ету, ұйымдардағы өз ісін қамтамасыз етуге арналған техникалар және мүліктер есебінен толықтырылады.

Ұйымдардағы саны елуден аспайтын азаматтық қорғау объектілі құрылымдарын, сондай-ақ орталық атқару органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету басшының шешімімен жүзеге асырылады және оған кіретіндер: құрылымның әрбір мүшесіне өрт сөндіргіштер, медициналық дәрі қорапшасы – екі бірлігі, азаматтық қорғау басқару органдарына арналған сөйлесу құрылғылары.

Ұйымның және азаматтық қорғау құрылымдарын құрушы орталық атқару органдары есебінен, азаматтық қорғау құрылымдарының әрбір мүшесі тыныс алу органдарын қорғау құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Ғаламдық және аумақтық төтенше жағдайларды жою бойынша күштер мен құралдар құрамына енетін, азаматтық қорғау құрылымдары төтенше жағдайлар аудандарында және зақымдану

2 адамнан. Азаматтық қорғау құрылымының толықтыру нормасын және құрамын Ережеге сәйкес азаматтық қорғау құрылымы жұмысын жүргізу мүмкіндігіне орай ұйымның басшысы бекітеді. Құрылымның структурасын ұйымдастыру жергілікті жағдайларға, өндірістің структурасы мен ерекшелігіне, қолда бар мүлікке, техникаға және көлік құралдарына және соның базасында азаматтық қорғау құрылымдары құрылған, ұйымның қызметін анықтайтын және басқа факторларға байланысты нақтыланады.



Жергілікті жағдайларға және қолда бар материалдық-техникалық базаға байланысты тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқару органының шешімімен басқа да азаматтық қорғау құрылымдары құрылады.

Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін қазіргі бар азаматтық қорғау аумақтық құрылымдары және авариялық құтқару қызметі мен құрылымдары, объектілі құрылымдар қатарынан жоғары дайындықтағы шұғыл әрекет ету құрама жасағын құрылады.

Шұғыл әрекет ету құрама жасағы азаматтық қорғау аумақтық құрылымдары қатарына жатады. Шұғыл әрекет ету құрама жасағының құрылысы мен командирін уәкілетті органның аумақтық ведомстволық бөлімшелерінің ұсынысы бойынша азаматтық қорғау саласындағы әкімшілік-аумақтық бірлікке сәйкес жергілікті атқару органы шешімімен бекітіледі.

Дайындыққа келтірудің ең жоғарғы ықтимал уақыты: азаматтық қорғау негізгі құрылымдары, соның ішінде шұғыл әрекет ету жасағы құрамына кіретін құрылымдар үшін – төрт сағаттан артық емес; авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз ететін құрылымдар үшін – алты сағаттан артық емес.

Азаматтық қорғау құрылымдарына: бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектерден, жүкті әйелдерден, сегіз жасқа дейінгі балалары бар әйелдерден және соғыс кезінде әскери міндетті және

Азаматтық қорғаныс
іс-шараларын ұйымдастыру
және жүргізу қағидаларына
1-қосымша
нысан

Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуы туралы есеп

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2017 № 209 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ р/с	Азаматтық қорғаныс іс-шаралары	Орындалуы туралы ақпарат
1.	Субъектінің (объектінің) сипаттамасы, оның ішінде: - Т.А.Ә., басшының лауазымы; - мекен-жайы; - пошта индексі; - БСН (ЖСН); - қызмет саласы; - кәсіпкерлік санаты (кәсіпкерлік субъектілері үшін); - тіркеу күні (шағын кәсіпкерлік, микро кәсіпкерлік үшін).	
2.	«Азаматтық қорғаныс жоспарлары мен төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларының құрылымдарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 258 бұйрығына (бұдан әрі – бұйрық) сәйкес азаматтық қорғаныстың тиісті бастығы бекіткен азаматтық қорғаныс жоспарының болуы.	
3.	Бұйрыққа сәйкес азаматтық қорғаныстың тиісті бастығы бекіткен төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимылдар жоспарының болуы.	

4.	Басқару, құлақтандыру және байланыс жүйелерінің болуы және олардың жай-күйі.	
5.	Азаматтық қорғау күштерін құру, жасақтау, жарақтандыру және оларды әзірлікте ұстау	
6.	Азаматтық қорғау қызметінің басшы құрамын тағайындау туралы бұйрық (бұйрықтан үзінді көшірме).	
7.	Азаматтық қорғаныс жөніндегі жауапты адамдарды, оның ішінде азаматтық қорғау құралымдары командирлерін тағайындау туралы бұйрық (бұйрықтан үзінді көшірме).	
8.	Азаматтық қорғау саласындағы даярлықтан (қайта даярлаудан) өту.	
9.	Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарының қорын құру және жинау, оларды жұмыс істеуге әзірлікте ұстау.	
10.	Азаматтық қорғаныс және халықтың тіршілігін қамтамасыз ету іс-шараларын орындау үшін жеке қорғау құралдарын, материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және өзге де ресурстар қорын құру, жинау және уақтылы жаңарту.	
11.	Эвакуациялық іс-шараларды жоспарлау	
12.	Салалар мен ұйымдардың тұрақты жұмыс істеуі жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және орындау.	
13.	Азаматтық қорғанысты ұйымдастыруға және оларды жүргізуге бөлінген және игерілген қаржы қаражатының саны.	
14.	Проблемалық мәселелер және оларды шешу жолдары.	

Басшы

(қолы)

жер сілкінісіне ұшырау қауіпі бар аймақтар үшін АҚ құрылымдары он адамға бір құтқарушыдан; су тасқынына, өртке және басқа да



қауіпті қатерлерге ұшырау қауіпі бар өнеркәсіпті аймақтар мен аумақтар үшін АҚ құрылымдары жиырма адамға бір құтқарушыдан дайындалады.

Азаматтық қорғау құрылымдарындағы тұтыну есесптемесі мына ұсыныстарға сәйкес әзірленеді: орталық атқару органына тікелей

бағынатын азаматтық қорғау құрылымдары үшін – орталық атқару органы азаматтық қорғанысын жүргізу және ұйымдастыру жөніндегі структуралық бөлімшелерінің және тиісті орталық атқару органы бекітеді; азаматтық қорғау аумақтық құрылымдары үшін (медицинадан басқа) – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық ведомстволық бөлімшелерінің және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің облыстық, республикалық маңызды қалалардың, астаналардың, қалалардың, аудандардың тиісті жергілікті атқару органдары бекітеді.

Азаматтық қорғау объектілі құрылымдарындағы тұтыну есесптемесі Ережеге сәйкес әзірленеді және оларды азаматтық қорғау объектілі құрылымдары бірінші басшылары бекітеді. Азаматтық қорғау объектілі құрылымдары келесі шарттардың біріне сәйкес келетін ұйымдарда құрылады:

1) Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 20 бабының, 3 тармағына сәйкес, Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жатады;

2) жұмылдыру тапсырмалары бар және (немесе) соғыс уақытында жұмысын жалғастырады;

3) қауіпті химиялық зақымдауы мүмкін және (немесе) қауіпті радиациялық зақымдауы ықтимал және немесе апаттық су басу аймақтарында орналасады.

Адам саны 50-ден аз Орталық атқару органдары мен ұйымдарында Азаматтық қорғау объектілі құрылымдары құрылады: өртке қарсы, медициналық көмек, байланыс ұйымдарында әрқайсысында

Азаматтық қорғау құрылымы авариялық-құтқару және бейбіт және соғыс уақытындағы шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған.

Азаматтық қорғау құрылымдарының құрылысы ұйымдардан құрылған және авариялық-құтқару және бейбіт және соғыс уақытындағы шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған.

Азаматтық қорғау құрылымдары келесілерге бөлінген:

- ұйғарылымы бойынша – негізгі және авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу;
- бағынуы бойынша – аумақтық және объектілік.

Негізгі құрылымдарға жататындар: барлау, құтқару, медициналық, инженерлік, өртке қарсы, авариялық-техникалық, радиациялық және химиялық қорғау. Азаматтық қорғаудың қалған құрылымдары авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз етуге жатады.

Азаматтық қорғаудың аумақтық құрылымдары облыстарда, республикалық маңызы қалаларда, қалаларда, аудандарда құрылады, әкімшілік-аумақтық бірліктің тиісті азаматтық қорғаныс бастығына бағынады. Аумақтық құрылымның құрылу базасы ұйымдар болып табылады. Азаматтық қорғаудың объектілік құрылымы ұйымдарда құрылады және солардың мүддесінде пайдаланылады. Азаматтық қорғау құрылымдарын есепке алуды азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жүргізеді. Объекті АҚ бұйрығының негізінде АҚ объектілік құрылымы құрылады.

Азаматтық қорғау құрылымдарын құру:

Азаматтық қорғау құрылымы орталық және жергілікті атқару органдарында, ұйымдарда құрылады.

Азаматтық қорғау құрылымдарының жалпы саны:



Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына
1-1-қосымша

Эвакуациялық комиссиясы әкімшілігінің үлгі құрылымы

Ескерту. Қағида 1-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).




Ескерту:

Қажет болған жағдайда, эвакуацияланатын халықтың саны және оны қамтамасыз етуге байланысты іс-шаралардың көлемін ескере отырып, эвакуациялық комиссиясы әкімшілігінің үлгі құрылымына өзгерістер енгізіледі.

Азаматтық қорғаныс
іс-шараларын ұйымдастыру
және жүргізу қағидаларына
1-2-қосымша

Эвакуациялық қабылдау комиссиясы әкімшілігінің үлгі құрылымы

Ескерту. Қағида 1-2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).



Ескерту:

Қажет болған жағдайда, эвакуацияланатын халықтың саны және оны қамтамасыз етуге байланысты іс-шаралардың көлемін ескере отырып эвакуациялық қабылдау комиссиясы әкімшілігінің үлгі құрылымына өзгерістер енгізіледі.

бағытталған шараларға қатысумен; уәкілетті органның қарамағындағы басқару орындарын қызмет көрсетуді және күзетуді қамтамасыз етумен; төтенше жағдайлар аймағына, соның ішінде шет ел мемлекеттеріне жеткізілетін жүктерді күзетумен және жеткізіп салумен айналысады; мобилизациялық ашуға және жоғары дәрежелі дайындыққа келтіруге дайындық бойынша шараларды жүзеге асырады; полигондарды, оқу-үйрену объектілерін дайындықта ұстайды.



2) *соғыс уақытында:*

олардың қорғаныс шебін және орнын құру; жұқпалы зақымдау аймақтары мен зақымдау ошақтарындағы радиациялық, химиялық барлау жүргізу; жұқпалы зақымдау мен апаттық су басу аймақтарында

авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстар жүргізу; аэродромдарды, жолдарды, өткелдерді және басқа да тылдың маңызды инфрақұрылымдық элементтерін, тиеу-түсіру пункттерінің жабдықтарын қалпына келтіру; көшіру шараларын жүргізуге қатысу; аумақтық қорғаныстың жекелеген тапсырмаларын орындау; қорғанысты ұйымдастыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Бас штабы көрсеткіштерін орындау.

Жұмылдыруды хабарлаған кезінде ҚР ИМ ТЖК басқару органдары және АҚ әскери бөлімі ҚР Қарулы Күштерінің құрамына кіреді. ТЖ жағдайында құралдар мен күштер құрамын Ұлттық Ұланның Бас қолбасшысы анықтайды.

Азаматтық қорғау құрылымы өзінің аса көп санына және әртүрлі оқиғалар мен төтенше жағдайлар ошағына тікелей жақындығына орай ҚР АҚ күшінің басты негізін құрайды.

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сәйкес, азаматтық қорғау





қорғау күштері мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Азаматтық қорғау күштері мыналардан тұрады:

- Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдері;
- авариялық-құтқару қызметтері және құрылымдары;
- өртке қарсы қызметтік

мемлекеттік және мемлекеттік емес бөлімшелері;

- азаматтық қорғау құрылымдары;
- азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның авиациясы;
- жағдайды және болжамды бақылау, қадағалау қызметі.

Азаматтық қорғау күшін пайдалану тиісті деңгейдегі АҚ бастығының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Азаматтық қорғау күштері ішінде маңызды рөлді Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғаныс әскери бөлімі иеленеді.

Қазақстанда АҚ үш әскери бөлімі жұмыс істейді, олар барлық қажетті авариялық-құтқару техникаларымен, құрал-жабдықтармен және кәсіпқой мамандармен жинақталған.

АҚ әскери бөлімдері халықты, аумақты және шаруашылықпен айналысатын объектілерді бейбіт және соғыс уақытында туындаған және туындау қаупі бар ТЖД-дан қорғау үшін тағайындалған.

Бейбіт уақытта бұл әскери бөлімдер өзінің кәсіптік дайындықтарын үздіксіз дамытумен тікелей айналысады, Қазақстан Республикасы аумағында төтенше жағдайларды жоюмен; әскери, мобилизациялық және саяси дайындықтарды ұйымдастырумен; төтенше жағдайлар аймағындағы халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындаумен; қажет болған кезде елдің жекелеген аймақтарының тіршілігін қамтамасыз ету процестеріне, төтенше жағдайлардың алдын алуға



Азаматтық қорғаныс
іс-шараларын ұйымдастыру
және жүргізу қағидаларына
1-3-қосымша

Эвакуациялық жинау пункттері әкімшілігінің үлгі құрылымы

Ескерту. Қағида 1-3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).



Ескерту:

Қажет болған жағдайда, эвакуацияланатын халықтың саны және оны қамтамасыз етуге байланысты іс-шаралардың көлемін ескере отырып эвакуациялық жинау пункттері әкімшілігінің үлгі құрылымына өзгерістер енгізіледі.

Азаматтық қорғаныс
іс-шараларын ұйымдастыру
және жүргізу қағидаларына
1-4-қосымша

Аралық эвакуациялау пункттері әкімшілігінің үлгі құрылымы

Ескерту. Қағида 1-4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).



Ескерту:

Қажет болған жағдайда, эвакуацияланатын халықтың саны және оны қамтамасыз етуге байланысты іс-шаралардың көлемін ескере отырып аралық эвакуациялау пункттері әкімшілігінің үлгі құрылымына өзгерістер енгізіледі.

Азаматтық қорғаныс объектілері және мүлкі бар заңды тұлға, заңды тұлға тараған немесе қайта құрылған жағдайда, Азаматтық қорғаныс объектілерін және мүлкін мақсатты пайдалану дайындықта ұстау міндеттерін, сондай-ақ оларды құру және жинау жөніндегі тапсырмалар Азаматтық қорғаныс объектілерінің және мүлкінің жаңа меншік иесіне өтеді.



БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Қазақстан Республикасында Азаматтық қорғанысқа басшылықты кім жүзеге асырады?
2. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктерінде азаматтық қорғанысқа басшылықты кімдер жүзеге асырады?
3. Азаматтық қорғаныс іс-шараларын қамтамасыз ету кімге жүктеледі, Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жататын ұйымдарға жүктеле ме?
4. Азаматтық қорғаныс Жоспарын кім және қашан әзірлейді?
5. Азаматтық қорғаныстың қандай іс-шаралары әскери қақтығыстар туындаған кезде жүргізіледі?

Тақырып: АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ КҮШТЕРІ. АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Азаматтық қорғау күштері халықты, ұйымдар мен аумақты қорғау, бейбіт және соғыс уақытында химиялық, биологиялық, радиациялық, бактериологиялық зақымдану ошақтарында құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу бойынша азаматтық қорғау міндеттерін орындауға арналған. Азаматтық қорғаныс азаматтық

-жараланғандар мен зақым алғандарға медициналық көмек көрсету;

-эвакуациялық іс-шараларды жүргізу;

-азаматтық қорғаудың қосымша басқару, құлақтандыру және байланыс пункттерін құру;

-авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу;

-бұзылған басқару, құлақтандыру және байланыс жүйелерін қалпына келтіру;

-азаматтық қорғау құрылымдарының әзірлігін қалпына келтіру.



Азаматтық қорғаныс объектілері және мүлкі

Азаматтық қорғаныс объектілеріне жататындар: басқару пункттері, жеке тұрған немесе жапсарлас салынған панаханалар, радиацияға қарсы панахана, Азаматтық қорғаныс мүліктерін сақтауға арналған қоймалық ғимарат.

Азаматтық қорғаныс мүлкіне жататындар: жеке қорғаныс құралдары, радиациялық аспаптар, химиялық барлау және дозиметриялық бақылау, жеке медициналық қорғаныс құралдары, байланыс және хабарландыру құралдары және басқа материалдық-техникалық құралдар.



Азаматтық қорғаныс іс-шараларын қамтамасыз ету үшін азаматтық қорғау басқару органдарында Азаматтық қорғаныстың запас мүлкі құрылады.

Азаматтық қорғаныс және жұмылдыру тапсырмаларын орындауды қамтамасыз ету үшін ұйғарылған және мемлекеттік меншік болып табылатын Азаматтық қорғаныстың объектілері мен мүлкі иеліктен шығаруға жатпайды.

Азаматтық қорғаныс
іс-шараларын ұйымдастыру
және жүргізу қағидаларына
1-5-қосымша

Эвакуациялық қабылдау пункттері әкімшілігінің үлгі құрылымы

Ескерту. Қағида 1-5-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).



Ескерту:

Қажет болған жағдайда, эвакуацияланатын халықтың саны және оны қамтамасыз етуге байланысты іс-шаралардың көлемін ескере отырып эвакуациялық қабылдау пункттері әкімшілігінің үлгі құрылымына өзгерістер енгізіледі.

Азаматтық қорғаныс
іс-шараларын ұйымдастыру
және жүргізу қағидаларына

1-6-қосымша

**Зардап шеккен халықты қабылдау пункттері әкімшілігінің
үлгі құрылымы**

Ескерту. Қағида 1-6-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2019 № 283 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).



Ескерту:

Қажет болған жағдайда, эвакуацияланатын халықтың саны және оны қамтамасыз етуге байланысты іс-шаралардың көлемін ескере отырып зардап шеккен халықты қабылдау пункттері әкімшілігінің үлгі құрылымына өзгерістер енгізіледі.

азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жатқызылған ұйымдар өз құзыреті шегінде азаматтық қорғаныстың мынадай іс-шараларын жүргізеді:

1) күні бұрын:

- азаматтық қорғаныс жоспарларын әзірлеу;
- басқару, құлақтандыру және байланыс жүйелерін құру әрі дамыту және оларды пайдалануға әзірлікте ұстап тұру;
- азаматтық қорғау күштерін құру, жасақтау, жарактандыру және әзірлікте ұстап тұру;



- қазіргі заманғы зақымдаушы құралдар қолданылған жағдайда қорғану тәсілдері мен іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың басқару органдарын дайындау және халықты оқыту;

- азаматтық қорғаныстың қорғаныс құрылыстарын салу және оның қорын жинақтау, оларды жұмыс істеу әзірлігінде ұстау;

- азаматтық қорғаныс мүлкін құру, жинақтау және уақтылы жаңарту;



- эвакуациялық іс-шараларды жоспарлау;
- салалар мен ұйымдардың орнықты жұмыс істеуі жөнінде іс-шараларды жоспарлау және орындау;

2) әскери қақтығыстар туындаған кезде:

- қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың қатері мен қолданылуы туралы құлақтандыру, халыққа іс-қимылдар тәртібі туралы хабар беру;

- халықты азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстарында паналату, қажет болған кезде - жеке қорғану құралдарын пайдалану;

жерлерінде әскери қақтығыстардың нақты басталуынан немесе соғыс жағдайын енгізуден басталады.

Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалуын қамтамасыз ету:

- 1) уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелеріне;
- 2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орталық және жергілікті атқарушы органдарында азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелерге;
- 3) азаматтық қорғаныс санаттарына жатқызылған, бірінші басшыға тікелей бағынатын ұйымдарда азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелерге немесе жекелеген жұмыскерлерге жүктеледі.

Уәкілетті органда, оның аумақтық бөлімшелерінде және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерде штат санының лимиті шегіндегі лауазымдардың бір бөлігі әскери қызметшілерден, оның ішінде Қорғаныс министрлігінен, арнайы мемлекеттік органдардан, құқық қорғау органдарынан, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардан ауыстырылған (іссапарға жіберілген) әскери қызметшілерден жасақталады.

Азаматтық қорғаныс бастықтары:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс бастығы белгілеген тәртіппен тиісті деңгейдегі азаматтық қорғаныс жоспарын бекітуге және қолданысқа енгізуге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ведомстволық бағынысты аумақта эвакуациялық іс-шаралар жүргізуге;
- 3) азаматтар мен ұйымдарды азаматтық қорғаныс іс-шараларын жүргізуге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тартуға міндетті.

Азаматтық қорғаныс іс-шаралары

Әскери қақтығыстар туындаған кезде Қазақстан Республикасының халқын, объектілерін және аумағын қорғау, нұқсан мен шығынды азайту мақсатында орталық және жергілікті атқарушы органдар,

Азаматтық қорғаныс
іс-шараларын ұйымдастыру
және жүргізу қағидаларына
2-қосымша

нысан

№ ____ паналайтын жер (радиацияға қарсы жасырын пана) паспорты

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2017 № 209 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Жалпы мәліметтер

1. Мекен-жайы _____
(қала, аудан, көше, үй нөмірі)
2. Кімге тиесілі _____
(паналайтын жер, радиацияға қарсы жасырын пана кімге тиесілі)
3. Жобалау ұйымының атауы және жобаны кім бекіткен _____

4. Паналайтын жерді (радиацияға қарсы жасырын пананы) салған құрылыс-монтаждау ұйымының атауы _____
5. Бейбіт уақытта паналайтын жердің (радиацияға қарсы жасырын пананың) мақсаты _____

6. Бейбіт уақытта паналайтын жерді (радиацияға қарсы жасырын пананы) пайдаланатын ұйым _____
7. Пайдалануға қабылдау күні _____
(жылы, айы, күні)

8. Әзірлікке келтіру уақыты _____

Техникалық сипаттама

1. Сыйымдылығы (адам) _____
2. Жалпы ауданы (м²) _____
3. Жалпы көлемі (м³) _____
4. Паналайтын жердің (радиацияға қарсы паналау орны) орнала-

суы:

- ғимаратқа қосып салынған _____ қабаттар;
жеке тұрған _____;
тау-кен қазбаларда _____
5. Кіру жолдарының саны _____

6. Авариялық шығу жолдарының саны _____
7. Есіктер мен терезе қақпақтарының саны (маркасы немесе шифрін көрсетіп):
 қорғаныш-герметикалық _____;
 герметикалық _____.
8. Паналайтын жердің (жасырын пананың) қорғау сыныбы _____

9. Желдету жүйелерінің техникалық сипаттамасы:

Желдету жүйесі	Желдеткіштер			Генерациялау сүзгілері мен құралдары		Герметикалық клапандар		Жарылысқа қарсы құрылғылар	
	Түрі	Саны	Өнімділігі	Түрі	Саны	Түрі	Саны	Түрі	Саны

Сорғылар			Калориферлер немесе ауа салқындатқыштар			Тоңазытқыш машиналар		
Түрі	Саны	Өнімділігі	Түрі	Саны	Өнімділігі	Түрі	Саны	Өнімділігі

10. Өлшеу аспаптарының болуы және тізбесі _____
11. Герметикалық дәрежесі (тіреу шамасы) _____
12. Жылыту жүйесі _____
13. Энергиямен жабдықтау жүйесі _____
14. Сумен жабдықтау жүйесі _____

(су құбырының түрі, ұңғыма, авариялық резервуарлар сыйымдылығы)

15. Кәріз түрлері және санитариялық құрал-саймандар саны _____
16. Паспортты толтыру күні _____
- Қорғаныш құрылысын пайдаланатын ұйымның жауапты өкілі _____

Қолы _____

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган аумақтық бөлімшесінің өкілі _____

Қолы _____

Тақырып: АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫСҚА БАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫ. АҚ ОБЪЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ МҮЛКІ

Азаматтық қорғанысқа басшылық және оны басқару

Азаматтық қорғанысқа басшылықты Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі жүзеге асырады, ол лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс бастығы болып табылады.



Уәкілетті орган басшысы лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс бастығының орынбасары болып табылады және бейбіт уақытта азаматтық қорғанысқа басшылық етеді. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ҚР ИМ болып табылады.

Орталық атқарушы органдарда және ұйымдарда азаматтық қорғанысқа басшылықты олардың бірінші басшылары жүзеге асырады, олар лауазымы бойынша азаматтық қорғаныстың тиісті бастықтары болып табылады.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктерінде азаматтық қорғанысқа басшылықты әкімдер жүзеге асырады, олар лауазымы бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің азаматтық қорғаныс бастықтары болып табылады.

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің басшылары лауазымы бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктердің азаматтық қорғанысының тиісті бастықтарының орынбасарлары болып табылады.

Мемлекеттің азаматтық қорғаныс бойынша дайындығы қару-жарактың, әскери техниканың және халық пен объектілерді қорғау құралдарының дамуы ескеріле отырып, күні бұрын бейбіт уақытта жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде азаматтық қорғанысты жүргізу ерекше жағдайларда, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі бойынша, Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның жекелеген

ұйымдастыру құқығымен құпиялық режимін сақтай отырып, басқа пункттерге орналастырады.

Жеке қорғандың негізгі құралдары – халықты ҚӘУЗ-дан ингаляциялық қорғау азаматтық газқағарлар: ГП-5, ГП-7, ГП-7В, ГП-7ВМ, әмбебап қорғау құралы МАГ-3 (МЗС ВК). Балалар үшін тазартқыш газқағарлары: ПДФ-Д, ПДФ-Ш, ПДФ-2Д, ПДФ-2Ш, ал нәрестелер үшін: КЗД-4, КЗД-6 балаларға арналған қорғаныс камералары қолданылады. Осы барлық құралдардың ірі жетіспеушіліктері бар - олар кейбір ҚӘУЗ-дан (аммиак буынан, азот тотығынан, этилен қышқылынан, бромисті және хлористі метилден) қорғай алмайды.

Қорғаныс құралдарының қажетті мөлшері 29.12.2009 жылы ТЖ Министрінің № 313 бұйрығымен бекітілген «АҚ мүддесін қорғау құралдарының қажеттілігін анықтау жөніндегі» нұсқаулыққа сәйкес анықталады.

Азаматтық қорғаныстың арнайы мүліктеріне: жеке қорғаныс құралдары, радиациялық аспаптар, химиялық барлаулар және дозиметриялық бақылау, арнайы өңдеу аспаптары, сүзгіжелдеткіш құралдары және Азаматтық қорғаныстың қорғаныс құралдары ауасын регенерациялау, жеке медициналық қорғаныс құралдары, байланыс және қорғаныс құралдары мен басқа да материалдық-техникалық құралдар, сондай-ақ тиісті органдар бюджеттік қаражат есебінен сатып алған немесе жасаған, Азаматтық қорғаныс мүдделеріне пайдалануға арналған ұйымдар құралдары жатады.

Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау нормативтері - мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау шарттары мен мазмұны бойынша техникалық талаптар.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Мемлекеттік материалдық резерв қандай мақсатта құрылады?
2. Мемлекеттік материалдық резерв қандай материалдық құндылықтар сақталады?
3. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары қандай жағдайда пайдаланылады?
4. Операция жасау дегеніміз не?
5. Материалдық құндылықтардың сақталу мерзімі қандай?

Азаматтық қорғаныс
іс-шараларын ұйымдастыру
және жүргізу қағидаларына
3-қосымша
нысан

Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысын тексерудің № ____ журналы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2017 № 209 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

(Объект тиесілі ұйымның атау)

_____ мекен-жайы
бойынша орналасқан

Тексеру күні	Тексеру жүргізген адамдардың лауазымы, тегі мен аты-жөні	Тексерілген конструкциялар, механизмдер және жабдықтар	Тексеру нәтижелері және кемшіліктер	Кемшіліктерді жою мерзімі	Кемшіліктерді жою күні
1	2	3	4	5	6

Азаматтық қорғаныс
іс-шараларын ұйымдастыру
және жүргізу қағидаларына
4-қосымша
нысан

**№ ____ паналайтын жердегі (радиацияға қарсы жасырын
панадағы) микроклиматтың
және ауа құрамындағы газдың көрсеткіштерін тіркеу
журналы**

Ескерту. Бұйрық 4-қосымшамен толықтырылды— ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2017 № 209 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

(Кәсіпорынның, ұйымның, цехтың атауы және т.б.)

Күні мен уақы ты	Өлшеу орны	Ауа тем- перату- расы °C	Ауаның салыстыр- малы ылғалды- лығы, %	CO ₂ құрамы, %	O ₂ құрамы, %	CO құрамы, мг/м ³	Өлшеуді жүргізген адамның тегі және қолы
---------------------------	---------------	--------------------------------	----------------------------------------------------	---------------------------------	--------------------------------	------------------------------------	------------------------------------------------------

- 3) рынокқа реттеушілік ықпал жасау;
- 4) босқындарға көмек көрсету;
- 5) ізгілік көмегін көрсету.

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган азаматтық қорғаныс мүлкін сатып алу, құру және пайдалану ережелерін бекітеді.

**Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын
тасымалдауды қамтамасыз ету**

1. Төтенше жағдайлар туындаған немесе төтенше жағдайларды енгізген жағдайларда мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын тасымалдауды бірінші кезекте көлік ұйымдары жүзеге асырады.

2. Төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою, босқындарға көмек көрсету және ізгілік көмегін көрсету үшін шаралар қолдануға арналып, мемлекеттік резервтен шығарылатын материалдық құндылықтарды жүкке алдынала ақы төлемей тасымалдауға, көлік ұйымдары қабылдайды. ҚР Үкіметі нарыққа реттеуші ықпал жасау үшін мемлекеттік резервті пайдалануға шешім шығарады.



Жүкті тасымалдауға кеткен шығынның орнын толтыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен жүзеге асырылады.

**Мемлекеттік резервтің материалдық
құндылықтарының құқықтық мәртебесі**

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының қорлары, олардың сақталған жеріне қарамастан, республикалық меншік болып табылады.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтары тұрған объектілерде және (немесе) сақталған пункттерінде болжалған қиындықтар туған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша материалдық құндылықтарға шет елдің қатысуын

3. Жұмылдыру резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды жүзеге асыратын ұйымдардың тізімі, номенклатура және бұл құндылықтарды сақтау көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тиісті кезеңде жұмыс істеп, қызмет көрсетуді орындай отырып, тауарларды өндіру жоспарларымен анықталады.

4. Жұмылдыру тапсырыстар белгіленген ұйымдар қалыптастыруды, орналастыруды, сақтауды, мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын дер кезінде жаңғыртып отыруды, сату кезінде оларды шығаруды жұмылдыру тапсырыстарына сәйкес қамтамасыз етуге міндетті.

Кейіннен олардан жұмылдыру тапсырыстарын алу және жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын броннан шығару жағдайында, оларды сақтау мемлекеттік резервтен толық шығарғанға дейін жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункті және мобилизациялық тапсырыстар белгіленген ұйымдар, мемлекеттік резерв жүйесінің ведомствоға жататын ұйымдары мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының қозғалысы және қолда бары туралы есеп беріп отырады.

6. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункті және жұмылдыру тапсырыстарын белгіленген ұйымдар, олардың профилі өзгерген, қайта құрылу, жекешелендіру және таралуы жағдайларында уәкілетті органдар және тиісті орталық атқарушы органдар көрсетілген процудраны өткізу туралы шешім шыққаннан кейін бес күннің ішінде хабарландырады.



Мемлекеттік резерв келесі мақсаттарға құрылады және пайдаланылады:

- 1) Жұмылдыру мұқтажын қамтамасыз ету;
- 2) төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөнінде шаралар қолдану;

ТЖ туындауы және туындау қауіп-көтері кезінде жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын эвакуациялауды жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсыныстар

1. Кіріспе

Бүкіл әлемде, соның ішінде Қазақстанда төтенше жағдайлар кезінде балалар ең осал болып табылады және халықтың барынша



жәбірленгіш топтары болып саналады, сондықтан экстремалды әрекеттерден олардың өмірін және денсаулығын қорғап, сақтаудың арнайы жүйесін ұйымдастыру қажет. Өрттерде, сондай-ақ Республика аумағындағы басқа да төтенше жағдайларда балалардың өлімімен байланысты ерекше қауіпті жағдай туындайды. Мысалы, ҚР ИМ

ТЖК мәліметтері бойынша, соңғы 3 жылдың ішінде Республика аумағында оттан 108 бала көз жұмды.

1990 жылы қыркүйекте БҰҰ Бүкіл әлемдік декларацияны жариялады, онда тірі қалуды, балаларды дамыту және қорғауды қамтамасыз ету жарияланды, мұнда балалардың игілігі барынша жоғары деңгейлі саяси сипаттағы шараларды жүзеге асыруды талап етеді делінген. Балалар адамдардың іс әрекетінен туындайтын дүлей зілзалалардың және техногендық апаттардың әсерінен қорғалуы тиіс делінген. Оларды ТЖ-дан қорғау керек, сонымен қатар қатысушы мемлекеттер кездесу кезінде балаларға бейбіт және қауіпсіз болашақты қамтамасыз ету үшін, төтенше жағдайларды болдырмауға бағытталған шаралар қабылдауға міндеттемелер алды. Осыған байланысты «Балалар біздің болашағымыз» деген жиі қолданылады және оның үлкен маңызы бар.

Заманауи өмір қауіпсіз тіршілік ету қажеттігін дәлелдеп отыр, мектептердің қызметкерлерін, ата-аналарды және балаларды әлеуметтік, техногенді, табиғи және экологиялық жағдайларда қауіпсіз тіршілік етуді оқыту талап етіледі. Аталған оқиғалар жұмысты үш бағытта жүйелендіру қажеттігін алға қойды: болжау, үйрету, құтқару. Бүгінгі күннің шындығы, заманауи әлемде дүлей зілзаладан, әлеуметтік төңкерістерден ешкімнің де сақтандырылмағандығы.

ҚР ПМ ТЖК «Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығы» әзірлеген аталған әдістемелік ұсыныстар, мектеп оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кейбір қырларын қарастырады, атап айтқанда, табиғи, техногенді және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қауіпі және туындауы кезінде білім беру объектілерінің оқушыларын эвакуациялаумен байланысты.

2. Мектеп директорларын және сыныптардың жетекшілерін оқыту

Оқу процесі кезінде балалар оқу орындарының қабырғасында



болады, олардың қауіпсіз келуіне баса назар аударылуы тиіс. Қауіпсіздіктің барлық бағытында жұмыс істей отырып, мектеп оқушыларының қауіпсіздік мінез-құлық мәдениетіне ерекше назар аудару қажет. Өйткені, мемлекеттердің кешенді қауіпсіздіктері – бұл оның қауіпсіз қызмет етуін қатамасыз ететін,

әлеуметтік, техногенді және табиғи сипаттағы шынайы қауіп-қатерден оқу орнының қорғалу жағдайы. Мектеп ғимараттарында жүргендердің қауіпсіздігі мәселелерін мамандар шешеді: мектеп директорлары, мектеп директорларының қауіпсіздік бойынша орынбасарлары, күзет, педагогтары. Бұл үшін әрбір мектептің директоры және сынып жетекшілері ТЖ кезіндегі мінез-құлық ережесін білуі тиіс. *ҚР ПМ 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 381 «Азаматтық қорғаныс саласында мамандарды және халықты оқыту, білімді насихаттау, ақпараттандыру ережесі (ҚР ПМ 14.11.2016 жылғы № 1057 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)» бұйрығы:*

1. Білім беру ұйымдарының басшылары АҚ саласындағы уәкілетті орган ведомствосының оқу орындары мен ұйымдарында дайындықтан және қайта дайындаудан өтуі тиіс.

Материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервке салу (бұдан әрі – салу) – материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервте сақтау үшін қабылдап алу;



Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жаңарту – мөлшері бірдей және сапасы ұқсас материалдық құндылықтарды мемлекеттік резервке бір мезгілде немесе уақыт өткізіп салған кезде оларды сақтаудың белгіленген мерзімдері аяқталғанға дейін материалдық құндылықтарды

мемлекеттік резервтен шығару;

Операция жасау – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын беру, сақтау және шығару;

Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды және сақтауға байланысты қызметтер көрсетуді шарт негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

Броньнан шығару – материалдық құндылықтарды номенклатураның өзгеруі кезінде, сондай-ақ жарамсыздыққа (жоюға) шығару кезінде, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою шараларын қолдануда және оның салдарларын жоюда, рынокқа реттеушілік ықпал жасау, босқындарға көмек және гуманитарлық көмек көрсетуде мемлекеттік материалдық резервтен шығару.

Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын орналастыру

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтары мемлекеттік резерв жүйесінің ведомствоға жататын ұйымдарында және мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінде сақталады.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункті және Жұмылдыру тапсырыстар белгіленген ұйымдар, өздеріне сақтауға берілген мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сандық және сапалық сақталуы үшін жауап береді.

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ОҚУ ҚҰРАЛЫ

(1-кітап, жалғасы)

Тақырып: МЕМЛЕКЕТТІК РЕЗЕРВ

Мемлекеттік материалдық резерв (бұдан әрі – мемлекеттік резерв) – жұмылдыру мұқтаждарына арналған материалдық



құндылықтар запасы тұрақты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жою мен алдын алу, босқындарға көмек және ізгілік көмек көрсету және нарыққа реттеушілік ықпал жасау;

Жұмылдыру резерві – мемлекеттік материалдық резервтің құрамдас

бөлігі болып табылатын, жұмылдыру, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында жұмылдыру тапсырысын орындау, бейбіт уақытта ізгілік көмек көрсету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі бірінші кезектегі шараларды қабылдау үшін қажетті және жұмылдыру тапсырысы бар ұйымдар ағымдағы өндірістік қызметінде пайдаланбайтын шектеулі номенклатура бойынша материалдық құндылықтар запасы, сондай-ақ арнайы құрылымдардың материалдық-техникалық құралдары;

Материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервтен шығару – материалдық құндылықтарды жаңарту, қарызға беру, броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен алу;

Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды қарызға беру – мөлшері мен сапасы бірдей, ұқсас материалдық құндылықтарды белгілі бір шарттармен мемлекеттік резервке кейіннен қайтара отырып, материалдық құндылықтарды мемлекеттік резервтен шығару;



2. АҚ саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде барлық түрдегі жалпы білім беретін мектептер мен орта кәсіби білім беретін оқу орындарының мұғалімдері дайындықтан және қайта дайындықтан өтуі тиіс. 23.11.2015 ж. № 416-V ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына, ҚР ІІМ ТЖК 20.01.2016ж. №29-5-1/167 келісілген «Оқу жаттығулары мен үйренулерін өткізу, сондай-ақ ТЖ жағдайларында әрекет ететін ұйымдардың жұмысшы персоналдары мен азаматтық қорғау лауазымды тұлғаларын оқыту бойынша ұсыныстарына» сәйкес, мектеп директорлары мен сынып жетекшілерін оқыту 3 жылда 1 реттен кем емес өткізіледі, оқу уақытының жалпы көлемі 21 – 25 оқу сағатын құрайды. Әрекет ету дағдыларын жетілдіру және алған білімдерін нығайту үшін, мектептердің әкімшіліктері оқу жаттығулары мен үйренулердің түрлеріне сәйкес, үйренулерге, жаттығулар мен оқуларға тартылады.

3. Мектеп оқушыларын оқыту

Балаларға өздері, өздерінің жақындары, мектептегі және сыныптағы достары үшін, жауапкершілік сезімін ояту өте маңызды. Нақты осы



жауапкершілік сезімдері арқылы ол өзіне және басқаларға зиян тигізуі мүмкін, мектеп оқушыларының қауіпсіз мінез-құлқы мәдениетін қалыптастыру орын алады. Бұл үшін, студенттер де, мектеп оқушылары да және мектепке дейінгі мекемелер де оқулары және ТЖ-ға дайын болулары тиіс. Мысалы, ҚР ІІМ ТЖК жоғарыда көрсетілген № 381 бұйрығына сәйкес, өткізілуі тиіс шаралар анықталды:

1. студенттермен және оқу орындарының оқушыларымен «Тіршілік қарекеттерінің қауіпсіздік негіздері» тақырыбындағы тәртіп оқу бағдарламасы бойынша сабақ өткізу, төтенше жағдайлардың алдын алу тақырыптары бойынша әр түрлі конкурстарға қатысу;

2. мектепке дейінгі мекемелердің балаларымен – ойындар өткізу,

қоршаған ортадағы қауіпсіз мінез-құлық бойынша ертегілер мен балаларға арналған кітаптарды тыңдау, ата-аналармен әңгімелесулер өткізу.



Теориялық білімдер, жеке тұлғаларды дамытуы даусыз, алайда мектеп оқушыларына егер осы алған білімдерін өмірде пайдаланбаса, құндылықтарын сезіну қиын. Теориялық білімдерге тәжірибелік бағыт беруді үйренулер мен жаттығулар арқылы жүзеге асыруға

болады, яғни әр түрлі ТЖ кезінде эвакуация бойынша: жер сілкінісі, су басу, өрттер және т.б. сияқты әрекеттерді іс жүзінде жүзеге асыруға болады. ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 46-бабына сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ұйымдары мен сейсмоқауіпті өңірлерде орналасқан оқу орындарында, **сейсмोजаттығулар тоқсан сайын** өткізіліп отырады.

Ұйымдарда, мектепке дейінгі тәрбие беру ұйымдарында және есепгі аймақта орналасқан оқу орындарында, төтенше жағдайлар таратылатын қауіпті өндірістік объектілерде, **қатты әсер ететін улы заттар мен радиоактивті заттар төгілетін авариялар кезінде студенттердің, оқушылардың, балалардың, персоналдардың әрекеті бойынша жаттығулар тоқсан сайын** өткізіліп отырады.

Сел жүру қауіпі, топырақтың сырғу қауіпі және қар көшкіні қауіпі



бар аудандарда, сондай-ақ су басу, судың астында қалу, су жайылу қауіпі бар аймақтардағы ұйымдарда, мектепке дейінгі тәрбие беру ұйымдарында және оқу орындарында **жаттығулар қауіпті кезең басталар алдында** жүргізіледі. Жоғарыда аталған жаттығуларды сапалы өткізу мақсатында, оларды

сапалы өткізуге қабілеттендіретін, бірқатар ұйымдастырушылық-әдістемелік ұсыныстарды қабылдау қажет. Бұл үшін Азаматтық қорғау

манауи тенденциялар мен жаңа талаптар туралы білуге мүмкіндік туғызып қана қойған жоқ, ең алдымен пікірлес адамдарды: АҚ бойынша санатқа жататын ұйымдардың басшыларымен және мамандарымен кездесуге мүмкіндік берді.

Орталықтың тағы да бір ерекше көзге түсетін айырмашылығы – бұл жерде қызықты және шығармашылықпен айналысатын оқытушылар жұмыс істейді. Олардың әрқайсысы – сен әлі білмейтін жаңалығымен ғана есте қалмайды, ең алдымен жоғары білім деңгейімен көзге түседі.

Семинар барысында бізге мемлекеттің маңызды қызметтерінің бірі, халықты және аумақты заманауи соққы беру құралдарының зақымдаушы факторы болып табылатын Азаматтық қорғаныстың маңызы мен мән жайын түсінікті түрде егжей-тегжейлі түсіндірді.

Семинардың ерекшелігі практикалық сабақ өткізуге көп уақыт бөлуінде. Мен барып оқыған, шет елдік курстарда, теориялық сабақтар басым болатын. Маған бәрінен қатты ұнағаны зардап шегушілерге алғашқы медициналық көмек көрсету болды. Аталған сабақтарда практикада медициналық сұрыптау жүргізу және алғашқы медициналық көмек көрсетуді қалай жүргізетіні көрсетілген. «Заманауи соққы беру құралдарын пайдалану кезінде халыққа психологиялық көмек көрсету» тақырыбы бойынша жүргізілетін сабақты ерекше атап өткім келеді. Бұл сабақ барысында жағдайлар қойылым түрінде көрсетілді, оқиғаға соғыс кезіне тән сипат берілді, арнайы басшы лауазымдағы тыңдаушылар қойылым ойынына қатысты. Зардап шегушілер рөліндегі оқытушылар сондай психологиялық түр көрсетті, ойын-қойылымының алғашқы секундтарында не істерлерін білмей саскалақтап қалды. Топқа басшылық жасап, зардап шегуші халықты тыныштандыру керек еді. Бір сөзбен айтқанда, Орталықтың сабақтары интерактивті форматта өтеді.

Азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің объектілі шағын жүйелерін одан әрі де табысты жетілдіруге және дамытуға көмектесетін, Орталықтың басшысына орасан зор алғыс айтқым келеді. Мен курстарда өз тәжірибелерін жомарттықпен бөліскен, өз әріптестеріме осы бір баға жеткісіз тәжірибелері үшін, көптен-көп алғыс айтқым келеді. Сіздерге үлкен шығармашылық жеңіс тілеймін!



Біздің оқырмандарымыздың пікірлері!

ТАМАША СЕМИНАР, ҮЗДІК ОҚИТУШЫЛАР

Руслан Давлетов – Атырау облысы, НКОК ДПО жер үсті кешенінің өндірістік алаң менеджері

Осы мақалада мен кейбір алған әсеріммен және ой-пікіріммен бөліскім келеді, өйткені ол менің ҚР ІМ ТЖК Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі – Орталық) ұйымдастырған АҚ бойынша семинар-тренингке қатысуымнан кейін пайда болған.

Орталықта оқығанға дейін мен Азаматтық қорғаныстың мақсаттары мен ұйғарылымы туралы ешқандай ақпаратты білмегенімді айта кетуім керек. Алайда, біздің – «Норд Каспиан Оперейтинг Компани» (бұдан әрі - НКОК) компаниямыз – АҚ бойынша санатқа жататынын әлде неше рет естігенмін. Бірақ, қандай өлшемшарттар бойынша бұл компания тізімге енгізілгенін, бұл ерекшелік немен тұжырымдалатынын, мен білмедім.

НКОК бүгінгі таңда отандық мұнай саласының флагманы болып табылатынын бірден айтайын, өрт және өнеркәсіп қауіпсіздігі бойынша ешқандай қиындық жоқ. Алайда, объектіде Азаматтық қорғаныс шараларын ұйымдастыру және енгізу жөнінде бірқатар шешілмеген мәселелер бар болатын. Осымен байланысты НКОК басшылары мені – өндіріс алаңының менеджерін осы мәселелерді шешу жолын табу үшін Орталыққа оқуға жіберді.

Менің жұмысымның ерекшелігі сол, шет елдерде жиі-жиі оқудан өту болып табылады. Ол жердегі сабақтың тақырыбы мұнай өндірумен байланысты болды. Бірақ, шет ел әдістемесімен салыстырғанда, Орталықтың сабақ өткізу, оқу әдістемесінің ерекшелігі бар. Бұл жерде Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығы басымдылық жағында тұр. Өзімнің берген бағамды дәлелдеуге тырысайын.

Өткізілген семинар-тренинг азаматтық қорғаныс саласында за-

республикалық оқу-әдістемелік орталығы арнайы дайындаған: «ТЖ туындауы және туындау қауіп-қатері кезінде ҚӘУЗ пайдаланатын көрші химиялық қауіпті объектідегі авариялар кезінде жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын эвакуациялауды жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсыныстар», «Барлық түрдегі жалпы білім беретін мектептерде жалпы мектептік сейсможаттығулар өткізу жөніндегі ұсыныстар», «Ұйымдарда сел жаттығуларына дайындау және өткізу бойынша ұсыныстар».

4. Барлық түрдегі жалпы білім беретін мектептерде және бастауыш кәсіби білім беретін мекемелерде объектілік жаттығулар дайындау және өткізу

Объектілік жаттығулар бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар шарттарында әрекет етуге оқу орындарын дайындаудың барынша жетілген нысаны болып табылады. Кешенді үйренулерден объектілік жаттығулардың айырмасы – бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша білім беру мекемелерінің Жоспарында қарастырылған жекелеген тәжірибелік шараларды ғана орындайтындығында.

Жаттығуға қатысуға тартылатындар: басшы құрамдар, құрылымдар, оқытушылар және қызмет көрсетуші құрамдар, студенттер және оқушылар. Объекттегі жаттығулар оқу мекемелерінде әзірленген жоспарларға және бұйрықтарға сәйкес өткізіледі.

Жалпы білім беретін мектептерде және бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беретін мекемелерде қатысушылармен (студенттермен) жаттығулар өткізуге ұсынылатын тақырыптар:

1. оқу орындары аумақтарында бөгде заттар немесе күдікті заттар табылған кезде әкімшіліктің, қатысушылар мен студенттердің әрекет етуі;
2. террористік акт қауіпі кезіндегі (өрт туындауымен террористік



акт туындауы кезінде) әкімшіліктің, қатысушылар мен (студенттердің) әрекеттері;

3. белгісіз химиялық және биологиялық қатты әсер ететін улы заттардың (ҚӘУЗ) туындау қауіпі кезінде оқу мекемелерінің әкімшіліктің, қатысушылар мен (студенттердің) әрекеттері;



4. сынаптың төгілуі туралы ақпараттарды алу кезіндегі оқу мекемелерінің әкімшіліктің, қатысушылар мен (студенттердің) жұмысын ұйымдастыру

5. аумақ радиоактивті зақымдану кезінде әкімшіліктің және оқу мекемелерінің қатысушыларының жұмысын

ұйымдастыру.

6. көліктегі (автомобильдегі) темір жолдағы ҚӘУЗ-дің төгілуімен болған авария кезінде әкімшіліктің, қатысушылар мен (студенттердің) әрекеттері;

7. оқу мекемелерінде өрт немесе басқа дүлей зілзалалар туындауы кезінде әкімшіліктің, қатысушылар мен (студенттердің) әрекеттері;

8. қызметкерлерді, от басы мүшелерін, студенттерді қаладан тыс аймаққа эвакуациялауды жүргізу. Эвакуация жүргізу кезіндегі қозғалыс маршруттарындағы, жинау пункттеріндегі қоғамдық тәртіпті сақтау командаларының (топтарының) жеке құрамдарының әрекеттері;

9. төтенше жағдайлар туындау қауіпі кезінде уақытша орналастыру орындарында тұрақты құрамды және қатысушыларды (студенттерді) эвакуациялауды ұйымдастыру және өткізу.

5. Эвакуация ТЖ-дан қорғанудың негізгі тәсілі ретінде

Эвакуация - бұл ТЖ аймағынан немесе табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ болуы мүмкін аймақтан (үйлерден және ғимараттардан) халықты шығару (алып шығу) жөніндегі және алғашқы кезеңде тіршілікпен қамтамасыз ету үшін орналастыруға алдын ала

3. суға батуға және су астында ұзақ қалуға;

4. суға таныс емес жерлерден, айлақтардан, осы мақсатқа арналмаған және басқа құрылыстардан секіруге;

5. суық суда ұзақ жүруге;

6. аш қарында суға түсуге;

7. суға батырумен

және бір-бірін қауіпсіздігімен байланысты ойындарды ойнауға;

8. тақталардың, жантайма төсектердің, бөренелердің, үрленген матрасардың және камералардың үстінде (жүзуге арналған нормадан шығып) жатып жүзуге;

9. жалған дабыл көтеріп айқайлауға;

10. өзімен бірге иттерді және басқа үй хайуанаттарын алып келуге

ТИЙІМ САЛЫНАДЫ.

Балалардың қауіпсіздігі - қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы балаларға хабарлаудың объектілі қажеттілігіне, олардың тұрмыстағы қауіпсіз мінез-құлық тәжірибесін бойына сіңіруге негізделген. Мақаламызды ұлы педагог К.Д. Ушинскийдің – «Білім біздің өмірімізге қауіп төндіретін, үрей себептерінің санын азайтады және қауіпті мөлшерлеу мен оның салдарларын анықтауға мүмкіндік береді, қауіпті осы түрінен қорқыныштың күшеюін азайтады» - деген сөздерімен аяқтағымыз келеді. Осы бір қарапайым ережені қадағалайтын болсақ, Сіздердің балаларыңыздың демалысы қауіпсіз болады. Сондықтан біз өз мақаламызға өзекті тақырып таңдадық және солай деп есептейміз.



• тоқтағы жанып жатқан электрсымдарын көмірқышқыл өрт сөндіргішімен

(ұнтақты) сөндіріңіз.

• Өрт кезінде есік пен терезені ашпаңыздар: сырттан кірген ауа өрттің қаулап кетуіне мүмкіндік туғызады.

4. Өртті өз бетімен өшіру келесі жағдайда: егер өрт ошағы оқшау болса және жайлап жанса, сіз оның сәтті болатынына сенімді болсаңыз, Сіздің өміріңізге төніп тұрған қауіп жоқ болса жүзеге асырылады.

Керісінше болған жағдайда, егер өртті өз бетіңмен өшіре алмайтын болсаң, пәтерден шығып есікті сыртынан жауып кетіңіз. Өзіңізден бір қабат жоғары және бір қабат төмен тұрған пәтерлердегінің барлығына болған оқиғаны хабарлаңыз. Егер жоғары температурадан пәтерден баспалдақ арқылы шығу мүмкін болмаған жағдайда, еңбектеп самалдыққа шығуға тырысыңыз (едендегі температура айтарлықтай төмен), самалдықтың есігін сыртынан жауып, көшеде өтіп жатқандарды көмекке шақырыңыз.

5. Міндетті түрде өрт сөндірушіні күтіп алыңыз және оған өрттің орнын көрсетіңіз.

СУДАҒЫ ЕРКІН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Су айдындары жылдың кез-келген уақытында қауіпті. Жазда олар суға түсу кезінде және жүзетін құралдарды пайдалануда қауіпті. Көбінесе қатты ағыс қауіп тудырады (соның ішінде су астындағы).



Жазда су айдындарында еркін мінез-құлықтың белгілі бір ережесін сақтау керек.

Біріншіден, осы мақсатқа арнап арнайы жабдықталмаған, таныс емес жерлерде суға түсуден қашу керек.

Екіншіден, суға түсу кезінде:

1. суға түсу аймағы шекарасынан

асуға;

2. қозғалып бара жатқан кемелерге, қайықтарға, катерлерге, катамарандарға, гидроциклдерге астына қарай жақындап жүзіп баруға;

дайындалған, яғни ТЖ көздерінің зақымдаушы факторлары әрекетінен тыс аймақтағы шаралар кешені. Эвакуацияға жататын барлық халықты ТЖ көздерінің зақымдаушы факторлары әрекетінен тыс қауіпсіз ауданға немесе қауіпсіз орынға шығару (алып шығу) аяқталған кезде эвакуация аяқталды деп есептеледі.

Төтенше жағдайлардың туындау қауіпі немесе туындауы кезінде халықты алып шығу ТЖ қауіп-қатері төнбеген орындарға немесе алдын ала анықталған қауіпсіз жерлерге ұйымдастырылады.


Эвакуациялық шараларды өткізу мерзімі мен уақытына байланысты алдын ала (превентивті) немесе шұғыл (шегеруге болмайтын) болуы мүмкін.

Алдын ала (белсенді) эвакуация әлеуетті қауіпті объектілерде авариялардың немесе дүлей зілзалалардың (дауылды ескерту) туындау қауіпі туралы сенімді нақты мәліметтер алынған кезде өткізіледі. Халықты қорғаудың аталған шараларын қабылдаудың негізі – авария туындауының қысқа мерзімді болжамы немесе осы мерзімдер ішінде нақтылануы мүмкін, бірнеше ондаған минуттардан бірнеше ондаған тәуліктерге созылатын зілзалалар болып табылады.

Халықты шұғыл эвакуациялау ТЖ туындаған жағдайда – алдын ала әрекет жасайтын уақыт аз қалғанда немесе ТЖ-ның зақымдаушы факторлары адамға ықпал еткен жағдайда жүзеге асырылады.

ТЖ-ның сипатына және таралу көлеміне, сондай-ақ қауіпсіз аймаққа бөліп орналастырылатын, эвакуацияланатын халықтың санына байланысты, эвакуация объектілі, жергілікті, өңірлік (ғаламдық) болуы мүмкін.

Эвакуациялық шаралар алдын ала жоспарланады және төтенше жағдайларды жою жөніндегі, әрекет ету жоспары бойынша, **білім беру объектілерінде эвакуация Жоспары** бойынша аумақтық деңгейде жүзеге асырылады.



Объектілі деңгейдегі төтенше жағдайлар туындау қауіпі және туындауы кезінде (білім беру объектілері), заманауи соққы беру құралдарының зақымдау және ТЖ зақымдау факторлары болуы ықтимал аймақ ТЖ жеке объектілермен шектелетін болса (кәсіпорындар және ұйымдар, үйлер және ғимараттар) **объектілі эвакуация** жүргізіледі. Эвакуацияланғандар мұндай жағдайларда, әдетте, қалалардың немесе жақын орналасқан елді мекендердің зардап шекпеген аудандарында (шағын аудандарында) орналастырылады.

Білім беру объектілерінде мектеп оқушылары және мектеп персоналдары мектептерді эвакуациялау кезінде, жағдайға байланысты, жинау орындарына шығарылады (*стадион немесе ашық алаң*) немесе мектеп аумақтарынан тыс жерлерге (*террористік акт немесе ірі өрттер және т.б.*).

Эвакуация жүргізуге шешім қабылдау үшін негіз адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіптің төнуі болып табылады. Объектілі сипатқа ие шұғыл эвакуацияны талап ету жағдайында жылдам әрекет ету, объекті басшысының нұсқауы, өкімі бойынша жүзеге асырылады.

Эвакуацияны сәтті өткізу үшін халықты нақты хабарландыру мен ақпараттандыру, егжей-тегжейлі әзірленген эвакуация жоспарының, оны өткізуге дайындалған маршруттардың, жеткілікті мөлшердегі көлік құралдарының, қамтамасыз етудің қажетті түрлері және т.б. қолда болуы талап етіледі.

Жалпы басшылықты және эвакуацияларды тікелей ұйымдастыру және өткізуді қалалардың және аудандардың эвакуациялық комиссиялары, ал объектілі деңгейде ұйымдардың басшылары жүзеге асырады.

6. Білім беру объектілеріндегі қауіпсіздіктің жалпы мәселелері

Эвакуациялық шаралар қауіпсіздіктің жалпы жүйесі элементтерінің бірі болып табылады. Сондықтан мектептердегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелерін қарастырамыз.

Мектептердегі педагогикалық ұжымдардың қызметі білім беру процесімен қоса, мектептегі персоналдар мен балалардың қауіпсіз



- отандық электржүйелеріне бейімделмеген шетелдік электр тұрмыстық аспаптарын - теле-, видео- және аудио-техникаларды пайдалану;
- пәтерлерде жөндеу жұмысын жүргізу кезінде электрогаз және керлеу жұмыстарын жүргізу;
- балалардың отпен ойнауы;
- өздерінің жарылыс қауіпі бар өндірістерін тұрғын үй ғимараттарында іске асырып жатқан, коммерциялық құрылымдар қызметі және т.б.

ПӘТЕРДЕГІ ӨРТ

Өрттің алғашқы белгілері кезінде (түтіннің иісі, жалын ұшқыны және т.б.)

Өрттің шығуы туралы өрт бөліміне 101 телефоны бойынша хабарлаңыз.

1. Қарт адамдар мен балаларды көшеге шығарыңыз.
2. Жанған өнімдерден және түтіннен уланып қалмау үшін, тыныс алу органдарын қорғайтын мақта-дәкі таңғышын, орамалдарды, тығыз мата киындыларын суға малып алып тыныс органдарын таңыңыз.
3. Ас үйдегі краннан, ваннадан және ішкі өрт крандарынан су алып, өртті өшіруге кірісіңіз; сондай-ақ тығыз сулы маталарды, қаптарды, брезент және т.б. сияқтыларды пайдаланыңыз. Электр тоғынан зақымданудан сақтаныңыз,

Баспалдақ алаңында тұрған щиттегі автоматтарды өшіріңіз.

• Шүмектеп аққан суды барынша қатты жанып жатқан өрт ошағына бағыттаңыз, өрттің жайылып кетуінің алдын алу үшін мезгіл-мезгіл аққан судың бағытын ауыстырып отырыңыз. Суды түтінге немесе жалынның үстіне құюға болмайды.

• жанып жатқан жиһазды өшіру кезінде суды мүмкіндігінше үлкен бетіне бөліңіз.

• Жанып жатқан сұйықтықты сумен өшіруге болмайды. Оларды өшіру үшін өртсөндіргіштерді пайдаланыңыз, ал егер ол жоқ болса – жанып жатқан жерді суға малшынған тығыз матамен жабыңыз.

жылдың осы кезеңінде 170 адам суға батты, олардың 78-і бала. Сонымен қатар 81% немесе 112 суға кету суға түсу мерзімінің басталған кезінде тіркелген.

Аталған мақалада біз Сіздерге жер сілкінісі кезіндегі, тұрмыстық өрттегі және судағы қауіпсіздіктің негізгі ережелерінде әрекет етудің алгоритмін ұсынамыз.

ЖЕР СІЛКІНІСІ

Балаларға, жер сілкінісі кезінде, егер олар үйде болатын болса, келесілерді жасау керектігін түсіндіріңіз:

1. Жай ғана тербеліп толқыған кезде ғимаратты тастап көшеге шығып, үйлерден, үлкен ағаштардан, электр беру желілерінен алысқа кету керек (бұл орынды Сіз алдын ала анықтайтын боласыз).

2. Көп қабатты үйлерден шығу кезінде, лифтіні пайдаланбау керек.

3. Егер бала айтарлықтай ересек болса, оған, электроциттің қайда тұрғанын, пәтердің тоғын қалай өшіруге болатынын түсіндіріңіз.

4. Егер үйден кетуге мүмкін болмаса (қатты дүмпулер кезінде, баспалдақтар құласа, шығатын жерді үйінді басып қалса), есіктің ойығында, негізгі қабырғалардың бұрышында тұру керек, үстелдің, төсектің астына тығылу керек.

5. Терезелерден алыс тұрған дұрыс: олар тербелісті көтере алмауы мүмкін.

6. Қайталама дүмпулерден кейін үйге қайта кіруге асықпау керек (қирауы және құлауы мүмкін), қирау аумағына жоламау керек: Бұл **ҚАУІПТІ!**



ӨРТ. ТҰРМЫСТАҒЫ ӨРТТЕРДІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ

- темекі тарту және тамақ жасау кезінде отты абайламай пайдалану;
- электрсымдарының ақаулығы;

келуін қамтамасыз ету үшін шаралар кешенін жүзеге асыруға бағытталған.

Білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігі жүйесіне кіретіндер:

- өртке қарсы қызмет жөніндегі шаралар;
- санитарлық-эпидемиологиялық игілікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;
- балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;
- еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі шаралар;
- электрқауіпсіздігі жөніндегі шаралар (жыл сайын электрофизикалық сынама-лар және жерлендірілген элементтермен жерге тұйықталуды өлшеу);
- табиғи және техногенді сипаттағы ТЖ-дан қорғану шаралары;
- антитеррористік қорғану жөніндегі шаралар.

Балалардың және персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды басшылардың ішкі бұйрықтарымен регламенттеу қажет. Жоғарыда айтылған шаралар 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 407 бірлескен бұйрықпен регламенттелген, ол «Оқу орнындағы оқушылар мен тәрбиеленушілердің қауіпсіз болуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар» (бұдан әрі – Ұсыныстар).

Оқу орнындағы оқушылар мен тәрбиеленушілердің қауіпсіз болуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстардың (бұдан әрі – Ұсыныстар) мақсаты - оқу орнындағы оқушылар мен тәрбиеленушілердің қауіпсіз болуын қамтамасыз ету бойынша ұйымдардың қызметтерін тәртіпке салу болып табылады. Ұсыныстар ұлттық заңнамаларды, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін ескере отырып, ведомстволық талаптар негізінде әзірленген. Ұсыныстар оқу орнындағы оқушылардың қауіпсіз болуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету мақсатында білім беру басшылары үшін тағайындалған. Ұсыныстар оқу орнындағы оқушылардың қауіпсіз болуын қамтамасыз етуге жалпы тәсілдерді және қауіпсіз жағдайлар мен жарақаттар туындауы кезінде білім беру ұйымдары жұмысшыларының әрекет ету алгоритмдерін белгілейді.

Ұсыныстар оқу орнындағы оқушылар мен тәрбиеленушілердің

қауіпсіз болуын қамтамасыз ету бойынша талаптарды мазмұндайды және оқушылар мен тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етудің қажетті шарттары жүйелерін көрсетеді.

Жоғарыда аталған бірлескен бұйрық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар негізгі шараларды орындауды ұсынады.

Объектілердің басшылары бұйрық беруі тиіс «Білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздікті, соның ішінде күзет ұйымдары, мекемелер ұйымдарының аумақтарындағы және ғимараттарындағы жұмыстың рұқсаттық (пропусктік) ішкі режимдерін қамтамасыз ету туралы», өзінің білім беру мекемелеріндегі ерекшеліктерін ескере отырып, қол қойғызу арқылы білім беру мекемелерінің әкімшіліктеріне, мұғалімдері мен қызметкерлерінің назарына жеткізу.

Аталған бұйрықта мектептердегі дайындықтар мен жаттығулар жөнінде келесідей мәселелер көрсетіледі:

1. қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейту, мекемелерді күзету тәртібі, пропускалық режим, мектептегі қауіпсіздік режимін қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерлердің міндеттері.

2. Балалар мен қызметкерлерді эвакуациялауды ұйымдастыру.

3. Өртке қарсы режим.

4. Өртке қарсы қауіпсіздік, еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігіне жауапты тұлғаларды дайындау.

5. Эвакуация жоспары (үйлерден және ғимараттардан кезең-кезеңімен эвакуациялау).

6. Нұсқауларды:

- төтенше жағдайлардағы әрекет бойынша;
- өрт қауіпсіздігіне жауаптыны;
- балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықты;
- жаппай шаралар өткізу кезіндегі техника қауіпсіздігін, балалармен жасалатын қызметтің әр түрлерін бекіту;

7. Азаматтық қорғаудың объектілі құрылымдарын құру (өртті өшіру топтары, санитарлық постар, құтқару командалары және басқалар);

8. Азаматтық қорғау бойынша үйренулер мен жаттығулар жасау кестесі.

«Балалардың қауіпсіздігі»

Оқытушы - **Н.Б.Изатова**



Балалардың қауіпсіздігі – әрбір ата-ананы толғандыратын мәселе. Қазіргі жағдайда адамның тіршілік қарекетінің қауіпсіздік мәселелері – ең өзекті мәселелердің бірі. Әлемде болып жатқан, соның ішінде Қазақстанда болып жатқан

оқиғалар техногендік қауіптердің адам өміріне қандай қауіпті екенінің куәсі. Балалардың қауіпсіздігі тақырыбы аясының қаншалықты ауқымды екені даусыз, сондықтан оны бір ғана тақырыппен қысқаша ашу өте күрделі. Бұл мәселеге толық кітаптар, әдістемелік ұсыныстар және ғылыми зерттеулер арналған. Біз негізгі талаптары мен түсініктерге қысқаша шолу жасауға, оны тарылтып беруге тырысамыз. Ал дәлірек айтқанда жекелеген мақалаларда балалардың қауіпсіздігін талқылайтын боламыз. Бастысы, ата-аналардан талап етілетіні – ресми түрде бұл өз баласын қорғауға жатпайды.

Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 18-бабының 2-тармағына сәйкес, жеке тұлға тұрмыста және күнделікті өмірде қауіпсіздік шараларын міндетті түрде сақтау керек. Заң нормасының осы талаптары негізінде, тұрмыстағы қауіпсіздік шараларына шолу жасасақ деп едік. Бейресми және көзге көрінбейтін қазіргі борышымыз, балаларды қорғау - бұл ата-аналардың мойнында тұрған мәселе. Ондай болса, біз Сіздермен бірге, балаларымыздың жолында қандай төтенше жағдайлар кездесетінін анықтаймыз. Бұл – табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар (жер сілкінісі, су тасқыны, табиғи өрт, судағы қауіп-қатер, геологиялық қауіпсіз құбылыс), техногенді табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар (тұрмыстық өрттер, жарылыспен болатын өрттер, сынаптың төгілуі) және төтенше жағдайлардың аталған тізімін шексіз жалғастыра беруге болады. Статистикалық мәліметтер бойынша төтенше жағдайлардың аталған Комитетінде соңғы екі жылда өрттен 77 бала қайтыс болды. Сейсмоқауіпті аудандарда жер сілкінісінің туындау жиілігі жылына 400 рет шайқалады. Өткен

Азаматтық қорғанысты жүргізуге алдын ала дайындау қағидасы өзгеріссіз қала береді.

Соғыс уақытында қауіп-қатерден аумақты дайындаудың негізгі бағыты болып табылатындар:

- ықтимал қауіп дәрежесі бойынша аумақтарды аймақтарға бөлу, аумақтар мен объектілердің азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға және топтарға жатуы;
- азаматтық қорғаныс шараларын жоспарлау;
- азаматтық қорғаныстың басқару жүйесін, басқару пункттері жүйелерін және байланыстың техникалық құралдарын дамыту;
- қарсыластардың шабуыл жасау қауіпі туралы хабарландырудың сенімді дайындығын құру және ұстап тұру;
- соғыс уақытында экономиканың тұрақты жұмыс істеуі үшін барынша қажетті объектілерді сақтауға бағытталған, шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- азаматтық қорғау күштерін дамыту және олардың дайындығын қамтамасыз ету, авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін, осы күштердің қажетті топтарын құру;
- техникалық құралдарды, технологияларды және тактикаларды, авариялық-құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын әзірлеу және жетілдіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңы;
2. ҚР «Соғыс жағдайы туралы» Заңы;
3. ҚР «Қорғаныс және қарулы күштер туралы» Заңы;
4. ҚР ПМ 2015 жылғы 24 ақпандағы №149 «Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі қызметтері және ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы» бұйрығы;
5. ҚР ПМ 2015 жылғы 24 қазандағы №732 «АҚ инженерлік-техникалық шараларын ұстап тұру және көлемін бекіту туралы» бұйрығы;
6. ҚР ПМ 2015 жылғы 6 наурыздағы №190 «АҚ шараларын жүргізу және ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы» бұйрығы.

7. Білім беру объектілерінде эвакуация жүргізу тәртібі

Эвакуациялық шаралар жүргізу үйренулер мен жаттығулар жасаудың негізгі элементтері болып табылады. Негізінен білім беру объектілерінің барлығында жаттығулар өткізудің тәртібі мен әдістері жасалынған. Дүрбелеңді тоқтату және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мектептегілердің барлығын шығуға болатын барлық жолдар арқылы ұйымдасқан және тиімді эвакуациялау, мектептерде өрт шығып немесе басқа да авариялық жағдайлар болып қалған кезде, ақылға салып рационалды әрекет ету үшін және басқа жерлерде мектеп директорларына және БМ лауазымды тұлғаларға көмек көрсету үшін, мектеп қабырғаларындағы адамдарды эвакуациялауға жауап



ты тұлғалар (оқытушы- БӨД ұйымдастырушы), мектептегі ТЖ кезінде әрекет ету тәртіптерін әзірлеген (негізінен өрт кезінде). Мектеп персоналдары мен оқушыларының әрекет ету жүйелілігі 5 кезеңге бөлінген:

- дабыл (дыбыстық сигнализацияны қосу);
- өрт күзетін, жедел медициналық көмекті, полицияны шақыру;
- мектепті эвакуациялау;
- апарылған жерде мектептің барлық құрамын жинау;
- қайта белгілеу (мектеп персоналдары мен оқушыларын тексеру).

Өрт қауіпсіздігі туралы хабарландыруда мектеп ғимаратынан толық эвакуациялау үшін сигнал беріледі. Бұл жерде ҚР ПМ 2016 жылғы 29 қарашадағы «Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды авто-



матты өрт сөндіру және автоматты өрт сигнализациясы, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау туралы» техникалық регламентті бекіту» жөніндегі №1111 бұйрыққа сәйкес, білім беру объектілерінде

өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды эвакуациялауды басқаратын автоматты өрт сигнализациясы құралдары орнатылуы тиіс екенін айта кету керек.

Өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды эвакуациялауды басқаратын жүйелер келесілерді қамтамасыз етуі тиіс:

1) ғимараттың бүкіл бөлмелерінде дыбысты, ал қажет болған жағдайда жарықты сигналдарды беру;

2) ауызша хабарлауды жеткізу;

3) ғимараттардың немесе үй-жайлардың жекелеген аймақтарына өрттің шыққан орны, жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ететін эвакуациялау жолдары мен әрекеттері туралы, сондай-ақ эвакуациялау процесін қиындататын дүрбелеңдер мен басқа да құбылыстарды болдырмауға бағытталған хабарларды беру;

4) эвакуацияның ұсынылған бағыттарына жол көрсететін жарық және дыбыстық көрсеткіштерді қосу;

5) эвакуациялық жарықтарды қосу;

6) адамдардың келуі ықтимал барлық орындармен қоса, өрт постының екіжақты (диспетчерлік) байланысын қосу;

7) электромагнитті құлыптармен жабдықталған, эвакуациялық шығулардың қашықтан есіктерін ашу.

Сонымен қатар хабарландырудың дыбыстық сигналдары басқа ұйымдардағы дыбысты дабылдардан дауыс үндестілігі әр түрлі болуы керек.

Өрт күзетін шақыру. Кез-келген өрт шығуы жағдайында, тіпті ең аз мөлшерде болса да, күзет-өрт дабылы жұмыс істейді. Мектептерде өрт туралы сигналдар, диспетчерлік өрт бөлімшелерінің өрт мониторингі пульттеріне автоматты түрде түседі, яғни объекті жұмысшыларының қатысуынсыз.

Алайда, қандай да бір себептермен **автоматты өрт сигналдары** жұмыс істемей қалса, **101** телефоны бойынша өрт күзетіне бірден хабарландыру керек. Осы мақсатта өрт күзетін шақыру үшін жауапты тұлға алдын ала тағайындалады.

Сонымен қатар, қолмен қосылатын өрт хабарлағышы эвакуация жасалатын жолда, өрт шыға қалған кезде қосуға қол жетімді жерге орналастырылады.

мекендерді және объектілерді жарықпен бүркемелеу екі режимде қарастырылады: ішінара және толық қараңғылау.

Осы режимдерде жарықпен бүркемелеуді қамтамасыз ететін дайындық шаралары, бейбіт уақытта, алдын ала жүргізіледі.

Ішінара қараңғылау режимінде толық қараңғылау режимін жүргізуге дайындықты қарастырады. Ішінара қараңғылау режимі шаруашылықпен айналысатын объектілердің қызметіне кедергі келтірмеу керек, уақытынан басақада, оны енгізгеннен кейін толық әрекет етеді.

Толық қараңғылау режимі: «Әуе дабылы!» сигналы бойынша енгізіледі және «Әуе дабылы тоқтатылды!» сигналының хабарлануымен тоқтатылады.

Қала көлігі, сондай-ақ оның қозғалысын реттеу құралы ішінара қараңғылау режимінде жарықпен бүркемелеуге жатпайды.

Толық қараңғылау режимінде қалалық жер бетіндегі көлік тоқтатылады. Оған жарық беретін оттар, сондай-ақ қозғалысты реттейтін құралдар өшірілуі тиіс.

Темір жол, әуе, автомобиль көлігін, теңіз және өзен көліктерін жарықпен бүркемелеу қалалық, ауылдық мекендерді және объектілерді жарықпен бүркемелеу сондай-ақ, көліктің тиісті түрлерінің жұмыс ерекшелігін ескере отырып әзірленген, жарықпен бүркемелеу жөніндегі ведомстволық нұсқаулықтар талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қорытынды

Сонымен, ЗСК зақымдаушы (қиратушы) факторларынан аумақты толық қанды қорғауды қамтамасыз ету үшін мыналарды білу қажет: азаматтық қорғанысты қандай соғысқа дайындайды?

Заманауи соғыстардың сипатын талдай келе, азаматтық қорғаныс ең алдымен соғыс нұсқасында қарапайым дәлме-дәл қаруды қолдануға ұйымдастырылуы және құрылуы тиіс. Бүкіл әлемде әскери сарапшылар осындай әскери сценарийлерін ұсынады.

Мұндай жағдайларда азаматтық қорғаныстың негізгі мақсаттары болып табылатындар:

- мемлекеттік және қорғаныс маңызы бар халықтар мен объектілерді барынша қорғауды қамтамасыз ету;

- мүмкіндігінше қысқа мерзімде аумақты және экономиканы қалпына келтіруге бейімдеу.

Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жататын (Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын қалалардан тыс орналасқан) ұйымдар үшін объекті құрылысының жобалау шекарасынан – 10 км.

Топқа жататын қала құрылыстың немесе Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жататын ұйымдардың жобалау шекарасы, жобалау нормасы талабына сәйкес әзірленген бекітілген бас жоба бойынша анықталады.

Топқа жататын қала құрылыстың немесе Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жататын ұйымдардың қирауы ықтимал аймағы, бұл аймаққа жақын жатқан 120 км кең жолақпен бірге қатты радиоактивті зақымдану (ластану) аймағын құрайды.

Қатты әсер ететін улы заттары бар қирауы ықтимал, қорғалмаған адамға зиян келтіретін шоғырланулар мен соңғы таралуы ықтимал химиялық қауіпті объектілерге жақын жатқан аумақ – ықтимал химиялық қауіпті зақымдау аймағын құрайды.

Болуы ықтимал су тасқыны нәтижесінде адамдар жаппай суға кетуі, ғимараттар мен құрылыстардың қирауы, басқа да материалдық құндылықтардың зақымдануы немесе жойылуы ықтимал аумақ, ықтимал апаттық су басу аймағын құрайды.

Ықтимал апаттық су басу аймағының мөлшері қалаларға және ауылдық мекендерге, объектілерге ғимараттар мен құрылыстарды салу үшін алаңдарды (жолдарды) іріктеу үшін материалдарды негіздеу кезінде анықталады.

Қираулар, химиялық зақымдаулар, апаттық су басу, радиоактивті және биологиялық зақымдаулар (ластанулар) ықтимал аймақтардан тыс орналасқан, облыстың әкімшілік шегіндегі аумақтары жергілікті және эвакуацияланған халықты халықтың тіршілік қарекеті үшін жарамды, қауіпсіз аймақты құрайды.

Қалалық, ауылдық мекендерді және шаруашылықпен айналысатын объектілерді жарықпен бүркемелеу.

Жарықпен бүркемелеу шаралары сондай-ақ ЗСҚ-дан аумақты қорғаудың құрамдас бөлігі болып табылады. Жарықпен бүркемелеу тәуліктің қараңғы кезінде көзбен байқау немесе көзге көрінетін сәулелену аймағына арналған оптикалық аспаптрады қолдану жолымен ауада жағдай жасау үшін қолданылады (0,40 – 0,76 микрометр).

Жарықпен бүркемелеу аймағына кіретін қалалық, ауылдық

Эвакуация. Дабылды естісімен, оқушылар мұғалімдеріне еріп бөлмелерден шығады, бір-бірден тізбектеліп эвакуация маршруты бойынша жинау пунктіне қарай жүреді. Одан әрі қарай сыныптар, түзу, өлшенген қадаммен жүреді, сынып журналын алып, мұғалім соңдарынан жүреді. Әрбір педагог өзінің сыныбының есігін жабуы тиіс және эвакуация жолындағы басқа ешкім пайдаланбайтын, ашық есіктерді де жаба кетеді.



Баспалдаққа шыққан кезде, бір сыныптың оқушылары баспалдақтың тіреу ұстағышынан бірдей ұстауы керек және топырлап жүгірмеуі тиіс, содан кейін түсу кезінде ұйымдасқан түрде, баспалдақтың тек қана бір жағымен жайлап түсу керек, баспалдақтың екінші жағынан өтетін жол қалдыру қажет, жекелеген оқушылар немесе бүкіл бір сынып бірін-бірі басып озуға жол бермеу қажет. Дабыл сигналы кезінде кім сыныпта жоқ болса, соның барлығы (мысалы, әжетханада, мұғалімдер бөлмесінде, дәлізде және т.б.), жиналып жатқан жерге барулары және өздерінің сыныптарына немесе топтарына қосылуы тиіс.

Жиналу. Жиналу орны алдын ала анықталады. Бұл орын олардың өмірін сақтап қалуды қамтамасыз ету үшін, мектеп ғимаратынан қауіпсіз қашықтықта болуы тиіс. Жиналу орнына келген кезде, әрбір жеке сыныптар мен топтардың адамдары өзінің алдын ала анықталған орынын білуі қажет және ешқайда кетпей сол жерде болуы керек.

Дауыстап түгендеу. Сыныптар жинау орнына келгеннен кейін бұрын сынып журналы бойынша өткізілетін, дауыстап түгендеу жылдам арада жүргізілуі тиіс. Әрбір мұғалім, сабақ өткізе отырып, өзінің сыныбы толық құрамда қатысып отырғанын директорға хабарлауы тиіс. Егер біреу қалып қалса, персонал шұғыл арада оны іздестіруді бастауы қажет – сонымен қатар балалар осы жерге тығылуы мүмкін деген бірде-бір орын қараусыз қалмауы тиіс. Өрт күзеті қарауыл бастықтары келісімен мектеп директоры қарсы алады және барлық адамдар қауіпсіз эвакуацияланды ма, соны хабарлайды.

Дауыстап түгендеу өткізу кезінде, яғни эвакуациялау кезінде балалардың есебінде келесідей сипаттағы мәселелер туындайды:

ҚР БҒМ 04.02.2018 жылғы № 58 «Білім беру қызметіндегі білім беру ұйымдары пайдаланатын қатал есептілік құжаттарын бекіту туралы» бұйрыққа сәйкес, оны жүргізу әрбір мұғалімге міндетті болып саналатын, сынып журналы мемлекеттік құжат болып табылады.



Мектептер электронды жүйеге енуі кезінде сынып журналы тек қана электронды форматта толтырылады, оны қағаз форматта толтыруға жол берілмейді. ТЖ туындауы кезінде (әсіресе өрт шығуы кезінде) мектептердің электронды құжаттарын қолдануы қажет.

сөндіріледі. Сөйтіп электронды сынып журналы қызмет істемейтін болады.

Сұрақ туындайды: Мұндай жағдайларда мектеп оқушыларын қандай тәсілмен дауыстап түгендеуге болады? Мұғалімдер, мектеп оқушылары түгел ме, ТЖ кезінде дер кезінде эвакуацияланып үлгірді ме, қалай білуге болады?

Әрине, электронды мектеп журналы – күнделікті мәселелер үшін де, мектеп үшін де, сондай-ақ ата-аналар мен оқушылар үшін де, оқу процесімен байланысты – күн сайынғы мәселелерді шешудің үздік тәсілі. Бағдарламамен жұмыс істеу кезінде және мұғалімді күнделікті операциядан босатуда уақыттың айтарлықтай үнемделетінін атап айтуға болады.

Бағдарлама тақырыптық жоспарлау процесін автоматтандырады және мұғалімге де, әкімшілікке де бағдарламаның барысын қадағалап отыруға және қажет болған жағдайда оны түзетуге мүмкіндік береді.

Айрықша көрінетін ерекшелігі бағдарлама жұмыстарын жергілікті де, интернет желісінде де жүзеге асыруға мүмкіндік бар.

«Электронды сынып журналы» енгізудің мақсаты оқушылардың сабақ үлгерімі есебі формасын қағаздан электронды нысанға біртіндеп ауыстыру, қолмен есептеу процесін автоматтандыру болып табылады. Алайда, мұндай журнал балалардың мектепке келуінің

АҚ бойынша аумақты аймаққа бөлу

Заманауи құралдардың зақымдаушы факторлары әсертететін аумақтың (қалалардың және объектілердің) азаматтық қорғаныс шараларын рациональды және дифференциалды орындау үшін аумақты аймаққа бөліп тексеру. Осылардың барлығы олардың мемлекеттік, қорғаныс маңызды және халықты тіршілікпен қамтамасыз етуге байланысты.

Азаматтық қорғаныс бойынша орындалатын міндеттердің көлеміне байланысты қалалар үшін келесідей топтар анықталады: айрықша, бірінші, екінші және үшінші.

Әлеуетті қауіп-қатерге байланысты, болуы ықтимал төтенше жағдайлардың әлеуметтік-экономикалық салдарларының көлемінің үлкендігі ұйымдар үшін азаматтық қорғаныс бойынша келесі санаттар анықталады: аса маңызды және санатталған.



Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын қалалардың немесе Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жататын ұйымдардың аумақтарындағы, заманауи соққы беру қаруларын қолданғаннан кейінгі ауа соққы толқыны майданындағы артық қысым, тең:

-10 кПа (0,1 кгс/см²) қирауы ықтимал аймақтарды құрайды;

-от 30 кПа (0,3 кгс/см²) қатты қирауы ықтимал аймақтарды құрайды.

Ықтимал қирау аумағының шекарасы мен қатты қирауы ықтимал аймақтардың шекаралары арасында жатқан аумақ әлсіз қирау аймағын құрайды.

Қатты қирауы ықтимал аймақтардың шекарасын құрылыс салуды жобалау шекарасынан алып тастау төмендегіше анықталады:

Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын қалалар үшін – қала құрылысы жобасы шегінде;

Азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жататын (Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын қалалардан тыс орналасқан) ұйымдар үшін – объекті құрылысының жобалау шекарасынан – 3 км.

Құрылысының жобалау шекарасынан әлсіз қирау аймағы шекарасын алып тастау төмендегіше анықталады:

Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын қалалар үшін – құрылыстың жобалау шекарасынан – 7 км;

халықтың тұтынуын, соның ішінде эвакуацияланатын, сондай-ақ ауыл шаруашылық жануарларын ауыз суымен қанағаттандыруға жеткілікті қарастырылады.

Халықты және ауыл шаруашылық малдарын сумен жабдықтауға арналған бар және жобаланған шахталық құдықтар және жер асты суларын алуға арналған басқа да құрылыстар, оларға радиоактивті қалдықтардың, уландырушы заттардың және биологиялық зақымдау құралдарының түсуінен қорғалады.

ЗСҚ-дан ауыл шаруашылық малдарын, мал өнімдерін және өсімдіктерді қорғау

Бұл шаралар сондай-ақ ҚР ИМ № 732 АҚ ИТМ бұйрығымен регламенттелген. Топтарға жататын қирауы ықтимал қалалардың және азаматтық қорғаныс бойынша санаттарға жататын ұйымдардың сыртында орналасқан аудандарда ауыл шаруашылық малдарын соғыс уақытында радиоактивті зақымданудан (ластанудан) қорғау қарастырылады.

Фермаларда және кешендерде жануарларды сумен қамтамасыз етуі үшін қорғалған су жинау скважинасы жабдыкталады. Резервтегі сумен жабдықтау ретінде қолда бар және жаңадан салынған шахталық құдықтар, сондай-ақ қорғалған резервуарлар қарастырылады.

Зақымданған (ластанған) малдарды ветеринарлық өңдеуден өткізу үшін фермаларда және кешендерде ветеринарлық өңдеу жүргізу үшін арнайы алаңдарды жабдықтау қарастырылады.

Мал шаруашылығы өнімдерін және өсімдік шаруашылығын, сондай-ақ базаларды, азық-түлік өнімдерін сақтайтын тоңызытқыштар мен қоймаларды қайта өңдеу бойынша қолданыстағы ұйымдарды жаңа жобалау және қайта құру, бұл өнімдерді аэрозолды радиоактивті және уландырушы заттардан, биологиялық құралдарды зақымданудан (ластанудан) қорғау қарастырылды.

Мал өнімдерін және өсімдіктерін өңдеу жөніндегі ұйымдардың құрылыстары мен өндірістік ғимараттардың қоршау, сондай-ақ оларды сақтауға арналған қоймалар аэрозолды радиоактивті және уландырушы заттарды, биологиялық құралдарды өткізбейтін осы конструкцияларды герметизациялау есебінен, қажетті тығыздықпен қамтамасыз етіледі.

қатал есебін алу үшін қажет, әсіресе ол ТЖ аймағынан балаларды эвакуациялау кезінде керек.

Аталған мәселелерді шешу жолдары

Бірінші, сабақ өткізетін әрбір мұғалім, мектеп оқушыларының қауіпсіздігі үшін жауап береді - ол тек қана оқушылардың ұйымдасқан түрдегі кездесуі үшін ғана емес, ТЖ кезінде мектеп ғимаратынан ұйымдасқан түрде эвакуациялауға да міндетті. Яғни, эвакуацияның барлық кезеңдерінде мектеп оқушыларының әрекеттеріне қатаң қадағалау жасауы тиіс: оқушыларды хабарландырудан бастап, құрылыс алаңына жиналғанға дейін.

Екінші, оларды қауіпсіз орынға алып шыққаннан кейінгі мектеп оқушыларының есебін алу кезіндегі басты рөл сынып мұғалімдеріне жүктеледі. Олар өзінің сыныбындағы әрбір оқушының түрін ғана емес атын да біледі. Сондықтан сынып жетекшісі жинау орнында жоқ балаларды жылдам анықтайды. Әрбір сынып жетекшісінің қолында «Техника қауіпсіздігі журналы» болады, онда қауіпсіздіктің барлық аспектілерін жеткізу жөнінде сынып сағатын өткізу белгіленеді. Жинау орнына балалардың келген келмегенін тексеру үшін, сынып жетекшілері «Техника қауіпсіздігі журналын» есептік құжат ретінде пайдаланады.

Үшінші, ҚР ИМ 2016 жылғы 29 қарашадағы № 1111 бұйрыққа сәйкес, білім беру объектілерінде **«Хабарландыру және басқару жүйелерін пайдалана отырып, адамдарды эвакуациялау бойынша объекті персоналдына жаттығу өткізу журналын»** жүргізу керек (Ерікті нысанда толтырылады. Ұсынылатын үлгі №2 қосымша). Бұл журналды тек қана өрт бойынша жаттығу жасау кезінде ғана емес, басқа да объектілі, сейсмо және сел жаттығуларын жүргізу кезінде де пайдалануға болады.

Төртінші, әрбір сыныптың мектеп оқушылары арасынан тағайындалатын староста бар. Старостаға сынып оқушыларының есебін, әсіресе ТЖ кезінде эвакуациялау кезіндегі есебін жүзеге асыру бойынша дағдылану қажет. Осы мақсатта оларға қолдарында сынып оқушыларының тізімі болуын міндеттеу. Сабақ жүріп жатқанда орын алған ТЖ-да сыныпты эвакуациялауды жүргізу кезінде, олар мұғалімнің белсенді көмекшілері болуға тиіс.

Бесінші, ТЖ-да сыныпты эвакуациялау кезінде әрбір сыныпты

жинауға арналған орын алдын ала анықталады. Егер әрбір сынып және әрбір оқушы жалпы кеңістіктегі өзінің белгілі бір орнын білетін болса, онда мұндай жағдайда қол астындағы мектеп оқушыларына тексеру жүргізу ұйымдасқан түрде өткізілетін болады. Жинау орнында болмағандар жылдам анықталады. Эвакуациялаудың мұндай тәртібі экстремальды жағдайларда мектеп оқушылары арасындағы шығын тәуекелдерін барынша азайтады.

Алтыншы, Алматы қаласындағы жалпы білім беретін мектептерде жаттығу кезінде балаларды мектеп ғимаратынан шығарғаннан кейін, балалардың бар-жоғын тексеру үшін жалаушалар немесе қызыл және жасыл түрдегі көрсеткіш тақтайшалар пайдаланылады. Дауыстап, түгендегеннен кейін сынып жетекшілері, барлық мектеп оқушылары жинау орнында екеніне көзі жеткеннен кейін, жасыл тақтайшаны көтереді. Бұл сыныптың барлық оқушысы ғимараттан шығарылды дегенді білдіреді.

Әлде кімнің жоқ екені анықталған жағдайда, қызыл тақтайшаны көтереді. Мұндай әдістеме процедураны жеңілдетеді және мектеп ғимаратынан алып шыққаннан кейінгі балаларды тексеру сапасын арттырады. Сонымен, мұндай әдістемемен жинау орнында жоқтарды жедел анықтауға болады. Мұндай жағдайда мектептің басшысы АҚ объектілі құрылымдарына жоғалған балаларды ізестіруге және құтқаруға бұйрық береді. Егер ТЖ орнына авариялық-құтқару құрылымдары келсе, онда мұндай ақпараттар АҚҚ командирлеріне хабарландырылады.

Алматы қаласының мектептерінің мұндай тәжірибелерін ҚР ИМ ТЖК «Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығы» ЖШС, елдің басқа білім беру мектептеріне жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу кезінде, сондай-ақ ТЖ туындау қаупі және туындауы кезінде пайдалануға ұсынады.

Ең бастысы – осы әрекеттердің барлығын әр түрлі жаттығулар мен үйренулер өткізу кезінде пысықтай түсуі қажет. Жаттығулар өткізу кезінде оның стереотипіне жол бермеу керек, өйткені нақты өрт немесе басқаша төтенше жағдайлардағы оқиғалар айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Мысалы, баспалдақтар түтін жапқандықтан немесе басқа да себептермен эвакуация кезінде пайдалануға жарамсыз болуы

- тамақтық шикі заттар;
- жем-шөп;
- жануарлар мен өсімдіктер

Су көздерін ЗСҚ-дан қорғау

Бұл шаралар ҚР ИМ 2015 жылғы 24 қазандағы №732 «АҚ инженерлік-техникалық шараларын ұстап тұру және көлемін бекіту» туралы (бұдан әрі – АҚ ИТМ №732 бұйрығы) бұйрығымен регламенттелген.

Азаматтық қорғаныс бойынша топтарға жататын немесе сол суды пайдаланатын қалалар немесе құрамында Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жататын ұйымдар бар қалалар, жаңадан жобаланатын немесе жаңартып жасалатын сумен жабдықтау жүйелері бойынша судың екі тәуелсіз көздерімен жабдыкталады, одлардың біреуі жер асты суы болып қарастырылады.

Сумен жабдықтау жүйелері тамақты қамтамасыз етуі мүмкін болмаған жағдайда бас құрылыстың екі тобы құрылғысымен екі тәуелсіз сумен жабдықтау көздері жіберіледі, олардың біреуі қатты қирауы ықтимал аймақтың сыртында орналасады.

Бас құрылыстың жиынтық қуаты бейбіт уақыттағы нормалар бойынша есептеледі. Бас құрылыстың бір тобы қатардан шыққан жағдайда қалған құрылыстың қуаты авариялық режим бойынша су берумен қамтамасыз етіледі.



Барлық бас құрылыс қатардан шыққан жағдайда немесе сумен жабдықтау көздері зақымданатын болса, халықты ауыз суымен кепілді қамтамасыз ету үшін, ауыз суының запасын құрумен резервуарлар қарастырылады.

Радиоактивті және уланушы заттардан ауаны тазарту үшін, ауыз суының резервуарлары сүзгі-сорғыштармен жабдыкталады, қатты қирауы мүмкін аумақтардың сыртында орналастырылады.

Сумен қамтамасыз ететін, орталықтандырылған электр энергиясымен жабдықтау тоқтатылған жағдайда, қауіпсіз аймақтағы сумен жабдықтаудың қорғалған объектілердің жалпы жобалық орындалуы,

құралдарының зақымдаушы (қиратушы) факторларына мынадай анықтама беріледі, бұл – зақымдаушы (қиратушы) факторларының құрылымдары және құралдары – адамдарды, малдарды және өсімдіктерді зақымдау немесе объектілерді қирату үшін, қайталама зақымдаушы факторлардың туындауына арналған, оған жаппай зақымдау құралдары және әдеттегі зақымдау құралдары, соның ішінде зымырандық, авиациялық және отты атқыш құралдары кіреді.

АҚ саласындағы ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес, Азаматтық қорғанысты жүргізуге дайындық бейбіт уақытта қаруларды, әскери техникаларды және соғыс уақытндағы қауіптерден халықты қорғау құралдарын дамытуды ескере отырып, алдын ала жүзеге асырылады.

Жаппай зақымдау құралдарына (бұдан әрі - ЖЗҚ) жататындар баршаға мәлім: ядролық, химиялық және биологиялық қарулар. Міне ЖЗҚ-ның негізгі зақымдаушы факторы осылар және олардың қоршаған ортаға, яғни аумаққа ететін ықпалы.

- Ядролық қарулар – соққы толқыны, жарық сәулеленуі, сіңірілетін радиация, радиоактивті ластану, электромагнитті импульстер;

- Химиялық қарулар – химиялық қауіпті заттар (улы газдар, токсиндер);

- Биологиялық қарулар – биологиялық қауіпті заттар, микроорганизмдер (спорлар, вирустер, бактериялар).

ЗСҚ-нан аумақты қорғау мәселелерін қарастыру кезінде ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңында қорғаудың бұл салалары азаматтық қорғаудың негізгі міндеттерінде көрсетілгенін атап айту керек.

Сонымен, соғыс уақытында аумақты қорғауды ұйымдастыру және жүзеге асыру кезінде негізгі назар келесі салалар мен экономика



түрлерін және тіршілікті қамтамасыз етуді радиоактивті, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) зақымданудан, эпизоотиядан және эпифитотиядан қорғауға арналады, бұл:

- азық-түлік;
- су көздері (шаруашылық және ауыз суы мақсаттарына арналған су қоймалары орны);

мүмкін. Оқу-үйрену эвакуациясын өткізгенге дейін – егер, мысалы, баспалдақпен жүру немесе эвакуациялаудың басқа жолдары қоршалған деп болжанса – ғимараттан қауіпсіз орынға алып баратын, соған балама қауіпсіз жолды міндетті түрде қарастыру керек. Эвакуация Жоспарында ғимараттан шығудың барлық жолдары көрсетілуі тиіс.

Қорытынды

Балалар және мектеп оқушылары – көптеген қауіп-қатерлерге қарсы тұра алмайтын, қоғамның ең әлсіз бөліктері.

Олардың тіршілік ету аясы отбасы, оқу, еңбек, спорт, демалыс болып табылады. Олардың әрқайсысы балалардың тағдырында өздеріне тән ерекше рөлдерді ойнайды. Оның үстіне, олардың әрқайсысында балаға тән нақты қауіп-қатерлер жатады.

Күнделікті қызметте және төтенше жағдайларда оқушылардың қауіпсіз мінез-құлқын оқыту, басшылар және білім беру мекемелерінің барлық педагогикалық құрамдары қызметінің маңызды бағыттарының бірі болуы тиіс.

Экстремалды жағдайларда әрекет етуге балалар кімнен соншалықты дайындалса, ол осы салада соншалықты білімді және тәлімгер болса, баланың және оның айналасындағы адамдардың қауіпсіздігі, денсаулығы, кейде тіпті өмірі соған байланысты болады.

Өйткені балалар біздің болашағымыз емес пе!

ТЖ туындауы және туындау қауіп-қатері кезінде жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын эвакуациялауды жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсыныстарға пайдаланылған нормативтік-құқықтық актілер және әдебиеттер:

1. 2014 жылғы 11-сәуірдегі ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңы;

2. ҚР ПМ 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 381 «Азаматтық қорғаныс саласында мамандарды және халықты оқыту, білімді насихаттау, ақпараттандыру ережесі (ҚР ПМ 14.11.2016 жылғы № 1057 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)» бұйрығы;

3. ҚР ПМ 2016 жылғы 29 қарашадағы «Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды автоматты өрт сөндіру және автоматты өрт сиг-

нализациясы, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау туралы» техникалық регламентті бекіту» жөніндегі №1111 бұйрығы;

4. ҚР БҒМ 04.02.2018 жылғы № 58 «Білім беру қызметіндегі білім беру ұйымдары пайдаланатын қатал есептілік құжаттарын бекіту туралы» бұйрығы;

5. 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 407 бірлескен бұйрықпен регламенттелген, ол «Оқу орнындағы оқушылар мен тәрбиеленушілердің қауіпсіз болуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар» (бұдан әрі – Ұсыныстар).

6. «Методические рекомендации по проведению классных часов по «ОБЖ» в общеобразовательных школах города Алматы», Управление образования г. Алматы, 2018 год.

7. «Бейбіт уақытта эвакуациялық шараларды өткізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстар», АҚ РОӨО, 2017 жыл.

ЗАМАНАУИ СОҚҚЫ БЕРУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЗАҚЫМДАУШЫ (ҚИРАТУШЫ) ФАКТОРЛАРЫНЫҢ ЫҚПАЛЫНАН АУМАҚТЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ШАРАЛАРЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ



Бейбіт Көбейсінұлы Еңсебаев – АҚ РОӨО директорының орынбасары

Төтенше жағдайлар және соғыс шиеленістері кезінде немесе осы шиеленістердің салдарларынан туындайтын қауіп-қатерден халықты және аумақты қорғау жөнінде жалпы мемлекеттік шаралар кешенін жүзеге асыру үшін елімізде азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі (АҚМЖ) құрылды. Яғни, аталған шаралар бейбіт уақытта да, соғыс уақытында да жүзеге асырылады.

Заманауи соққы беру құралдарының (бұдан әрі – ЗСҚ) зақымдаушы (қиратушы) факторларының ықпалынан халықты және аумақты қорғауға арналған АҚМЖ құрамдас бөлігінің бірі – Азаматтық қорғаныс болып табылады.

Сабақтарда, үйренулерде және жаттығуларда, ғылыми мақалаларда және оқу құралдарында Азаматтық қорғаныс бойынша негізінен халықты заманауи соққы беру құралдарының зақымдаушы (қиратушы) факторларының ықпалынан қорғау мәселесі қарастырылады. ЗСҚ зақымдаушы (қиратушы) факторларының ықпалынан қорғаудың негізгі үш тәсілі бар:

1. эвакуациялық шараларды ұйымдастыру және өткізу;

2. АҚ қорғаныс ғимараттарына халықты паналату;

3. Халықты жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету.

ЗСҚ-дан аумақты қорғау мәселесі ол екінші мәселе болып қалады. Бұл мақалада, біз Азаматтық қорғаныстың осы шараларының кейбір қырларын ашуға тырысамыз.

Заманауи соққы беру құралдары және олардың аймаққа ықпалы ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңында заманауи соққы беру

